

Әскерге шақырылушылар құқығына арналған заңдық көмекші құрал



**Елизавета Чмых
Др.Гражвидас Ясутис
Ребекка Микова
Ричард Стейн**

2020

САРАПТАМАДАН ӨТКЕН БАСЫЛЫМ

Әскерге шақырылушылар құқығына арналған заңдық көмекші құрал

- Елизавета Чмых (Elizaveta Chmykh)
- Др. Гражвидас Ясутис (Dr. Grazvydas Jasutis)
- Ребекка Микова (Rebecca Mikova)
- Ричард Стейн (Richard Steyne)
- Аударған: Бағлан Мизамхан

2020

Сараптамадан өткен басылым

ДСАҒ Қауіпсіздік секторын
басқару жөніндегі
Женева орталығы
20 ЖЫЛ



Schweizerische Eidgenossenschaft
Confédération suisse
Confederazione Svizzera
Confederaziun svizra

DCAF туралы

DCAF – Қауіпсіздік секторын басқару жөніндегі Женева орталығы демократиялық басқару, заң үстемдігі, адам құқығын құрметтеу мен гендерлік теңдік мәселесі аясында мемлекет пен оның халқының қауіпсіздігін арттыру ісімен айналысатын орган. DCAF серіктес мемлекеттер мен соларға қолдау білдіріп отырған халықаралық акторлардың инклюзивті және жергілікті реформалардың көмегімен қауіпсіздік секторын басқару ісін жетілдіруіне қолдау көрсете отырып, бейбітшілік пен тұрақты дамуға үлес қосып келеді. Ол инновациялық білім қорын құрып, нормалар мен алдыңғы қатарлы тәжірибені алға жылжытады, саясат пен юриспруденция мәселесі бойынша кеңес береді, сондай-ақ, мемлекеттік және мемлекеттік емес секторлардың әлеуетін арттыруға ықпал етеді. 70-тен астам мемлекетте қызмет ететін DCAF-ты әлемдік қауіпсіздік секторын басқару (SSG) мен қауіпсіздік секторын реформалау (SSR) саласындағы жетекші орталық деуге болады. DCAF нейтралитет, бейтараптық, жауапкершілік, инклюзивтілік және гендерлік теңдік принциптерін басшылыққа алады. Қосымша ақпаратты www.dcaf.ch сайтынан ала аласыздар.

Баспагер

DCAF - Қауіпсіздік секторын басқару жөніндегі Женева орталығы
(Geneva Centre for Security Sector Governance)

CH-1211 Geneva 1

Switzerland

info@dcaf.ch

+41 (0) 22 730 9400

Авторлар: Елизавета Чмых (Elizaveta Chmykh),

Др. Гражвидас Ясутис (Dr. Grazvydas Jasutis),

Ребекка Микова (Rebecca Mikova), Ричард Стейн (Richard Steyne)

Аударған: Бағлан Мизамхан (Baglan Mizamkhan)

Дизайн: Нурлан Субанкулов (Nurlan Subankulov)

ISBN: 92-9222-548-0

Алғыс

DCAF осы басылымды дайындау барысында көрсеткен жан-жақты қолдауы үшін Швейцария Конфедерациясының Қорғаныс, Азаматтарды қорғау және Спорт (DDPS) Федералдық министрлігіне алғыс білдіреді.

Ескерту

Бұл басылымда айтылған пікірлер авторларға тиесілі және ол Швейцария Конфедерациясының Қорғаныс, Азаматтарды қорғау және Спорт (DDPS) Федералдық министрлігі пікірі мен көзқарасын еш білдірмейді.

Бұл құжатта көрсетілген URL-адресстер басылым кезінде қолданылды. DCAF та, авторлар да бұл басылымда қолданылған кез келген URL-адресстің өзгеріп кетуіне жауапты емес.


©DCAF 2020. Барлық құқығық қорғалған.

Мазмұны

▪ Еуропа кеңесіне мүше мемлекеттер	viii
▪ Еуропа мен Орта Азиядағы әскери борышын өтеу міндетті мемлекеттер	ix
▪ Қысқартулар тізімі	x
▪ Алғы сөз	xi
▪ Кіріспе	xii
— Негізгі ұғымдар мен анықтамалар	1
▪ Құқық классификациясы	1
▪ Мемлекеттердің позитивті және негативті міндеттері	2
▪ Құқықты шектеу немесе оларды іске асыруға кедергі келтіру	3
▪ Пропорционалдылық	5
▪ Таңдау еркіндігі	6
▪ Әскери тәртіп	8
— Әскерге шақырылушылардың азаматтық және саяси құқығы	9
▪ Азаптайтын, адамшылыққа жатпайтын немесе адамның ар-намысын қорлайтын және өмір сүру құқығын шектейтін әрекетке тыйым салу	9
▪ Пікір білдіру бостандығы	23
▪ Мәжбүрлі немесе міндетті еңбекпен айналысуға тыйым салу	37
▪ Бостандық, жеке бас қауіпсіздігі және әділ сот төрелігі құқығы	43

▪ Пікір, ар-ұждан және діни сеніміне байланысты әскерге барудан бас тарту құқығы	55
▪ Жиын өткізу және бас қосу бостандығы	67
▪ Мүлік құқығы	74
▪ Жеке және отбасы өмірін құрметтеу және хат алысу құқығы	77
▪ Үйлену және от басын құру құқығы	81
— Әскерге шақырылушылардың экономикалық және әлеуметтік құқықтары	82
▪ Лайықты баспанаға және тұрғын үйге қол жеткізу құқығы	83
▪ Ар-намысы мен денсаулығын қорғау, жыныстық бопсалаудан азат болу және еңбек қауіпсіздігі құқығы	84
▪ Лайықты және жеткілікті тамақтану құқығы	89
— Ұсыныстар	90
— Қолданылған әдебиеттер тізімі	93
▪ Құқықтық құжаттар	93
▪ Сот тәжірибесі	95
▪ Басқа да дереккөздер	99

Еуропа Кеңесіне мүше мемлекеттер




■ 2020 жылдың қараша айындағы мәліметке сай, Адам құқығы мен негізгі бостандықтарды қорғау жөніндегі 1950 жылғы Конвенцияны ратификациялаған мемлекеттер.

Бұған қоса, Канада, Ватикан (Папа тағы), Япония, Мексика және АҚШ Еуропа Кеңесі бақылаушысы мәртебесіне ие.

- Албания
- Андорра
- Армения
- Австрия
- Әзербайжан
- Бельгия
- Босния және Герцеговина
- Болгария
- Хорватия
- Кипр
- Чех Республикасы
- Дания
- Эстония
- Финляндия
- Франция
- Грузия
- Германия
- Греция
- Венгрия
- Исландия
- Ирландия
- Италия
- Латвия
- Лихтенштейн
- Литва
- Люксембург
- Мальта
- Молдова Республикасы
- Монако
- Черногория
- Нидерланды
- Солтүстік Македония
- Норвегия
- Польша
- Португалия
- Румыния
- Ресей Федерациясы
- Сан-Марино
- Сербия
- Словакия
- Словения
- Испания
- Швеция
- Швейцария
- Түркия
- Украина
- Біріккен Корольдік

Еуропа мен Орта Азиядағы әскери борышын өтеу міндетті мемлекеттер



■ Әскери борышын өтеу міндетті мемлекеттер

- Австрия
- Армения
- Әзербайжан
- Беларусь
- Кипр
- Дания
- Эстония
- Финляндия
- Грузия
- Греция
- Қазақстан
- Қырғызстан
- Литва
- Молдова
- Норвегия
- Ресей Федерациясы
- Швеция
- Швейцария
- Тәжікстан
- Түркия
- Түркіменстан
- Украина
- Өзбекстан

■ Әскери борышын өтеу міндетті емес мемлекеттер

- Албания
- Андорра
- Бельгия
- Босния және Герцеговина
- Хорватия
- Чех Республикасы
- Франция
- Германия
- Венгрия
- Исландия
- Ирландия
- Италия
- Латвия
- Лихтенштейн
- Люксембург
- Мальта
- Монако
- Черногория
- Нидерланды
- Солтүстік Македония
- Польша
- Португалия
- Румыния
- Сан-Марино
- Сербия
- Словакия
- Словения
- Испания
- Біріккен Корольдік
- Ватикан

Қысқартулар тізімі

АХҚАХ	Адам және халықтар құқығы жөніндегі Африка хартиясы
АҚАК	Адам құқығы жөніндегі Америка конвенциясы
АҚК	Азаптауларға қарсы конвенция
ЕК	Еуропа Кеңесі
АҚЕК	Адам құқығы және негізгі бостандықтарды қорғау жөніндегі Еуропа Конвенциясы
МЕК	Мәжбүрлі еңбек жөніндегі Конвенция
АСҚХП	Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Халықаралық пакт
ХЕҰ	Халықаралық еңбек ұйымы
ДИАҚБ	ЕҚЫҰ демократиялық институттар және адам құқығы бюросы
ЕҚЫҰ	Еуропа Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (бұрынғы ЕҚЫК)
АҚЖБД	Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы

Алғы сөз


Қауіпсіздік секторын басқару саласындағы үздік әлемдік орталық ретінде DCAF – Қауіпсіздік секторын басқару жөніндегі Женева орталығы көп жылдар бойы әскери қызметкерлер құқығын қорғау ісімен айналысып келеді. Соңғы кезде әскери қауымның ішіндегі ең әлсіз қорғалған топ ретінде әскери борышын өтеушілерге ерекше көңіл бөлініп отыр. DCAF директоры ретінде, әскерге шақырылған тұлғалардың құқығын қорғауға қатысты халықаралық құқықтық құжаттар мен нормаларға жасалған талдаудан тұратын ең алғашқы заңдық көмекші құралды сіздерге таныстырып отырғанымға мақтанамын.

Бұл көмекші құрал Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясы кепілдік беретін құқықтар мен бостандықтарға ерекше көңіл бөледі және әскерге шақырылған тұлғалардың мұндай құқықтарының заңды түрде бұзылуы мен шектелу жағдайына талдау жасайды.

Адам құқығы жөніндегі Еуропалық сот пен осы сияқты басқа да институттардың құқықтық нормаларды қолдану тәжірибесін саралау барысында, біз әскерге шақырылған тұлғалар құқығы жөніндегі қандай да бір халықаралық декларативтік құжаттың болмауы мемлекеттердің құқықтарды өз бетінше анықтап, қорғауына жол ашатынына көз жеткіздік. Кей жағдайда бұл адам құқығы мен басқару принциптерін ұлттық тәжірибе мен заңнамада қолдануды шектеуге алып келеді.

Авторлардың көрсетуінше, ұлттық және халықаралық сот тәжірибесіне сүйенетін алдыңғы қатарлы тәжірибені қамтитын қандай да бір құжаттың болмауы мемлекет ішінде де, мемлекеттер арасында да түсінбеушілікке бастайды. Олай болса, бұл көмекші құралда мемлекеттік билік пен халықаралық қауымдастық үшін құқықтық режимдер, принциптер мен тәжірибелерге сүйене отырып, әскери борышын өтеушілердің құқығын қорғауға арналған ұсыныстар беріледі.

Бұл құрал әскери борышын өтеуге шақырылғандарды қолдауға және олардың құқығын қорғауға ат салысқысы келетін барлық тұлғаларға, соның ішінде, парламентарилер, мемлекеттік қызметкерлер, саяси қайраткерлер, халықаралық ұйымдар, әскери заң кеңесшілері, кәсіби әскер ұйымдары мен үкіметтік емес ұйымдарға арналады. DCAF бұл көмекші құрал әскери борышын өтеуге шақырылған тұлғалардың халықаралық заңға сәйкес иеленуі тиіс негізгі құқықтар мен бостандықтарға қол жеткізуіне барынша көмектесетініне сенеді.



Thomas Guerber


DCAF – Қауіпсіздік секторын басқару жөніндегі Женева орталығының директоры

Кіріспе

Қырғи қабақ соғыс аяқталғаннан кейін Еуропаның көп елінде міндетті әскери борышын өтеу ісі келмеске кетсе, Шығыс Еуропада, Оңтүстік Кавказ бен Орта Азияда (ШЕОКОА) әскерге шақыру әлі күнге дейін кең таралған. Әскерге шақыру ісі әлі де жалғасып келе жатқан мемлекеттер қатарына Арменияны, Әзербайжанды, Беларусьті, Грузияны, Қазақстанды, Қырғызстанды, Молдованы, Ресейді, Тәжікстанды, Түркіменстанды және Украина мен Өзбекстанды жатқызуға болады. Бұған қарамастан, әскери ортадағы ең әлсіз топ болып келетін әсерге шақырылушыларды заң жүзінде қорғау мәселесіне қатысты жүргізілген зерттеулер өте аз. Осыған байланысты, DCAF – Қауіпсіздік секторын басқару жөніндегі Женева орталығы директорының орынбасары ретінде Еуропа мен Орта Азиядағы серіктестер дайындаған бұл көмекші құралды назарларыңызға ұсыну мен үшін зор мәртебе.

Бұл көмекші құралда әскерге шақырылған тұлғаларды қорғауға және олардың негізгі бостандықтары мен құқықтарының сақталуына қатысты халықаралық-құқықтық құжаттар мен нормалар берілген. Көмекші құрал әскерге шақырылушылардың құқықтарын алға жылжытып, қорғауға және оны сақтауға ат салысып жүрген барлық жеке тұлғаларға арналғанымен, онда сондай-ақ, ШЕОКОА елдерінің нақты заңнамалық тәжірибесінің де берілуі оның бұл елдер үшін аса маңызды екенін білдіреді. Заңнамалық тәжірибелерді осылайша салыстыру ШЕОКОА елдерінің ұлттық заңнамасының бір-біріне еш ұқсамайтынын, ұлттық құқықтық тәжірибені халықаралық адам құқығы заңымен біріздендіру үшін бірқатар іс-шараларды атқару қажет екенін көрсетеді. Бұл әсіресе ШЕОКОА елдерінің көбі қол қойған Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясы кепілдік беретін құқықтар мен бостандықтарға қатысты.

Бұл құрал DCAF-тың әскерге шақырылған тұлғалардың құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғап, сақтау ісін алға жылжытуға белді бекем буып отырғанының көрінісі. Ең бастысы, бұл көмекші құрал әскерге шақырылған тұлғалар азамат ретінде өз құқықтарын толықтай игере алуы үшін мүдделі тараптар ұлттық және халықаралық деңгейде қажетті шараларды іске асыра алуына көмектеспек.



Darko Stančić

DCAF – Қауіпсіздік секторын басқару жөніндегі Женева орталығы
директорының орынбасары,

Еуропа және Орта Азия бөлімінің жетекшісі

Негізгі ұғымдар мен анықтамалар

Құқық классификациясы

Адам құқығы мен негізгі бостандықтарды қорғау жөніндегі Конвенция (ары қарай Конвенция) кепілдік беретін құқықтарды классификациялау тәсілдері көп болғанымен, төменде берілген категориялар адам құқығы қай кезде бұзылатынын және қай кезде одан бас тартуға болатынын көрсетеді. Конвенцияда берілген құқықтарды мына категорияларға бөліп көрсетуге болады:

Абсолютті құқықтар: мемлекеттік органдар міндеттерінен соғыс кезінде де, елдегі басқа да төтенше жағдайлар кезінде де бас тарта алмайды. Олар сондай-ақ, екі абсолютті құқықты салыстыру қажет болған кезден басқа кезде абсолютті құқықты жеке адамдар құқығымен немесе әлеуметтік мүддемен салғастыра алмайды.¹ Конвенцияда көрсетілген төрт құқықты абсолютті деуге болады, яғни оларды шектеуге немесе оларға тыйым салуға жол жоқ. Олар: азаптаудан, адамшылыққа жатпайтын немесе адамның ар-намысын қорлайтын жаза түрінен азат болу құқығы (3 бап), құлдықта немесе басқаларға бағынышты болмау құқығы (4(1) бабы), орын алған кезде қылмыс ретінде танылмаған әрекет үшін сотталмау құқығы және жасалған қылмысқа сай келмейтін ауыр жазадан азат болу құқығы (7 бап).² Бірқатар ерекшеліктерге байланысты өмір сүру құқығы абсолютті деп саналмағанымен, бұл құқық шектеуге келмейтін басқа да құқықтармен қатар 15(2) бабындағы құқықтар тізіміне де енгізілген.³

1 Корольдік прокуратура қызметі. 2019. Адам құқығы және қылмыстық қудалау: Жалпы қағидалар (Құқықтық нұсқаулық). <https://www.cps.gov.uk/legal-guidance/human-rights-and-criminal-prosecutions-general-principles>.

2 Jean-François Renucci. 2005. Introduction to the European Convention on Human Rights – The rights guaranteed and the protection mechanism (Council of Europe Publishing). [https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-01\(2005\).pdf](https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-01(2005).pdf)

3 Сонда.

Шектеулі құқықтар: Абсолютті құқықтар сияқты шектеулі құқықтарды да басқа тұлғалар құқығымен немесе әлеуметтік мүддемен салыстыруға болмайды. Дегенмен, соғыс кезінде немесе елдегі төтенше жағдайларға байланысты бұл құқықтарды шектеуге болады.⁴ Мұндай құқықтарға бостандық және жеке бас қауіпсіздігі (5 бап), сондай-ақ, әділ сот төрелігі (6 бап) құқығын жатқызуға болады.

Шартты құқықтар: мемлекеттік органдар шартты құқықтарды шектеуге негіз бар болса, сондай-ақ, солай жасау қажеттігі туындаса ғана шектей алады. Шартты құқықтар дегеніміз, басқалардың құқығын немесе әлеуметтік мүддені қорғау үшін шектелетін құқықтар. Әдетте, құқық жайлы айтылған баптың екінші бөлігінде әлеуметтік мүддені қорғау мақсатында мемлекеттік органдардың бұл құқықты заңды түрде шектеуіне мүмкіндік беретін негіздеме беріледі.⁵ Шартты құқыққа жеке және отбасылық өмірді құрметтеу құқығы (8 бап), дінін немесе сенімін уағыздау бостандығы (9(1) бабы), пікір бостандығы құқығы (10 бап) және жиын өткізіп, бас қосу бостандығы (11 бап) жатады.

Мемлекеттердің позитивті және негативті міндеттері

Мемлекеттердің атқаратын міндеттеріне қарай, олардың адам құқығы мәселесіне қатысты қабылдайтын іс-шараларын анықтауға болады. Осыған байланысты, олардың міндеттерін позитивті және негативті деп бөлуге болады. Позитивті міндеттер Конвенцияға сай адам құқығын қорғау үшін мемлекеттік органдардың қандай да бір іске белсене араласуын білдірсе, негативті міндеттер бұл құқықтарды іске асыруға мемлекеттердің орынсыз араласуына тыйым салады.⁶ Конвенцияда көрсетілген құқықтардың көбін негативті міндетке жатқызуға болады. Позитивті міндеттердің көбі Конвенцияда ашық көрсетілмегенімен, оларды Адам құқығы жөніндегі Еуропа сотының (ары қарай – Сот) сот тәжірибесіне сай түсіндіруге болады.

4 Корольдік прокуратура қызметі. 2019. Адам құқығы және қылмыстық қудалау: Жалпы қағидалар (Құқықтық нұсқаулық). <https://www.cps.gov.uk/legal-guidance/human-rights-and-criminal-prosecutions-general-principles>

5 Сонда.

6 Jean-François Akandji-Kombe. 2007. Positive obligations under the European Convention on Human Rights: A guide to the implementation of the European Convention on Human Rights. <https://rm.coe.int/168007ff4d>.

7 Сонда, 7 б.

Позитивті міндеттер көп жағдайда мемлекеттер іске асыруы қажет талаптарды толықтырып отырады.⁷ Айталық, азаптауға тыйым салу мемлекеттер үшін позитивті де, негативті де міндеттемеге жол аша алады. Негативті міндеттер мемлекеттерден адамды азаптау әрекетінен аулақ болуын талап етсе, позитивті міндеттер мемлекеттердің бұл құқықты толығымен іске асыру үшін іс-шаралар қабылдауын талап етеді. Мұндай іс-шараларға мемлекеттік органдар тарапынан ғана емес, сондай-ақ, басқа жеке тұлғалар тарапынан болатын азаптау әрекетінен қорғайтын құқық нормалары және адамшылыққа жатпайтын жағдайларды тексеретін процессуалдық міндеттер жатады (мысалы, кінәлілерді тауып, жазалайтын сәтті аяқталған ресми тергеу-тексеру жұмыстары).⁸

Құқықты шектеу немесе оларды іске асыруға кедергі келтіру

Жалпы алғанда, Конвенцияда көрсетілген құқықтарды шектеу немесе олардың іске асырылуына кедергі келтіруді 18 бап реттейді. Бұл бапқа сай, «Көрсетілген құқықтар мен бостандықтарға қатысты бұл Конвенция рұқсат беретін шектеулерді осында көрсетілген жағдайлардан басқа мақсатта қолдануға болмайды». Бұл бап Конвенциядағы құқықтар мен бостандықтарға арналған ережелерді толықтыруы шарт.⁹

Құқықты іске асыруға кедергі келтіруді адам құқығын бұзу деуге бола ма әлде жоқ па деген сұраққа жауап беру үшін келесі сызбаны қолдануға болады. Бұл сызба негізінен Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясының 8-11 баптарына қатысты қолданылады:

1. Бұл кедергі заңда қарастырылған ба? Қарастырылған болса,
2. Бұл кедергі осы бапта көрсетілген мақсаттардың біріне сай келе ме? Сай келсе,
3. Бұл кедергі демократиялық қоғам үшін қажет пе және ол қаншалықты пропорционалды? Қажет болса,
4. Бұл кедергіге кемсіту сипаты тән бе?

Кедергі адам құқығын бұзды ма әлде жоқ па дегенді анықтау үшін, Сот жоғарыда келтірілген сұрақтардың барлығын жеке-жеке қарастыруы керек.¹⁰

8 Aisling Reidy. 2002. The prohibition of torture. A guide to the implementation of Article 3 of the European Convention on Human Rights. <https://rm.coe.int/168007ff4c>

9 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2018. Адам құқығы жөніндегі Еуропа Конвенциясының 18 бабын іске асыруға арналған нұсқаулық. https://www.echr.coe.int/Documents/Guide_Art_18_ENG.pdf.

10 Әдетте, сотқа жүгінуші 14 бапқа сүйенбеген жағдайда Сот өздігінен 4 сұрақты қарастырмайды. Конвенцияда оның басқа да баптарында қарастырылған құқықтар мен бостандықтарды іске асыру кезінде кемсітушілікке жол бермеу керектігі нақты көрсетілген, сондықтан, 4 сұраққа оң жауап беру 14 баптың бұзылғанын білдіреді.

Басқы үш сұрақтың кез келгеніне «жоқ» деген жауап беріліп, соңғы, төртінші сұраққа «иә» деп жауап берген жағдайда, кедергіні заңсыз деп тауып, Конвенцияны бұзды деп есептейді. Бұл сызбаның бірінші тармағын «заң үстемдігін тексеру», екінші және үшінші тармағын «демократиялық қоғамға қажеттілігін тексеру» деп атаса, төртінші тармақ 14 бапқа қатысты (кемсітушілікке тыйым салу).

Кедергі «заңда қарастырылуы қажет» немесе «заңға сәйкес іске асуы керек» деген шарт ұлттық заң шығарушы немесе сот органдардың жеткілікті негізсіз адамдардың құқықтарын іске асыруына араласу мүмкіндігін шектейтінін білдіреді.¹¹ Құқықты іске асыруға кедергі келтіру «заңда қарастырылса ма?» немесе «заңға сәйкес пе?» дегенді білу үшін Сот төмендегі қосымша сұрақтарды қояды: Мемлекеттік құқықтық жүйе мұндай құқығықбұзуды құптай ма? Кез келген азамат бұл құқықтық норманы пайдалана ала ма? Бұл құқықтық норма кез келген азаматтың іс-әрекетінің салдарын айқын сезінуіне көмектесерліктей нақты ма? Заң жеткілікті негізсіз материалдық құқықты іске асыруға кедергі келтіруден қорғай ала ма?¹²

«Кедергі демократиялық қоғам үшін қажет пе еді?» деген сұрақ кедергінің қаншалықты заңды екенін анықтауға нақты көмектесе алмайды. Оның мақсатқа сай келуі жеткіліксіз. Кедергіні тек бір немесе бірнеше заңды мақсатқа сай келетін аса маңызды әлеуметтік қажеттілік қана ақтап ала алады.

Мұндай қажеттілік бар ма деген сұрақтың жауабы іске қатысты нақты деректерге және сол кездегі ел жағдайына байланысты.¹³ Мемлекеттің қаншалықты ақылға сыйымды, абайлап және адал әрекет еткенін ғана емес, сондай-ақ, шектеулердің қаншалықты пропорционалды және нақты да жеткілікті себептерге сүйенгенін де анықтаған жөн.¹⁴ Төменде көрсетілгендей, қажеттілік пен пропорционалдылық өзара тығыз байланысты, себебі Сот алға қойған мақсатқа жетудің бұдан басқа шектеусіз тәсілдері бар ма деген мәселені де қарастырады.

Шартты құқықты іске асыруға кедергі келтіру қаншалықты заңды екенін анықтаудың келесі критеріі бұл кедергі кемсітуге қаншалықты жол береді дегенмен байланысты. Жынысы, нәсілі, терісінің түсі, тілі, діні, саяси немесе басқа да сенімдері, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, азшыл топқа жатуы, мүлік жағдайы, туғаны немесе басқа да белгілерге қатысты кемсітуге Конвенцияның 14 бабы тыйым салады. Бұл бап жеке берілмейді, тек Конвенцияның негізгі қағидаларын толықтырып тұрады.

11 Steven Greer. 1997. The exceptions to Articles 8 to 11 of the European Convention on Human Rights (Council of Europe Publishing). [https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-15\(1997\).pdf](https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-15(1997).pdf), p 9.

12 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Круздлен Францияға қарсы» ісі (11801/85), 24.04.1990. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-57626>, 27–36 параграфтар.

13 Steven Greer. 1997. The exceptions to Articles 8 to 11 of the European Convention on Human Rights (Council of Europe Publishing) [https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-15\(1997\).pdf](https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-15(1997).pdf)

14 Сонда.

Осылайша, оны құқық пен бостандыққа қатысты кез келген баптың ажырамас бөлігі деуге болады.¹⁵ Бұл бапты негізгі қағидалармен байланыстыра қарастырғанымен, ол материалдық құқықты бұзуға болады дегенді білдірмейді.¹⁶ Демек, шартты құқықты іске асыруға кемсіту көзқарасы тұрғысынан кедергі келтіруді Конвенция кепілдік беретін құқықтарды бұзу деуге болады.

Пропорционалдылық

Пропорционалдылық концепциясы – Конвенцияның басты тақырыбы.¹⁷

Пропорционалдылық доктринасы кейде бір-біріне қайшы келіп жататын әлеуметтік мүдде мен Конвенцияда көрсетілген негізгі адам құқықтары арасында ортақ шешімге қол жеткізуде маңызды рөл атқарады.¹⁸

Пропорционалдылық бірнеше түрде көрініс табады: қажет болған қандай да бір шараның құрамдас бөлігі ретінде (2 және 8–11 баптар), адамдармен түрліше қарым-қатынас жасаудың объективті және ақылға қонарлықтай түсіндірмесі контекстінде (14 бап) немесе мемлекеттердің әрекет етуге қатысты позитивті міндеттерін анықтау негізінің бір бөлігі ретінде.¹⁹ Демек, пропорционалдылық алға қойған мақсат пен сол мақсатқа қол жеткізу құралдары арасында лайықты байланыс болуын, сондай-ақ, арызданушы мен әлеуметтік мүдде арасында тепе-теңдік болуын талап етеді.²⁰

Бұдан шығар қорытынды, «пропорционалдылық принципі қарастырылып жатқан әрекет немесе кедергіге деген «айтарлықтай әлеуметтік қажеттіліктің» болуын, сондай-ақ, оның алға қойған мақсатқа сай келуін талап етеді».²¹ Қандай да бір әрекеттің пропорционалдығын бағалауда келесі аспектілерді ескерген жөн: әлеуметтік мүддені қандай да бір кедергісіз немесе аз кедергіні талап ететін құралдар көмегімен қорғаудың балама тәсілі бар ма; кедергі келтіру себебі оны ақтауға «жеткілікті» ме немесе ол үшін «маңызды» ма; кедергі келтіретін шараға алып келетін шешімді қабылдау процессі әділ ме; билік қабылдаған шараларды бақылаудың тиімді механизмі бар ма.²²

15 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2020. Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясының 14 бабы мен Конвенцияның 12 Хаттамасының 1 бабын қолдануға арналған нұсқаулық. https://www.echr.coe.int/Documents/Guide_Art_14_Art_1_Protocol_12_ENG.pdf

16 Сонда.

17 Karen Reid. 2015. A Practitioner's Guide to the European Convention on Human Rights (5th Edition, Sweet and Maxwell), p.75.

18 Корольдік прокуратура қызметі. 2019. Адам құқығы және қылмыстық қудалау: Жалпы қағидалар (Құқықтық нұсқаулық). <https://www.cps.gov.uk/legal-guidance/human-rights-and-criminal-prosecutions-general-principles>.

19 Karen Reid. 2015. A Practitioner's Guide to the European Convention on Human Rights (5th Edition, Sweet and Maxwell), p.75.

20 Сонда.

21 Phillip Leach. 2017. Taking a Case to the European Court of Human Rights (4th edition, Oxford), p. 188.

22 Сонда.

Таңдау еркіндігі

«Таңдау еркіндігі» ұғымы мемлекеттік органдар Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясына сай міндеттерін іске асыруы үшін Страсбург институттары оларға ұсынып отырған маневрлік кеңістік. Бұл термин Конвенция мәтінінде де, дайындық құжаттарында да кездеспейді. Ол алғаш рет 1958 жылы Кипрде адам құқығының бұзылу ықтималдығына байланысты Грецияның Біріккен Корольдікке қарсы қозғаған ісі бойынша дайындалған Адам құқығы жөніндегі Еуропа комиссиясы баяндамасында қолданылды.²³ «Әкімшілік-құқықтық ықпал ету шараларын сотта қайта қарау жөніндегі мемлекеттің ішкі сот тәжірибесіне сүйене отырып, 5 бапқа сай төтенше жағдай кезінде Конвенция қағидаларынан бас тарту мәселесін қарастыру мақсатында жасалған бұл доктрина алғаш рет Страсбургте қабылданған болатын. Кейіннен ол осы қағидада көрсетілген дағдарыс анықтамасына сай келмегендіктен, оны «төтенше» жағдайларға ғана қатысты қолдана бастады. Содан бері ол Конвенцияның барлық бөліміне «кең таралып», қазіргі кезде «Страсбург прецеденттік құқығының негізгі тармақтарының біріне айналды».²⁴ «8-11 баптарда көрсетілген пропорционалдылық концепциясымен қатар, таңдау еркіндігі басқа да контексте кеңінен қолданылады. Айталық, 5 бап (мысалы, «есі ауысқан» жеке тұлғаны қамауға алу керек пе, әлде жоқ па деген мәселеге қатысты шешім қабылдау кезінде), 6 бап (мысалы, сотқа шағымдану құқығын шектеу мәселесін қарастыру кезінде), 14 бап (өзара ұқсас жағдайлар арасында айырмашылықтың болуы басқа заң тармағын қолдану мүмкіндіне қаншалықты жол ашатынын анықтау кезінде), 15 бап (төтенше жағдай орын алды ма дегенді бағалау кезінде), №1 Хаттаманың 1 бабы (мысалы, адамдардың мүлік құқығын бақылау үшін билік органдарының заңға жүгіну құқығын бағалау кезінде), №1 Хаттаманың 2 бабы (мысалы, мемлекеттік мектептерге крест тағып келу білім алу құқығына қалай әсер етеді деген мәселені қарастыру кезінде) және №1 Хаттаманың 3 бабы (мысалы, дауыс беру және сайлауға түсу құқығының шектелу жағдайын бағалау кезінде)».²⁵

Аарон Островскийдің (Aaron Ostrovsky) пікірінше, Конвенция аясында жасалған доктринаның мәтіндік негізі жоқ, ол ең алдымен адам мен қоғам арасындағы құндылықтар шиеленісін ретке келтіру мақсатында және әр топ жергілікті деңгейде шеше алатын, сондай-ақ, мәдениет айырмашылығына қарамастан әр мемлекет ортақ талап қоюы қажет сұрақтарды Соттың шектеуіне көмектесу үшін жасалған.²⁶

23 Steven Greer. 2000. The Margin of Appreciation: Interpretation and Discretion under the European Convention on Human Rights (Council of Europe Publishing). Available from: [https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-17\(2000\).pdf](https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-17(2000).pdf)

24 Steven Greer. 2000. The Margin of Appreciation: Interpretation and Discretion under the European Convention on Human Rights (Council of Europe Publishing). Available from: [https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-17\(2000\).pdf](https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-17(2000).pdf).

25 Phillip Leach. 2017. Taking a Case to the European Court of Human Rights (4th edition, Oxford), p. 189.

Қалай болғанда да, Адам құқығы мен негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Конвенцияға өзгертулер енгізу туралы №15 Хаттамаға сәйкес, Конвенция кіріспесіне субсидиарлық қағидасы мен таңдау еркіндігі доктринасы енгізілді.²⁷

Негізінде, мемлекеттерге өз міндеттерін орындау жолдары мен тәсілдерін таңдау мүмкіндігі берілуі керек. Осыған байланысты, даулы шешім немесе шара пропорционалдылығын бағалауға қатысты Сот қызметі бастапқы кезде қандай да бір қабылданған шешімді әділ деп қабылдауға бола ма деген сұраққа жауап берумен ғана шектелетін.²⁸ Алайда, соңғы кездері Сот тәсілін сәл өзгертіп, алға қойған мақсатқа жету үшін балама тәсілдерді қолдану мүмкіндігін де қарастыра бастады.²⁹ Таңдау еркіндігінің ауқымы бірнеше құқықтық факторға байланысты. Айталық, таңдау еркіндігі бас тартуға болмайтын 2-4 баптарға қолданылмағанымен, ол—8-11 баптарға сай пропорционалдылық контекстінде жеке құқық пен әлеуметтік мүдде арақатынасын бағалауға қолданылатын маңызды аспект. Демек, пропорционалдылықты таңдау еркіндігінің маңызды аспектісі деуге болады, өйткені Сот арызданушы құқығын толық қолдануға мүмкіндік бермейтін балама тәсілдер бар немесе жоқ екенін тексереді, бар болған жағдайда ол қарастырылып отырған шара пропорционалды бола алмайды деген шешім шығарады.³⁰

Қай кезде қандай таңдау еркіндігі берілгенін анықтау мақсатында Сот тәжірибесін талдаған әдебиеттерде төменгі қосымша факторлар жайлы айтылады: «бұл тәжірибе басқа қатысушы мемлекеттерде кең таралған ба; нақты құқыққа тән маңызды ерекшеліктер; кедергі сипаты (және оған себеп), Конвенцияның нақты ережесінің мәтіні және контекст, айталық, төтенше немесе әлеуметтік мүддеге қайшы келетін және/немесе нақты өзекті жағдай орын алды ма, қабылданып жатқан шара Конвенцияға сай балама шара бола ала ма және дәлелге негізделген шешім шығару үшін техникалық тәжірибе немесе жергілікті жағдайды нақты білу қажет пе».³¹

26 Aaron A. Ostrovsky. 2005. What's so Funny about Peace, Love, and Understanding? How the Margin of Appreciation Doctrine Preserves Core Human Rights within Cultural Diversity and Legitimises Inter- national Human Rights Tribunals, *Hanse Law Review*, Vol. 1, p. 47.

27 №213 Келісім туралы нақты ақпарат, Адам құқығы мен негізгі бостандықтарды қорғау туралы Конвенцияға өзгертулер енгізу туралы №15 Хаттама. <https://www.coe.int/en/web/conventions/full-list/-/conventions/treaty/213>

28 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Хаттон және басқалары Біріккен Корольдікке қарсы» ісі. (36022/97), 08/07/2003. <http://hudoc.echr.coe.int/eng/?i=001-61188>, 123 п.; Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Джеймс және басқалары Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (8793/79), 21/02/1986. <http://hudoc.echr.coe.int/eng/?i=001-57507>.

29 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Сейдич (Sejdić) және Финчи (Finci) Босния мен Герцеговинаға қарсы» ісі (27996/06 и 34836/06), 22.12.2009. <http://hudoc.echr.coe.int/en-g?i=001-96491>, 48 п.

30 Karen Reid. 2015. *A Practitioner's Guide to the European Convention on Human Rights* (5th Edition, Sweet and Maxwell), p. 76.

Әскери тәртіп

Әскери тәртіп дегеніміз, әскери қызмет туралы ережелер мен жарғылардан тұратын, әскерлерді горнизонда немесе соғыс жағдайында басқаруға арналған нұсқаулықтар жиынтығы.³² Соттың әскери тәртіптің маңызын мойындауы Конвенцияның нақты қағидасының әскерге шақырылған тұлғалар мен азаматтық тұлғаларға қатысты түрліше қолданылуымен тығыз байланысты. Айталық, «Энгел (Engel) және басқалары Нидерландыға қарсы» ісіне³³ қатысты шешім шығару кезінде Сот 10 бапта көрсетілген пікір білдіру құқығы әскери қызметкерлермен қатар Келісуші мемлекеттер юрисдикциясына қарайтын басқа да тұлғаларға қатысты екенін атап өтеді. Қалай болғанда да, «армияның дұрыс қызмет етуін әскери қызметкерлердің әскери тәртіпті бұзуына жол бермейтін құқықтық нормаларсыз елестету мүмкін емес».³⁴ Сот талдауынан өткен әскери тәртіп рөлін төменде назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Оған дейін Сот сондай-ақ, «әскери мәнсапты таңдап ала отырып, арызданушы өз еркімен әскери тәртіп жүйесімен келіскенін, ал бұл азаматтық тұлғаға жатпайтын әскери қызметкерлердің кей құқықтары мен бостандықтары шектеледі дегенді білдіретінін, ал мемлекеттер армиясы үшін әскери қызмет талабын білдіретін қабылданған тәртіпке қатысты негативті көзқарас сияқты мінез-құлық түрлеріне шектеу қоятын тәртіп ережелерін белгілей алатынын» атап өткен-ді.³⁵ Бұл – әскери қызметтің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде, әскери тәртіпке сай кей құқықтың қолданылуы мен оны шектеу тәсілі азаматтық жағдайдан өзгеше екенін білдіреді.

31 Steven Greer. 2000. The Margin of Appreciation: Interpretation and Discretion under the European Convention on Human Rights (Council of Europe Publishing). Available from: [https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-17\(2000\).pdf](https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-17(2000).pdf). p.7

32 Guillaume Le Blond. 2008. Military Discipline. Available from: <http://hdl.handle.net/2027/spo.did2222.0000.967>.

33 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Энгел (Engel) және басқалары Нидерландыға қарсы» ісі. (5100/71; 5101/71; 5102/71; 5354/72; 5370/72), 08.06.1976. <http://hudoc.echr.coe.int/tur?i=001-57479>

34 Еуропа кеңесі. 2013. Ұлттық қауіпсіздік және Еуропа сот тәжірибесі. https://www.echr.coe.int/Documents/Research_report_national_security_ENG.pdf 18 б., 52 п.

35 Еуропа Кеңесі. 2013. Ұлттық қауіпсіздік және Еуропа сот тәжірибесі. https://www.echr.coe.int/Documents/Research_report_national_security_ENG.pdf, 24 б., 70 п.; мысалға Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Калаш (Калаш) Түркияға қарсы» ісін қараңыз (20704/92), 01.07.1997. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58042>

Әскерге шақырылушылардың азаматтық және саяси құқығы

Азаптайтын, адамшылыққа жатпайтын немесе адамның ар-намысын қорлайтын және өмір сүру құқығын шектейтін әрекетке тыйым салу

1. Сипаттамасы және құқықтық құжаттар

Азаптауға, адамшылыққа жатпайтын немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттерге немесе жазаға тыйым салу өмір сүру құқығынан өзгеше. Соған қарамастан, әскери борышын өтеп жүріп өлген адамға қатысты істі қарастыру барысында сот әдетте, азаптау немесе адамшылыққа жатпайтын қатыгез әрекеттер орын алғанын немесе алмағанын анықтауға тырысады. Ал, Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты екі құқықты да сот тәжірибесінің көбінде қолданады. Демек, азаптауға қатысты келіп түскен шағымдарды қарастыру барысында Сот мемлекеттің өмір сүру құқығына қатысты позитивті немесе негативті міндетін бұзған немесе бұзбағанын анықтауға тырысады.³⁶

Азаптауға қарсы конвенция³⁷ (АҚК) азаптауға «адамды өзі немесе басқа адам жасаған немесе жасауы мүмкін қылмыс үшін жазалау, адамның өзінен немесе үшінші адамнан мәжбүрлі түрде мәлімет алу немесе оларды мойындату, сол адамды немесе үшінші адамды қорқытып, үркіту және кемсіту әрекетіне жол бере отырып, мемлекеттік лауазымды тұлғаның немесе мемлекет атынан немесе олардың қолдауымен немесе олардың рұқсатымен немесе үнсіз келісіміне сай әрекет етіп отырған ресми тұлғаның қандай да бір тұлғаны әдейі қинап, азаптауы, физикалық немесе моральдық тұрғыдан

36 Адам құқығы жөніндегі Еуропа сотын қараңыз. «Мосендз (Mosendz) Украинаға қарсы» ісі (52013/08), 17.04.2013. <http://hudoc.echr.coe.int/fre?i=001-115887> 115 п.; Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Мурадян (Muradyan) Арменияға қарсы» ісі (11275/07), 24.02.2017. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-168852> 161 п.

37 Азаптауға және басқа да қатыгез, адамшылыққа жатпайтын немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттерге немесе жазаға қарсы Конвенция (1984 ж. 10 желтоқсанында қабылданып, 1987 жылдың 26 маусымында күшіне енді).

жазалауы» деген анықтама береді.³⁸ АҚК міндеттемелерінің сондай-ақ, басқа да қатыгез, адамшылыққа жатпайтын немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттерге, яғни осы бапта «мемлекеттік лауазымды тұлға немесе ресми тұрғыдан немесе солардың қолдауымен немесе олардың рұқсатымен немесе үнсіз келісіміне сай әрекет етіп отырған басқа тұлғаның мұндай әрекетке баруы» деп көрсетілген басқа да әрекеттерге қатысы бар.³⁹

Азаптауға тыйым салу туралы көптеген халықаралық құжаттарда, атап айтсақ, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (АҚЖБД),⁴⁰ Азаматтық және саяси құқық жөніндегі Халықаралық пакт (АСҚХП)⁴¹ және АҚК көрсетілген. Азаптауға міндетті түрде тыйым салу келісімдермен ғана шектелмейді, себебі ол – қарапайым халықаралық құқықтың құрамдас бөлігі, сондықтан да оны Халықаралық сот мойындайды.⁴² Сондай-ақ, азаптауға халықаралық құқықтың императивтік нормасы да тән (*jus cogens*),⁴³ басқаша айтсақ, иерархиялық тұрғыдан ол басқа да халықаралық және ұлттық заңнамалармен салыстырғанда артықшылыққа ие және одан бас тартуға болмайды, сондықтан да ол – *erga omnes*, яғни халықаралық қауымдастық алдында барлық мемлекет бұл міндеттерді орындауға міндетті.⁴⁴ Сондай-ақ, адам құқығы жөніндегі түрлі өңірлік нормативтік құжаттар да азаптауға тыйым салады. Мұндай құжаттарға Конвенцияны.⁴⁵ Адам құқығы жөніндегі Америка конвенциясын (АҚАК)⁴⁶ және Адам және халықтар құқығы жөніндегі Африка хартиясын (Банжул хартиясы) жатқызуға болады.⁴⁷

38 АҚК, 1 бап.

39 АҚК, 16(1) бап.

40 Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (1948 ж. 10 желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған). https://www.ohchr.org/EN/UDHR/Documents/UDHR_Translations/eng.pdf 5 бапта «Әр адам азаптайтын немесе қатыгез, адамшылыққа жатпайтын әрекет немесе жаза түрінен азат болуы керек» делінген.

41 Азаматтық және саяси құқық жөніндегі Халықаралық пактінің 7 бабында (1966 ж. 16 желтоқсанында қабылданып, 1976 жылдың 23 наурызында күшіне енді): «Әр адам азаптайтын немесе қатыгез, адамшылыққа жатпайтын әрекет немесе жаза түрінен азат болуы керек» делінсе, 10(1) бабында: «Бостандығынан айырылған әр адам адамшылыққа сай қарым-қатынаста болу, оған тән абыройын құрметтеу құқығына ие» деп көрсетілген.

42 Геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау жөніндегі конвенцияны қолдану («Хорватия Сербияға қарсы»), Халықаралық сот шешімі (Құқықтық баға, 2015 ж. 3 ақпаны), 98 т.; Қылмыстық қудалау немесе экстрадициялау міндеттеріне қатысты сұрақтар («Бельгия Сенегалға қарсы»), Халықаралық сот шешімі (Құқықтық баға, 2012 ж. 20 шілде), 99 п.

43 ХҚК қараңыз, Халықаралық-заңға қайшы әрекеттері үшін мемлекеттерге артылатын жауапкершілік туралы мақалалар жобасы және комментарийлер, 2001 ж. https://legal.un.org/ilc/texts/instruments/english/commentaries/9_6_2001.pdf 26 бап және оның комментарийі, әсіресе 5 тармақшаға көңіл аударыңыз; Қылмыстық қудалау немесе экстрадициялау міндеттеріне қатысты сұрақтар («Бельгия Сенегалға қарсы»), Халықаралық сот шешімі (Құқықтық баға, 2012 ж. 20 шілде), 99 п.

44 Бұрынғы Югославия бойынша Халықаралық қылмыстық трибунал. «Прокурор Анто Фурунд'иджаға қарсы (Anto Furund`ija)», 10.12.1998. <https://www.icty.org/x/cases/furundzija/tjug/en/fur-tj981210e.pdf>; 151–154 pp.

45 Адам құқығы және негізгі бостандықтарды қорғау жөніндегі Конвенцияның 3 бабы (1950 жылдың қарашасында қол қойылып, 1953 ж. 3 қыркүйегінде күшіне енді) «Еш адамға азаптауға, адамшылыққа жатпайтын, ар-намысын қорлайтын әрекет немесе жаза түрін қолдануға болмайтынын» баса айтады.

46 Адам құқығы жөніндегі Америка конвенциясының 5 бабында (1969 ж. 22 қарашасында қол қойылып, 1978 ж. 18 шілдесінде күшіне енді) гуманды қарым-қатынас жөнінде былай делінген: «1. Әр адамның физикалық, психикалық және моральдық жеке басын құрметтеуді талап ету құқығы бар. 2. Еш адамға азаптауға, адамшылыққа жатпайтын, ар-намысын қорлайтын әрекет немесе жаза түрін қолдануға болмайды. Бас бостандығынан айырылған барлық адамның жеке басына тән намысы мен абыройын құрметтеуді талап ету құқығы бар».

Барлық мемлекеттің қатысуын міндеттейтін АҚК Келісуші мемлекеттерді олардың өз юрисдикциясына қарасты кез келген аумақта азаптау әрекеттерінің алдын алу үшін заңнамалық, әкімшілік, сот және басқа да шараларды қабылдауға шақырады.⁴⁸

«Әр қатысушы мемлекет азаптау әрекеттерін өздерінің қылмыстық заңнамасына сәйкес қарастыруы қажет. Бұның азаптауға жол беру талпынысына да азаптауға қатысушы адамның әрекетіне де қатысы бар. Қылмыстың ауырлық деңгейін ескере отырып, әр қатысушы мемлекет тиісті жаза тағайындайды».⁴⁹ Сонымен қатар, «әр қатысушы мемлекет азаматтық немесе әскери салада қызмет ететін персоналдарды, медицина қызметкерлерін, мемлекеттік лауазымды тұлғаларды және қамауда түрмеде отырған, тергеліп жүрген, ұсталған адамдарға қандай да бір қатысы бар тұлғаларды дайындау бағдарламаларына азаптауға тыйым салуға қатысты оқу материалдар мен ақпараттың толықтай енгізілуін қамтамасыз етеді. Әр қатысушы мемлекет бұл тыйымдарды мұндай тұлғалардың міндеттері мен қызметіне қатысты ережелерге немесе нұсқауға енгізеді».⁵⁰

Тергеу мәселесіне келер болсақ, «Өз юрисдикциясына жататын кез келген аумақта азаптау көрінісі орын алды деуге жеткілікті негіз болған жағдайда әр қатысушы мемлекет құзырлы органдардың тез де әділ тергеу жүргізуін қамтамасыз етеді».⁵¹ Қатысушы мемлекеттер, сондай-ақ, «оның юрисдикциясына жататын кез келген аумақта азаптауды бастан кешірдім деген адамды осы мемлекетке қарасты құзырлы органдарға шағым түсіру құқығымен қамтамасыз етіп, осы шағымның тез де әділ қарастырылуына жағдай жасайды. Шағым түсірушіні немесе куәлік етушіні кез келген қорқытып, үркіту сияқты әрекет түрінен қорғау үшін барлық мүмкін шаралар қабылданады».⁵² Бұл құқық сондай-ақ қылмыс құрбанының да құқықтық қорғау құралдарына қол жеткізу құқығын қамтиды.⁵³

Азаптаулар мен адамшылыққа жатпайтын және ар-намысты қорлайтын әрекет түрлері арасындағы айырмашылықты қиналыстың түрлі деңгейімен байланыстыра түсіндіруге болады, яғни, азаптауды қатыгез, адамшылыққа жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын әрекет немесе жазаның ауыр, қасақана жасалған түрі деп қарастыруға болады.⁵⁴ Ар-намысты қорлайтын әрекет түрінің негізгі мақсаты – адамды қорлап, ренжіте отырып, бұл адамның жеке басына жағымсыз әсер ету.⁵⁵

47 Адам және халықтар құқығы жөніндегі Африка хартиясының 5 бабында (1981 ж. 1 маусымында қабылданып, 1986 ж. 21 қазанында күшіне енді) былай делінген: «Әр адамның жеке басына тән намысы мен абыройын құрметтеуді және құқық субъектісі екенін талап ету құқығы бар. Адам абыройын төгіп, қанаудың барлық түрі, әсіресе құлдық, құл саудасы, азаптау, қатыгез, адамшылыққа жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын әрекеттерге тыйым салу керек».

48 АҚК, 2(1) бап.

49 АҚК, 4 бап.

50 АҚК, 10 бап.

51 АҚК, 12 бап.

52 АҚК, 13 бап.

53 АҚК, 14 бап.

54 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ирландия Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (5310/71), 18.01.1978. <http://hudoc.echr.coe.int/eng/?i=001-57506> 167 п.; БҰҰ Бас Ассамблеясы. Барлық адамды азаптаудан және басқа да қатыгез, адамшылыққа жатпайтын немесе ар-намысын қорлайтын әрекет немесе жаза түрінен қорғау туралы Декларацияны қамтитын 3452 (XXX) Қарар, 09.12.1975, 1(2) бап.

Азаптау да, адаммен дұрыс қатынаспау да бір физикалық әрекетпен шектеліп қалмайды, олар сондай-ақ, адамға жан азабын да әкелуі мүмкін.⁵⁶

Осылайша, өмір сүру құқығы адам құқығы жөніндегі халықаралық және өңірлік нормативтік құжаттардың көбінде берілген. Атап айтсақ, АҚЖБД 3 бабында, АСҚХП 6 бабында, Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясының 2 бабында, Адам құқығы жөніндегі Америка конвенциясының 4 бабында, Африка хартиясының 4 бабында және Адам құқығы жөніндегі Араб конвенциясының 5–8 баптарында берілген. Бұл құқықты қорғау мемлекетке позитивті де, негативті де міндеттер жүктейді. Мемлекет адам өмірін қию туралы шешім қабылдаудан аулақ болып қана қоймауы керек, ол мұндай құқықты шектеу қажет болған жағдайдан басқа кезде адамды өлімнен алып қалу үшін батыл шаралар да қабылдай білуі керек. Мұндай позитивті міндеттерге мыналар жатады: мемлекеттік күштік құрылымдарды қырып-жою шараларын қажет болған жағдайда ғана іске асыруға үйрету, өмірге қауіп төндіретін әрекеттердің алдын алу үшін превентивті шаралар қабылдау, адам өлімін азайтуға көмектесетін ұлттық заңнамаларды іске асыру (мысалы, ауруханалар мен медицина саласы қызметкерлерінің іс-әрекетін реттеу), өлімге алып келетін заңға қайшы әрекеттерді тергеу және жазалау, сондай-ақ, қамаудағы адамдардың амандығы үшін өзіне жауапкершілік алу.⁵⁷ *«Ранцев Ресей мен Кипрге қарсы»* деп аталатын істен алынған үзіндіде үш нақты позитивті міндет берілген:⁵⁸ 2 бап мемлекеттен адам өмірін қасақана және заңсыз қиюдан бас тартып қана қоймай, сондай-ақ, оның юрисдикциясына қарайтын адамның өмірін қорғау үшін қажетті шараларды қабылдауын да талап етеді [бұл – позитивті міндеттер туралы жалпы сипаттағы тұжырым]. Бұл міндет ең алдымен құқықтық ережелердің бұзылуының алдын алып, жазасын өтеу мақсатында қамауда отырған тұлғаға қарсы қылмысқа тосқауыл болатын қылмыстық заңнама нормасын қабылдау арқылы мемлекеттердің өмір сүру құқығын қамтамасыз етуін талап етеді [бұны жүйе құру міндеті деуге болады]. Алайда, бұл сонымен қатар өміріне басқалардан қауіп төніп тұрған адамды мемлекеттік органдар тарапынан қорғаудың превентивті де оперативті шараларын қабылдай отырып, мемлекеттердің позитивті міндет атқаратынын да білдіреді [бұны адамды оперативті түрде қорғау міндеті деуге болады]». Сосын Сот тергеу жүргізу міндетін қарастыруға көшеді:⁵⁹ Соттың бірнеше реткі мәлімдемесінен көріп отырғанымыздай, «өз юрисдикциясына қарасты әр адамға Конвенцияда көрсетілген құқықтар мен бостандықтарды беру» деп аталатын

55 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Янков (Yankov) Болгарияға қарсы» ісі (39084/97), 11.03.2004 <http://hudoc.echr.coe.int/fre?i=001-61539>, 105 п.

56 АҚЖКБ, АСҚХП жалпы тәртіптегі ескертулер №20: 7 бап (Азаптауға немесе қатыгез, адамшылыққа жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын әрекет немесе жазаға тыйым салу) 1992 ж. 10 наурызында

57 Адам құқығы жөніндегі Комитеттің 44 сессиясында қабылданды, 5 п. Халықаралық әділ сот жөніндегі ресурстық орталық. Өмір сүру құқығы: Шолу. <https://ijrcenter.org/thematic-research-guides/right-to-life/>. [шағым келіп түскен күн: 2020 жылдың 19 мамыры].

58 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ранцев (Rantsev) Кипр мен Ресейге қарсы» ісі (25965/04), 07.01.2010. https://www.unodc.org/res/cld/case-law/2010/case_of_rantsev_v_cyprus_and_russia_application_no._2596504.html/Rantsev_vs._Cyprus_and_Russia.pdf, 218 және 232 параграфтар.

59 Сонда.

Конвенцияның 1 бабымен тығыз байланысты және өмір сүру құқығын қорғау міндетін қарастыратын Конвенцияның 2 бабы адамдар зорлық-зомбылық нәтижесінде өлген жағдайда тиімді ресми тергеу жүргізуді талап етеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқығы жөніндегі комитеті өзінің жалпытәртіптегі №6 ескертуінде былай атап көрсетеді: «Қатысушы мемлекеттер қылмыстық әрекеттер мен олар үшін жаза тағайындап қана емес, сондай-ақ, өздеріне қарасты күштік құрылымдардың да адам өмірін заңсыз қиюына жол бермеу үшін нақты шаралар қабылдауы қажет. Мемлекеттік билік өкілдерінің адам өмірін қиюы аса күрделі мәселе. Демек, заң мұндай билік өкілдері адам өмірін қиюы мүмкін жағдайларды қатаң бақылап, шектеу қоюы керек».⁶⁰ «Міндетті әскери борышын өтеп жүрген адамдарға келсек, Сот қамауда отырған адамдар сияқты әскери борышын өтеуге шақырылған адамдар да мемлекеттік билік өкілдерінің ерекше бақылауында болатынын атап өтеді, өйткені, билік өкілдері армияда болып жатқан жағдайлар туралы толық немесе белгілі бір деңгейде хабары бар бір ғана қызметкер және олар әскерге шақырылғандарды қорғауға міндетті».⁶¹

2. Азаптайтын, адамшылыққа жатпайтын немесе адамның ар намысын қорлайтын және өмір сүру құқығын шектейтін әрекетке тыйым салу

Өмір сүру құқығын шектеуді Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясының 2(2) бабы контекстінде бағалау керек. Онда былай делінген: «Абсолютті қажеттіліктен туған күш қолдану нәтижесінде адам өлімінің орын алуын бұл бапты бұзу деуге болмайды. Атап айтсақ, ол а) адамды заңға қайшы күш қолдану әрекетінен қорғау үшін б) заң жүзінде қамауға алынған адамның түрмеден қашуына заңды түрде тосқауыл болу үшін және в) заңға сай көтерілісті немесе бүлікті басу үшін орын алса». Мемлекет өкілінің абсолютті қажеттілік шегінен асып кеткен шара қолдануы нәтижесінде немесе 2(2) тармағында көрсетілмеген себеп салдарынан және тармақшада көрсетілген мақсатқа жету тәсілін алмастыра алмайтын әрекет нәтижесінде адамның өлуі 2 бапты бұзған болып есептеледі⁶² Бұл критеридің түсіндірмесі жан-жақты қарастырылған.⁶³ Сонымен қатар, Конвенцияның 15 (2) бабында заңды әскери іс-қимылдар кезінде орын алатын өлімнен басқа кезде 2 бапты бұзуға болмайды делінген.

60 Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі пакт халықаралық комитеті. Он алтыншы сессия (1982): Жалпы тәртіптегі ескерту №6: 6 бап (Өмір сүру құқығы), 3 п.

61 Адам құқығы жөніндегі Еуропалық сот. «Малик Бабаев (Malik Babayev) Әзербайжанға қарсы» ісі (30500/11), 01.09.2017. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-173776>, 66 п.

62 Адам құқығы жөніндегі Еуропасоты. «Макканн және басқалар Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (18984/91), 27.09.1995. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-57943>, 148–149 параграфтар.

63 Халықаралық әділ сот жөніндегі ресурстық орталық. Өмір сүру құқығы: Шолу. <https://ijrcenter.org/thematic-research-guides/right-to-life/> [шағым келіп түскен күн: 2020 жылдың 19 мамыры].

АҚК, құрбан болған адамның қандай әрекетке барғанына қарамастан, азаптауға және адамшылыққа жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын әрекет түріне тыйым салуды шектеуге немесе бұзуға келмейтін абсолютті құқық ретінде қабылдайды.⁶⁴ Онда былай делінген: «Соғыс жағдайы болсын, соғыс қаупі болсын немесе ішкі саяси тұрақсыздық немесе басқа да төтенше жағдай болсын қандай жағдайда да азаптауды ақтап ала алмайды».⁶⁵ Сол сияқты, Конвенцияда төтенше жағдайлар кезінде де азаптауға тыйым салу міндетінен бас тарту жағдайы қарастырылмаған.⁶⁶ Конвенцияның 3 бабында берілген қағиданы абсолютті деуге болады, өйткені оның шектеуге рұқсат беретін екінші тармағы жоқ.⁶⁷ Амнистия және азаптау, адамшылыққа жатпайтын және адамның ар-намысын қорлайтын әрекетке барған айыпталушы немесе барды деп күдік тағылған адамдар үшін амнистия туралы ұлттық заңдарды қолдануды халықаралық құқыққа сай азаптауға тыйым салу деп есептеуге болмайды.⁶⁸ Демек, азаптауға, адамшылыққа жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын әрекетке тыйым салу мәселесінің бұл міндетті шектеуге еш қатысы жоқ, керісінше, ол біріншіден, қандай әрекетті бұл категорияға жатқызуға болатынын анықтау мәселесіне, екінші, мемлекеттердің мұндай әрекеттердің алдын алу бойынша атқаратын міндеттер ауқымына қатысты. Бірінші мәселеге келер болсақ, «3 бапқа сай келу үшін адаммен дұрыс қатынаспауда қатыгездіктің кемінде ең төменгі деңгейі көрініс табуы керек, ал, оны бағалау мұндай қарым-қатынас түрінің ұзақтығы, оның физикалық және психикалық салдары, ал кей жағдайда құрбанның жынысы, жасы, денсаулығы сияқты басқа да жағдайларға байланысты».⁶⁹ 3 баптың бұзылуына алып келетін жағдайлардың көбі қарулы күштер саласында, мысалы, соғыс жағдайына дайындық сияқты қарулы күштердің нақты тапсырмасын орындау кезінде орын алса, оны адаммен дұрыс қатынаспау деуге болмайды.⁷⁰ Алайда, «Сот әскери борышын өтеп жүрген әскерлер мен әскери қызметкерлерге қатысы болмауы керек стандарттарды үнемі алға тартып келеді. Жеке адам ар-намысын қорғайтын жағдай жасалса ғана әскери борышын өтеуі керек; әскери дайындықтан өту процедурасы мен әдісі әскери тәртіпке тән ауыртпалықтар деңгейінен асып кетерліктей қиындық

64 Адам құқығы жөніндегі Еуропалық сот. «Ранинен (Raninen) Финляндияға қарсы» ісі (152/1996/771/972-арыз 20972/92), 16.12.1997. <http://hudoc.echr.coe.int/en-g?i=001-58123> 55 п.

65 АҚК, 2(2) бап.

66 АҚЕК, 15(2) бабы.

67 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ирландия Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (5310/71), 18.01.1978. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-57506>, 163 п.

68 АҚЖКБ, АСҚХП жалпы тәртіптегі ескертуі №20: 7 бап (Азаптауға немесе басқа да қатыгез, адамшылыққа жатпайтын немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекет немесе жазаға тыйым салу) 1992 ж. 10 наурызында Адам құқығы жөніндегі Комитеттің 44 сессиясында қабылданды, 15 п.

69 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ранинен (Raninen) Финляндияға қарсы» ісі (152/1996/771/972), 16.12.1997. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58123>, 55 п. Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ирландия Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (5310/71), 18.01.1978. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-57506>, 162 п.

70 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Чембер (Chember) Ресейге қарсы» ісі (7188/03), 01.12.2008. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-87354>, 49 п.

туғызбауы керек; және мұндай қызметтің практикалық тұрғыдан қажет екенін ескере отырып, медициналық көмек көрсету арқылы олардың денсаулығы мен әл-ауқатына кепілдік беру керек».⁷¹ «3 бапқа сәйкес, берілген жаза немесе адаммен арадағы қарым-қатынас «адамның ар-намысын қорлай ма?» деген сұрақты қарастыру барысында, Сот оның мақсаты адамды қорлау немесе ренжіту ме деген сұрақпен қатар, оның салдары 3 бапқа қайшы келе отырып, бұл адамға кері әсер етті ме деген сұрақты да ескереді».⁷² Айталық, «*Лялякин Ресейге қарсы*» ісінде Сот 3 баптың бұзылғанын анықтады, өйткені, мемлекеттік билік органы әскери тәртіпті сақтау үшін арызданушыны неге шешіндіргеніне қатысты мардымды түсініктеме бере алмады. Негіздің болмауына байланысты, бұл әрекет 3 бап аясында қарастырылды.⁷³ АҚК-ға келер болсақ, Америка Құрама Штаттары сияқты кей мемлекеттер бұл халықаралық міндеттеменің экстратерриториялық тұрғыда қолданылмайтынын айтқан болатын.⁷⁴ Қалай болғанда да, мұндай юрисдикциялық шектеулер негізсіз екені айтылып келеді. Осыған байланысты, 2015 жылғы баяндамасында АҚК Арнайы баяндамашысы азаптаудың экстратерриториялық әрекеттеріне қатысты мемлекеттер әмбебап қылмыстық юрисдикция қабылдауы керек деген шешімге келіп, заңға қайшы әрекеттер қай жерде орын алғанына қарамастан, мемлекеттерді азаптау әрекеттеріне қарсы юрисдикцияны іске асыруға шақырады.⁷⁵ Позитивті субстантивті міндеттер мемлекеттерден «өз юрисдикциясына қарасты адамдар азаптауға, адамшылыққа жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын әрекетке немесе жазаға тап болмауы үшін шаралар қабылдауын» талап етеді. «Бұл шаралар шақыру бойынша әскери борышын өтеп жүрген тұлғалар сияқты әлсіз қорғалған топтарды қорғауы және билік білетін және білуі қажет дұрыс емес әрекеттердің алдын алуға қатысты ақылға қонымды әрекеттерді қамтуы қажет».⁷⁶

71 Karen Reid. 2015. A Practitioner's Guide to the European Convention on Human Rights (5th Edition, Sweet and Maxwell), p. 364.

72 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ранинен (Raninen) Финляндияға қарсы» ісі (152/1996/771/972), 16.12.1997. <http://hudoc.echr.coe.int/eng/?i=001-58123>, 55 п.

73 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Лялякин Ресейге қарсы» ісі (31305/09), 14.09.2015. <http://hudoc.echr.coe.int/eng/?i=001-152726>, 77–78 параграфтар.

74 Charlie Savage. U.S. seems Unlikely to Accept that Rights Treaty Applies to Its Actions Abroad, The New York Times, 6 March 2014. Available from: <https://www.nytimes.com/2014/03/07/world/us-seems-unlikely-to-accept-that-rights-treaty-applies-to-its-actions-abroad.html>; Sarah Cleveland. 2014. The United States and the Torture Convention, Part I: Extraterritoriality, Just Security. Available from: <https://www.justsecurity.org/17435/united-states-torture-convention-part-i-extraterritoriality/>.

75 Арнайы баяндамашының азаптау және басқа да қатыгез, адамшылыққа жатпайтын және ар-намысты қорлайтын әрекет немесе жаза түрі туралы аралық баяндамасы (A/70/303), 2015 ж. 70 п; бұл қорытындыны Арнайы баяндамашының 2018 ж. азаптау және басқа да қатыгез, адамшылыққа жатпайтын және ар-намысты қорлайтын әрекет немесе жаза түрі туралы баяндамасы растайды (A/HRC/37/50), 13 п.

76 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Плачи (Placi) Италияға қарсы» ісі (48754/11), 21.04.2014. <http://hudoc.echr.coe.int/fre/?i=001-140028>, 49 п.; сондай-ақ, қараңыз: Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Абдулла Илмаз (Abdullah Yilmaz) Түркияға қарсы» ісі (21899/02), 17.09.2008. <http://hudoc.echr.coe.int/en?q?i=001-87046>, сайтынан алуға болады, 67–72 параграфтар.

Қалай болғанда да, қазіргі қоғамда қоғамдық тәртіпті іске асыруға байланысты қиындықтарды, сондай-ақ, артықшылықтар мен ресурстарға сай орын алатын адам әрекеті мен практикалық таңдауды болжау мүмкін еместігін ескере отырып, Сот мемлекеттердің позитивті міндеттерін шектейді.⁷⁷ Сондықтан, бұл міндеттерді «мемлекеттік органдарға орындалуы қиын немесе ақылға қонбайтын жауапкершілік жүктеместей етіп түсіндіру керек». «Өмірге қауіп төндірді деген арыздың барлығы мемлекеттік органдар мұндай қауіптің алдын алуға арналған оперативтік шараларын қабылдау жөніндегі Конвенция талаптарын орындауы қажеттігін білдірмейді».⁷⁸ Демек, мемлекеттік органдар өмірге нақты және тікелей қауіп төніп тұрғанын білгенін немесе білуі қажет екенін, сондай-ақ, құзыреті аясында олар мұндай қауіптің алдын алуға бағытталған түзету шараларын қабылдамағанын анықтау керек.⁷⁹

3. Қарастырылып отырған мәселеге қатысты істер

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты азаптау және адамшылыққа жатпайтын немесе адамның ар-намысын аяққа таптайтын немесе адам өміріне қауіп төндіретін әрекеттерге тыйым салуға қатысты көптеген істі қарастырады. Сот кейде құқықтық қорғаудың тиімді тәсіліне қол жеткізу (13 бап) құқығы сияқты 3 баптың бұзылуына қатысы жоқ құқықтарды да қарастыратын кездері болады.

Абдулла Ильмаз (Abdullah Yilmaz) Түркияға қарсы:⁸⁰ арыз шақырту бойынша әскери борышын өтеп жүрген кезде сержанттық құрам қызметкерінен көрген зәбірден кейін өз-өзіне қол жұмсаған 20 жасар әскердің әкесінен келіп түскен. Зәбір көрсеткен сержантқа қатысты екі қылмыстық іс қозғалады. Бірінші істі қарау кезінде оны бес айға бас бостандығынан айыру жазасы кесілгенімен, жақсы тәртібі үшін бұл жаза іске асырылмайды. Ал, екінші қылмыстық іс сержант әрекеті мен жігіттің өзіне қол салуы арасында ешқандай да себеп-салдар байланысы жоқтығы негізінде тоқтатылады. Сот мемлекеттердің өз юрисдикциясына қарасты тұлғаларды осы елдің басқа тұлғаларынан немесе өкілдерінен қорғауға қатысты қажетті превентивтік шараларды қабылдау жайлы позитивті міндеттерін ескере отырып, әскери қызметті кімнің атқарып жүргеніне қарамастан, мұндай міндеттер барлығына да қатысты деген қорытындығы келеді.

77 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Осман (Osman) Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (87/1997/871/1083), 28.10.1998. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58257>, 116 п.

78 Сонда; сондай-ақ, қараңыз: Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Малик Бабаев (Malik Babayev) Әзербайжанға қарсы» ісі (30500/11), 01.09.2017. <http://hudoc.echr.coe.int/en-g?i=001-173776>, 66 п.

79 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Осман (Osman) Біріккен Корольдікке қарсы» (87/1997/871/1083), 28.10.1998. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58257>, 116 п.

80 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Абдулла Ильмаз (Abdullah Yilmaz) Түркияға қарсы» ісі (21899/02), 17.09.2008. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-87046>.

Бұл – мемлекеттерден әсіресе шұғыл түрде әскери борышын өтеуге шақырылушыларға қатысты кадрлық әскери қызметкерлердің қандай да әрекеті немесе әрекетсіздігі нәтижесінде 2 бапқа сай жауапкершілік жүктеуді қарастыратын жоғары кәсіби стандарт енгізуін талап етеді. Орын алған жағдай сержанттың армия маманы міндетін атқара алмайтынын, осыған байланысты өз қол астында әскери борышын атқарып жүрген әскери қызметкердің физикалық және психикалық жай-күйін қорғай алмағанын көрсетеді. Сот бұл жағдай нормативті-құқықтық базадағы кемшіліктерді білдіретінін, нәтижесінде, мемлекеттік органдар жас жігітті оның командирінің заңсыз әрекетінен қорғай алмады деген шешім шығарады. Сот сондай-ақ, сот ісі 2 бапқа сай өмір сүру құқығын қорғауға қажетті стандартқа сай келмейтінін де анықтады.

Мосендз (Mosendz) Украинаға қарсы.⁸¹ арыз әскери борышын өтеп жүрген кезде өлген жігіттің анасынан келіп түскен. Ол Конвенцияның 2, 3 және 13 баптарының бұзылғанын көрсеткен. Жігіттің өлімі өз-өзіне қол салу деп ресми тіркелген. Шешім шығарарда Сот өз-өзіне қол салуға қатысты істерден өмір сүру құқығын алып тастауға болмайды деген үкім қабылдаған **Сергей Шевченко Украинаға қарсы**⁸² ісіне сүйенеді. Бұл ережеден бастау алатын позитивті міндеттер қандай да бір адам өз-өзіне қол салу қаупі туындаған жағдайда және өз-өзіне қол салуға бастайтын істі тергеуге қажетті процессуалдық міндетке сай іске асырылады.

Мемлекеттердің міндеттері мәселесіне келер болсақ, Сот әскери қызмет пен әскери іс-қимылдар сипатына байланысты орын алуы мүмкін қауіп немесе физикалық дербестік деңгейімен барабар нормаларды ғана емес, сонымен қатар, қатардағы азаматтарды әскери қызметке шақыру шешімін қабылдаған кезде өзектілігі айқындалатын адами факторларды да ескеру міндетін атап өтті. Мұндай нормалар әскерге шақырылған адамдарды әскери өмірге тән қауіптен қорғауға бағытталған практикалық шаралар мен түрлі деңгейге жататын командирлер тарапынан орын алатын кемшіліктер мен қателерді анықтау процедураларын қамтиды.⁸³ Ұлттық тәжірибені бағалау барысында Сот әскерге бұрын тартылғандардың әскерге енді келгендерге әлімжеттік көрсетуі бей-ресми жүйеге айналғанын, ал бұларға еш жаза қолданылмайтынын және оның жүгенсіздікке бастайтынын да атап өтті. Ол сондай-ақ, мемлекеттер мұндай құқығықбұзуды жоққа шығара алатын бұлтартпас дәлел ұсынуы қажет екенін де ескертті. Мемлекеттік органдар алға тартқан шындық деуге келерлік түсініктемелер мен тиісті процессуалдық міндеттерді бағалай отырып, Сот басқа балама түсініктеме қарастырылмағандықтан, сонымен қатар, тергеу кезінде орын алған кемшіліктер мен қайшылықтарға байланысты мемлекеттік органдар арызданушының ұлының өлімін қажетті деңгейде тексермеді және тиісті түсініктеме бере алмады деген қаулы қабылдайды.

81 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Мосендз (Mosendz) Украинаға қарсы» ісі (52013/08), 17.04.2013. <http://hudoc.echr.coe.int/fre?i=001-115887>.

82 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Сергей Шевченко Украинаға» қарсы (32478/02), 04.07.2006. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-73040> 56 п.

83 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Килинч (Kilinç) және басқалары Түркияға қарсы» ісі (40145/98), 07.09.2005. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-69269> 41 п.

Әскери қызметкер өз командирі тарапынан болған жәбірлеу мен адамшылыққа жатпайтын әрекеттер нәтижесінде өз-өзіне қол салғаны анықталғаннан кейін, оның өліміне мемлекет кінәлі деп танылды. Тергеу нәтижесінде Сот материалдық және процессуалдық құқықтар нормасының бұзылуына байланысты өмір сүру құқығының да бұзылу фактілерін анықтады. Арыз Конвенцияның 3 бабына да қатысты болғандықтан, Сот 3 баптың бұзылуына қатысты жеке тергеу жүргізілмейді деп шешті. Сонымен қатар, Сот 13 баптың да бұзылғанын анықтады.

Переведенцевтер Ресейге қарсы.⁸⁴ арыз әскери борышын өтеп жүрген кезде өлген жігіттің ата-анасынан келіп түсті. Сот мұнда да бұл мемлекет армиясында әлімжеттіктің белең алғанын, әскерге енді тартылғандарға бұрынғы әскерлер қатыгездік көрсететінін, бұл жағдайға қатысты сырттан келіп түскен ақпараттар алаңдаушылық туғызып отырғанын атап өтті. Бұл істе Сот ***Мосендз (Mosendz) Украинаға қарсы*** ісін ескере отырып, әскерге шақырылғандар тікелей мемлекеттік органдар бақылауында болатынын, демек олардың әскери қызметі белгілі бір деңгейде билік органдарына қарайтынын атап өтті. Демек, мемлекеттік органдар оларды қорғауы керек.

Сот билік органдары шақыру бойынша әскери борышын өтеп жүргендердің өміріне нақты және тікелей қауіп төніп тұрғанын білді ме немесе білуі керек пе еді, сондай-ақ, олар мұндай қауіптің алдын алу үшін тиісті шаралардың бәрін іске асырды ма дегенді де бағалауға тырысып көрді. Нәтижесінде, Сот мемлекеттік органдардың шақыру бойынша әскери борышын өтеп жүрген бұл әскердің психологиялық проблемаларымен таныс екенін, алайда, бұл мәселенің қаншалықты ушыққанын және оның жігіттің өміріне қауіп төндіруі мүмкін екенін ескермеді және қауіптің алдын алу үшін қажетті шаралар қабылдамады, осылайша, өмір сүру құқығы айтарлықтай бұзылды деген шешімге келеді. Процессуалдық аспектіге келер болсақ, Сот процесстің әділ және тәуелсіз жүргізілгенін анықтап, тергеу ісі кешіктіріліп іске асқандықтан, оперативтілік талабына сай емес деген қорытындыға келеді. Ол сондай-ақ тергеудің мұқият жүргізілмегенін, осыдан болып, хатта көрсетілгендей өлген әскер мен онымен бірге әскери борышын өтеп жүргендер қорлау, ақша бопсалау, жария немесе жасырын түрде орын алған дене жарақаты сияқты құқықбұзушылықтың құрбаны болғаны сияқты түрлі қайшылықтар мен кемшіліктерге жол берілгенін де анықтады. Өлген жігітпен қызметтес болғандар жігіт өлгеннен кейін үш аптадан кейін ғана тергеуге шақырылған, ал, бұл уақыт аралығында олардың дене жарақаты жазылып кетуі мүмкін еді, сондықтан да оларды байқау мүмкін емес. Сот сондай-ақ, жақын туысқандары ретінде шағым түсірушілер мүддесі қажетті деңгейде әділ қорғалмағанын, қоғам тергеуді тиісті деңгейде бақыламағанын анықтады. Осылайша, Сот өмір сүру құқығының процессуалдық аспектісі бұзылғанын анықтады.

84 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Переведенцевтер (Perevedentsevy) Ресейге қарсы» ісі (39583/05), 13.10.2014. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-142516>

*Лялякин (Lyalyakin) Ресейге қарсы.*⁸⁵ арызданушы арызында әскери борышын өтеп жүрген кезінде оған қатыгездік көрсетілгенін және осыған байланысты құзырлы органдай қандай да бір тергеу жұмыстарын жүргізбегенін айтады. Ықтимал қатыгез әрекеттер арызданушының киімдерін шешу, басына пулеметтен атам деп қорқыту, ыстық күні арызданушыға әскери қорғаныс киімдерін кигізу, басына бояумен жұлдызшы салу, белбеумен дене жарақатын салып, арбаға жеккендей алып жүру және зорлаймыз деп қорқытуды қамтыды. 3 бап мазмұнына келер болсақ, Сот бастан өткерген қиындықтар мен қорлық деңгейі заңды әрекет пен жаза шегінен шығып кетерліктей болуы керектігін атап өтеді. Міндетті әскери қызмет кезінде мұндай жағдайлар болып тұрғанымен, басқа кезде адамның ар-намысын қорлайтын және адамшылыққа жатпайды деп есептелетін әрекет түрлері қарулы күштер жағдайында нақты тапсырманы орындауға қатысты болса, айталық, соғыс жағдайын еске түсіретін немесе тергеу жүргізу әдістерін оқыту кезінде орын алса, олай деп есептелмеуі мүмкін.

Орын алған қарым-қатынас түрі осы бапта көрсетілгендей адамның ар-намысын қорлай ма деген мәселенің жауабына қарай оның қоғамдық сипаты өзіндік мәнге ие болады немесе айыпты ауырлатады. Мемлекет жеке адамның әскери қызметті оның абыройын құрметтейтін жерде өтуіне, әскери дайындық тәртібі мен әдістері қиындық пен қорлыққа жол ашпауына және оның деңгейі әскери тәртіпке тән шектен шықпауына және мұндай қызметтің практикалық қажеттілігін ескере отырып, әскери борышын өтеушінің денсаулығы мен әлауқаты тиісті деңгейде қорғалуына жауапты.⁸⁶ Айыптау дәлелмен бірге беріледі және оларды «еш күмән туғызбайтын», сондай-ақ, қолда бар сенімді, нақты және үйлесімді қорытындылардан немесе соған ұқсас жоққа шығаруға келмейтін фактілер презумпциясынан бастау алатын дәлелдер критериіне сай бағалайды.

Арызданушының киімін шешуге келер болсақ, Сот киімді шешу қажеттілігін дәлелдейтін жеткілікті түсініктеменің жоқтығын, киім шешу көпшілік алдында орын алғандықтан арызданушы намысы қорланғанын және оның жас психологиясы қосымша қиындықты бастан өткергенін атап өтті. Осылайша, киім шешуге қатысты Сот 3 баптың бұзылу дерегін анықтады. Бұл – «арызданушыны шешіндіріп, өз бөлімшесінің алдында бір ғана әскери іш киіммен тұруға мәжбүрлеу дерегі 3 бап бойынша қарастырардай қатігездік деңгейіне жетті ме?» деген сұрақты Сот қарастырған бірінші іс еді.⁸⁷

85 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Лялякин (Lyalyakin) Ресейге қарсы» ісі (31305/09), 14.09.2015. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-152726>.

86 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Чембер (Chember) Ресейге қарсы» ісі (7188/03), 01.12.2008. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-87354>, 49 п.

Дұрыс қарым-қатынас жасалмағаны туралы басқа арыздарға келсек, дәлелдердің толық болмауына және тиісті тергеу жұмысы жүргізілмеуіне байланысты, Сот оларды қараудың қажеті жоқ деп тапты. Мемлекеттік органдар адамшылыққа жатпайтын қарым-қатынас орын алғаны туралы арызды қажетті деңгейде тергемегеніне байланысты Сот 3 баптың процессуалдық аспектісі мен 13 баптың бұзылу дерегін анықтады.

Мурадян (Muradyan) Арменияға қарсы.⁸⁸ арызданушы – әскерге шақырылып, борышын өтеп жүрген кезде ішінен алған жарақатқа байланысты көкбауырдың үлкейіп, деформациялануы нәтижесінде оның жарылуынан болып қайтыс болған жігіттің әкесі. Бұл айтылғандарды бұрын және енді пайда болған гематомалар айғақтайды. Арызданушы ұлының қатыгездікпен өлтірілгеніне, оған дер кезінде қажетті медициналық көмек көрсетілмегеніне, мемлекеттік органдар бұл жағдайға қатысты дұрыс тергеу жүргізбегеніне шағымданады. Сот тағы да алдыңғы тәжірибелерге сүйеніп, әскерге шақырылған адамдар үшін мемлекет жауапты екенін, демек әскери борышын өтеу барысына алған кез келген дене жарақаты немесе орын алған өлім үшін мемлекет қанағаттанарлық және көңілге қонымды түсініктеме беруге міндетті екенін ескертеді. Жан-жақты тергеу жүргізу міндеті нәтиженің емес, керісінше, әрекет міндеті деп есептеледі: мемлекеттік органдар мүмкіндігінше бұл жағдайға қатысты дәлелдерді, атап айтсақ, куәлер айғақтары, сот сараптама деректері, қажет болса, алған жарақатқа толық және нақты түсініктемемен қатар, өлім себебіне қатысты клиникалық нәтижелердің объективті талдауын ұсына алатын өлікті сою нәтижелерін сақтап қалу үшін қолдан келер шараларды қабылдауы керек. Сондай-ақ, тергеу қорытындысы мұқият, объективті және әділ сарапталған тиісті элементтерге сүйенуі керек. Өмір сүру құқығының процессуалдық аспектісінің бұзылу деңгейін бағалай отырып, Сот лауазымды тұлғалар арасында қауіпті азайту жөнінде тиісті келісім жасалмауы тергеу сапасына кері әсер ететін айтарлықтай кемшілік екенін атап өтті. Сот сондай-ақ, тергеу кезінде қатыгездікке жол берілгені жайлы шағымға қажетті деңгейде көңіл бөлінбегенін, кек алуы мүмкін деп қорқатын куәлерге сенуге болмайтынын және бұл жағдайға қатысты түзету шараларының қабылданбағанын және медициналық қорытындылардың екіұштылығын атап өтті. Тағы да айта кетер жайт, гематоманың пайда болуы сияқты бұл іске қатысты жағдайлардың көбі тексерілмеген. Сот сондай-ақ, Армения армиясындағы адам құқығына қатысты тарауды қамтитын, адаммен дұрыс қатынаспау және оның адамға кері әсері туралы жазылған Адам құқығы жөніндегі Еуропа Кеңесі комиссарының баяндамасын назардан тыс қалдыруға болмайтынын да атап өтеді.

87 Еуропа Кеңесі – Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. Адам құқығы жөніндегі Еуропа сотында қалыптасқан тәжірибеге шолу 2015 (Вулф Лигал Паблшерз (Wolf Legal Publishers), 2016). https://www.echr.coe.int/Documents/Short_Survey_2015_ENG.pdf, 32 б.

88 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Мурадян (Muradyan Арменияға қарсы)» ісі (11275/07), 24.02.2017. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-168852>.

Демек, Сот өмір сүру құқығының процессуалдық аспектісі бұзылғанын анықтады. Осы қорытындыларға сүйене отырып, Сот 3 немесе 13 баптардың бұзылу дерегін анықтау қажет емес деп тапты.

Заян (Zalyan) және басқалары Арменияға қарсы.⁸⁹ арыз әскери борышын өтеп келген екі адамнан келіп түскен. Олардың айтуынша, олар азаптауды бастан өткерген, ал, екі әскери қызметкерді өлтірді деген айыппен оларды тұтқындағаннан кейін, олар жазған азаптау әрекетіне қатысты шағымды қажетті деңгейде алып қарастырмаған. Сот арызданушылар дәлелін жеткіліксіз деп тапты, атап айтсақ, дәлел жеткілікті болған жағдайда олар тіркеген медицина сараптамасы 3 баптың айтарлықтай бұзылғанын дәлелдеп бере алар еді. Қалай болғанда да, жүргізілген тергеу талапқа сай емес деген шешім шығара отырып, Сот мемлекеттік органдар қатыгездіктің орын алғанына байланысты арызданушылар шағымын қажетті деңгейде тексермеді деген қорытындыға келеді. Соттың бұл мәлімдемесі арызданушының полиция немесе басқа да мемлекет өкілдері тарапынан 3 баптың бұзылғаны туралы шағымына қатысты тиісті, ресми тергеу жүргізу қажеттігін білдіреді.

Стяжкова (Styazhkova) Ресейге қарсы.⁹⁰ арызданушы – әскери борышын өтеу барысында басына тиген екі оқтан қайтыс болған, денесінен көптеген гематома табылған әскери қызметкердің анасы. Ол арызында 2, 3 және 6 баптардың бұзылғаны туралы айтады. 2 баптың мазмұндық аспектісін бағалай отырып, Сот бұл істің әскерге шақырылған, психикалық ауытқуы бар адам ісінен **(Малик Бабаев (Malik Babayev) Әзербайжанға қарсы)** немесе мемлекеттік органдар өз-өзіне қол салу қаупі бар екенін анықтауға мүмкіндік болғанына қарамастан әрекетсіздік таныту нәтижесінде біраз уақыт бойы жалғасқан оқиғалардан кейін әскердің өзіне қол салғаны **(Абдулла Илмаз (Abdullah Yilmaz) Түркияға қарсы)** туралы істен мүлде бөлек екенін анықтады. Әскерге шақырылған адамдарға қарсы қолданылған ықтимал қатыгез әрекеттер мен олардың өз-өзіне қол салған кезі арасында ұзақ уақыт өтпеген жағдайда мұндай адамдардың командирлері қарамағындағы адамдардың өз-өзіне қол салу ықтималдығын алдын ала болжап біле алмайды. Мұндайда адам әрекетін болжау мүмкін еместігін назардан тыс қалдыруға болмайды, ал мемлекеттердің позитивті міндеттері мемлекеттік органдарға орындалуы мүмкін емес немесе ақылға қонбайтын жауапкершілік жүктеуге болады дегенді білдірмейді. Қарастырылып отырған іске келсек, мемлекеттік органдардың қолында арызданушының ұлы өз-өзіне қол салуы мүмкін екендігіне алаңдарлықтай еш негіз болмағандықтан,

89 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Заян (Zalyan) және басқалары Арменияға қарсы» ісі (36894/04 және 3521/07), 17.06.2016. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-161408>.

90 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Стяжкова (Styazhkova) Ресейге қарсы» ісі (14791/04), 14.01.2020. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-200311>.

Сот 2 бап бұзылды деп есептемейді. Істің процессуалдық аспектісіне келер болсақ, Сотты тергеудің оперативті түрде іске асуы, ешкімге тәуелді болмауы және қоғамдық бақылау деңгейі толық қанағаттандырады. Алайда, өз-өзіне қол салудан басқа тергеу бағыты болмағандықтан немесе әскерге шақырылушыны соққыға жыққан әскери қызметкерлердің жеке басы анықталмағандықтан, сондай-ақ, қылмыстық сот процессінде тиісті процедуралар іске аспағандықтан Сот 2 бапта қарастырылған процессуалдық міндеттердің бұзылу дерегін анықтады, сондықтан ол 3 және 13 баптардың процессуалдық аспектісін қарастыру қажет емес деп тапты. Сонымен қатар, Сот қатыгездікке немесе адам өміріне қауіп төндіретін әрекетке барған адамдарға рақымшылық жасауға болмайтынын да атап өтті. Демек, рақымшылық туралы заң тергеу болып жатқан кезде күшіне енсе де, күдіктінің нақты құқықты бұзғаны туралы қылмыстық істі тоқтатуға болмайды. 3 баптың мазмұндық аспектісіне келер болсақ, Сот мемлекеттік органдардың деректеріне сүйене отырып, құқық бұзу дерегін анықтады. Сот әскерге шақырылған адамды жазалау оған дене жарақатын келтіріп, қорлады және әскери тәртіпке сай қатыгездік пен жазаның қабылданған шегінен асып кетті деген қорытындыға келді.

4. Басқа істер

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ябансу (Yabansu) және басқалары Түркияға қарсы» ісі i(43903/09), 12.02.2014. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-128041>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Чембер (Chember) Ресейге қарсы» ісі (7188/03), 01.12.2008. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-87354>

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Малик Бабаев (Malik Babayev) Әзербайжанға қарсы» ісі, 01.09.2017. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-173776>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. Плачи (Placi) Италияға қарсы» ісі (48754/11), 21.04.2014. <http://hudoc.echr.coe.int/fre?i=001-140028>.

Пікір білдіру бостандығы

1. Сипаттамасы және құқықтық құжаттар

Джон Стюарт Милл (John Stuart Mill) «бір адамнан басқа адамдардың барлығы бір пікірде, ал, қалған бір адам басқа пікірде болса, осы адамдар бірігіп оның ауызын жаба алмағанымен, қолында билік болса ол бір өзі осы көптің ауызын жабар еді» деген еді. Ол ойын ары қарай былай жалғастырады: «Заңға сәйкес өркениетті қоғам мүшесіне қарсы билікті оның еркінен тыс қолданудың бір ғана мақсаты – оның басқаларға тигізер зиянының алдын алу».⁹¹ «Сөз бостандығы және пікір білдіру бостандығы түрлі мүдделер мен көзқарастарды ескере отырып, дебаттарға, сондай-ақ, ортақ саяси шешім қабылдау үшін қажетті келіссөздер мен компромистерге жол аша отырып, демократияның өмір сүру негізі рөлін атқармақ».⁹²

Пікір білдіру бостандығы туралы адам құқығы жөніндегі халықаралық және өңірлік құжаттарда айтылады. Атап айтсақ, АҚЖБД, АСҚХП, АҚАК, Адам және халықтар құқығы жөніндегі Африка хартиясы (Банжул хартиясы), Пікір білдіру бостандығы жөніндегі принциптер декларациясы, Негізгі құқықтар жөніндегі Еуропа Кеңесі хартиясы және Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясы.⁹³ АҚЖБД 19 бабында былай делінген: «Әр адамның өз пікірін білдіру құқығы бар. Бұл құқыққа өз ойынан бас тартпау және мемлекеттік шекараларға қарамастан кез келген тәсілдің көмегімен ақпарат пен идеяны іздеу, алу және тарату бостандығы кіреді». Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі комитеті пікір бостандығы мен оны еркін білдіру бостандығы жеке адамның толыққанды дамуы үшін қажет шарт екенін атап көрсетеді. Бұлардың кез келген қоғам үшін маңызы жоғары және олар кез келген еркін, демократиялық қоғамның негізі болмақ. Бұл екі бостандық бір-бірімен тығыз байланысты болса, пікірін білдіру бостандығы пікір алмасу және оны дамыту негізі болмақ.⁹⁴ Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) да әр адамның ой-пікірін еркін білдіру және қарым-қатынас жасау құқығы бар екенін атап өтеді. Бұл құқыққа өз ойынан бас тартпау бостандығы, мемлекеттік шекараларға қарамастан, мемлекеттік органдардың араласуынсыз, ақпарат пен идеяны алу және тарату құқығы жатады. Заңда көрсетілген және халықаралық стандарттарға сай келетін шектеулер ғана бұл құқықты іске асыруға тосқауыл бола алады.⁹⁵

91 John Stuart Mill. 1863. On Liberty. Boston: Ticknor and Fields, p. 35.

92 Фридом Хаус (Freedom House). Ойын білдіру бостандығы. <https://freedomhouse.org/issues/freedom-expression>.

93 Құжаттар тізімін мына сілтемеден көруге болады: <https://www.ohchr.org/EN/Issues/FreedomOpinion/Pages/Standards.aspx>.

94 Адам құқығы жөніндегі комитеттің 102 сессиясы, 11–29 шілде, 2011 жыл. Жалпы тәртіптегі ескертулер №34. <https://www2.ohchr.org/english/bodies/hrc/docs/qc34.pdf>

Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясының 10 бабында былай делінген: «Әр адамның өз ойын еркін білдіру құқығы бар. Бұл құқыққа өз ойынан бас тартпау, мемлекеттік шекараларға қарамастан, мемлекеттік органдардың араласуынсыз ақпарат пен идеяны алу және тарату құқығы жатады. Бұл бап мемлекеттердің радиохабар таратуға, теле және кинематографиялық өндіріске қатысты лицензияны талап етуіне шек қоймайды». Бұл бапта ары қарай міндеттер, жауапкершілік пен ықтимал шектеулер жайлы айтылады: «Бұл бостандықтарды және осыған қатысты міндеттер мен жауапкершілікті іске асыруды шектеу немесе оларға кедергі келтіру заңда көрсетілген және демократиялық қоғам үшін қажет деп есептелетін ұлттық қауіпсіздікті, территориялық тұтастықты немесе қоғамдық тәртіпті сақтап, тәртіпсіздік пен қылмыстың алдын алып, денсаулық пен абыройды сақтау үшін, басқа адамдардың беделі мен құқығын қорғап, құпия түрде қол жеткізген ақпаратты жариялаудың алдын алу немесе әділ сот төрелегімен қамтамасыз ету үшін қажет».⁹⁶ Өз шешімінде Сот келесі жағдайды анықтап береді: «10 бап идея мен ақпараттың мәнін ғана емес, оларды тарату формасын да қорғайды».⁹⁷

Тәжірибесіне сүйене отырып, Сот 10 бапты толықтай интернетке қатысты қолдануға болатынын растады⁹⁸. 10 бап ақпаратты тарату құқығына ғана кепілдік бермейді, ол сондай-ақ, қоғамның ақпарат алу құқығын да қорғайды. Интернет қоғам ақпарат алып, оны тарататын негізгі тәсілдердің бірі болғандықтан, сонымен қатар, ол саяси мәселелер мен жалпы мүддеге қатысты сұрақтар бойынша талқылауға қатысудың маңызды құралына қол жеткізуге мүмкіндік беретіндіктен, оны 10 бап қорғайтын салаға жатқызуға болады.⁹⁹ Соттың көрсетуінше, «Интернетті қолдану мүмкіндігі мен оның кең көлемді ақпараттарды сақтау және тарату мүмкіндігін ескерсек, ол қоғамның жаңалықпен танысу мүмкіндігін арттыруда және ақпаратты таратуға қолдау білдіруде маңызды рөл атқарады». Сот ойын ары қарай былай жалғастырады: «Желі қолданушыларының интернет арқылы атқарып жатқан әрекеттері ойын білдіру бостандығын іске асырудың теңдессіз платформасын жасауға көмектеседі».¹⁰⁰

95 ЕҚЫК Копенгаген кездесуі құжаты. 1990 ж. <https://www.osce.org/odihr/elections/14304?download=true>

96 АҚЕК, 10 бап.

97 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ньюс Верлагс ГмбХ енд Ко. КГ (News Verlags GmbH & Co.KG) Австрияға қарсы» ісі (31457/96), 11.04.2000. <http://hudoc.echr.coe.int/en-g?i=001-58587>, 39 п.

98 Еуропа Кеңесі: БАҚ және ақпараттық қоғам жөніндегі басқарушы комитет. 2014. 1197 Кездесу – 5 БАҚ «қатысушы мемлекеттерге арналған Министрлер комитетінің Интернет қолданушылары құқығы туралы ұсыныстары CM/Rec(2014)6 – Түсіндірме меморандум». https://search.coe.int/cm/Pages/result_details.aspx?ObjectID=09000016805c6f85_#P118_25200; Қараңыз: Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2020. Ақпараттық бюллетень – Жаңа технологиялар. https://www.echr.coe.int/Documents/FS_New_technologies_ENG.pdf.

99 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Таймс Ньюспейперз Лтд (Times Newspapers Ltd)» (№1 және 2) Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (3002/03 и 23676/03), 10.06.2009. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-91706>, 27 п. және Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ченгиз (Cengiz) және басқалары Түркияға қарсы» ісі (48226/10 және 14027/11), 01.03.2016. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-159188>, 49 п.

Ұлттық құқықтық нормалар мен жергілікті қауіпсіздік мәселесіне қайшы келмеген жағдайда интернет қарулы күштер саласы үшін, соның ішінде интернет қолдану құқығы бар әскери қызметін өтеп жүргендер үшін байланыс жасаудың таптырмас құралына айналады. Әскери борышын өтеп жүрген әскери қызметкерлердің өз ойынан бас тартпау, белгілі бір жағдайларда мемлекеттің араласуынсыз, мемлекеттік шекараға қарамастан ақпарат пен идея қабылдап, тарату құқығы бар. Оларда сондай-ақ, әскери басшылықтың қарамағындағы ақпаратты алу құқығы да болуы керек.¹⁰¹ Бұл норманы сыйлау және оны толығымен орындаудың қарулы күштер үшін маңызы зор. ЕҚЫҰ Демократиялық институттар мен адам құқығы жөніндегі бюросы (ДИАҚБ) қызметкері Грациелла Павоненің (Graziella Pavone) айтуынша, «сөз бостандығы адамның өзін танытуы, қарым-қатынасы мен басқалармен арадағы әрекетіне байланысты болғандықтан, оны дамытудың қарулы күштер үшін пайдасы зор, өйткені бұл моральдық рух пен әскери ұйым ішінде транспаренттіліктің артуына жол ашады».¹⁰²

2. Пікір білдіру құқығын шектеу немесе оған кедергі келтіру

Пікірін білдіру құқығы абсолютті емес болғандықтан, оны белгілі бір жағдайларға сай шектеуге болады. АСҚХП 19(3) бабына сәйкес, кез келген шектеу заң шеңберінде орын алуы керек; басқалардың құқығы немесе абыройын сыйлау үшін іске асырылуы керек; мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, халық денсаулығын немесе абыройын қорғауы және заңды мақсатқа қол жеткізерліктей болуы керек. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Конвенцияның 10(2) бабында түрлі міндеттер мен жауапкершілікті қамтитын бұл бостандықтарды іске асыруға бір немесе бірнеше мақсатқа қол жеткізуді көздейтін, «заңда қарастырылған» және «демократиялық қоғам үшін қажетті» шектеулер қойылады. Әскерге шақырудың мәнін былай анықтайды: «тәртіпсіздік немесе қылмыстың алдын алу» мақсатына «нақты әлеуметтік топта орын алатын» тәртіпсіздіктерге тосқауыл болу, осыған байланысты әскери тәртіпті сақтау («*Энгел (Engel) Нидерландыға қарсы*»).

100 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ченгиз (Cengiz) және басқалары Түркияға қарсы» ісі (48226/10 және 14027/11), 01.03.2016. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-159188>, 52 п.

101 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Тарсасаг а Жабасгайогокерт (Társaság a Szabadságjogokért) Венгрияға қарсы» ісі (37374/05), 14.07.2009. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-92171>, 35 п; Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Адам құқығын қорғау жөніндегі жастар бастамасы Сербияға қарсы» (48135/06), 25.09.2013. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-120955>, 20 п.

102 ЕҚЫҰ. Қарулы күштердегі сөз бостандығы және пікір білдіру бостандығы Варшавадағы ДИАҚБ мен ӘҚКЕҰ талқылауларының негізгі тақырыбы ретінде, 17 қыркүйек, 2018 ж. <https://www.osce.org/odihr/395732>

10 бапта көрсетілген құқықтардың шектелу мәселесіне келсек, бұл құқықтарды бұзудың қаншалықты заңды екендігі жайлы орынды сұрақ туындауы мүмкін. Күш қолдануға әдейі итермелеген жағдайда және мұндай айтақтаудан кейін күш қолдану міндетті түрде орын алса, күш қолдануға мәжбүрлеу әрекеті 10 бапқа сай қорғалмайды. Сондай-ақ, аз топқа қарсы дұшпандық көзқарас білдіруді де 10 бап көмегімен қорғай алмайды.¹⁰³ 10 бапты сонымен қатар 17 баппен байланыстыра қарастырған жөн. 17 бап құқықтарды теріс қолдануға тыйым салады; ол бойынша Конвенцияда берілген ережені «қандай да бір топ немесе адам Конвенцияда көрсетілген құқықтар мен бостандықтарды жоққа шығаратын әрекетпен айналыса алады» деп түсіндіруге болмайды. Демек, 10 бап еш себепсіз ренжіткен немесе этникалық тұрғыдан күш көрсеткен әрекеттерге қатысты қолданылмайды.¹⁰⁴ Бұның басқалар сияқты әскери жағдайға да қатысы бар. Айталық, «Ружак (Rujak) Хорватияға қарсы»¹⁰⁵ ісін алып қарасақ, әскери қызметкердің келесі бір әскери қызметкермен сөз таластыру кезінде айтқан сөздеріне бола берілген сөгіске қатысты келіп түскен шағымды бұл бап қарастырмайды.¹⁰⁶ Сот «әдепсіз, боқтық сөздер сияқты нақты сөйлем түрі адамның пікір білдіруінде еш рөл атқармайды», мұндай, адам көңіліне кір келтіретін сөздердің мақсаты – адамды ренжіту деген тоқтамға келді.¹⁰⁷

10 бапқа сай қорғау мәселесіне келер болсақ, норманың өзі мемлекет шектеп, тыйым сала алатын пікір білдіру құқығына қатысты мақсаттар тізімін анықтап береді. Сот 10 бапта көрсетілген құқықтарды әскери контексте шектеудің қаншалықты заңға сай екенін бірнеше рет қарастырды. Шектеудің маңызды түрлерінің біріне әскери қызметкерлердің қоғамдық ақпарат алу мүмкіндігі жатады. Қарулы күштер саласында ақпарат алу мүмкіндігін шектеу қажет деп есептейтін мемлекеттермен толықтай келіспегенімен, Сот армияның қажетті деңгейде қызмет етуі үшін әскери тәртіптің бұзылуына бөгет болатын ережелердің болуы қажет екенін және кей жағдайда бұл нақты бір ақпаратты (айталық, ұлттық қауіпсіздікпен байланысты құпия ақпараттар) алу мүмкіндігін шектеу дегенді білдіретінін мойындайды.¹⁰⁸ Бұл айтылғандардың мағынасы кең, өйткені, қарулы күштер белгілі бір деңгейде мемлекетті білдіретіндіктен,

103 Dominika Bychawska-Siniarska. 2017. Protecting the right to freedom of expression under the European Convention on Human Rights: A handbook for legal practitioners. Council of Europe. <https://rm.coe.int/handbook-freedom-of-expression-eng/1680732814>.

104 Karen Reid. 2015. A Practitioner's Guide to the European Convention on Human Rights (5th Edition, Sweet and Maxwell), p 368.

105 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Владимир Ружак (Vladimir Rujak) Хорватияға қарсы» ісі бойынша бірінші шешім (57942/10), 02.10.2012. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-114145>.

106 Karen Reid. 2015. A Practitioner's Guide to the European Convention on Human Rights (5th Edition, Sweet and Maxwell), p 368.

107 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Владимир Ружак (Vladimir Rujak) Хорватияға қарсы» ісі бойынша бірінші шешім (57942/10), 02.10.2012. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-114145>, 29 п

108 Karen Reid. 2015. A Practitioner's Guide to the European Convention on Human Rights (5th Edition, Sweet and Maxwell), p. 366–67.

әскери борышын өтеп жүргендердің пікір білдіру бостандығын әскери қызмет түріне байланысты шектеуге болады. Әскери қызметкерлер әскери операцияларға немесе дала оқу-жаттығу жиындарына қатысып жүрген кезде ақпаратты таратуға шектеу қойылады. Бұл қағида әскери борышын өтеуге шақырылғандарға да, кәсіби әскери қызметкерлерге де қатысты. Дегенмен, олармен қарым-қатынас әр түрлі болуы мүмкін. Энгел (Engel) ісіне келер болсақ, Сот армияға тән иерархиялық құрылым әскери шенге қарай дифференцияланатынын атап көрсетті. Түрлі шен түрлі міндетті білдіреді, ал олар өз кезегінде тәртіптік талаптың арасында айырмашылық болу қажет екенін мақұлдайды. Осылайша, Еуропа конвенциясы мемлекеттік биліктің құзырлы органдарына әскери қызметкерлердің түрлі категорияларына түрліше қарау еркіндігін береді.¹⁰⁹

Сот сондай-ақ, әскерге шақырылған адамдардың пікір білдіру бостандығы сияқты құқықтарының заңға сай шектелуін қабылдай отырып, әскери тәртіпті сақтау керектігін, мінез-құлық кодексінде берілген нақты құқықтарды сақтауға дайын болуын, ұлттық қауіпсіздікке байланысты түрлі тапсырмаларды орындауға міндетті екенін атап өтеді. Әрине, әскери тәртіпті сақтау қажеттігі пікір білдіру бостандығын шектеуге толықтай негіз бола алмайды. «Йокшас (Jokšas) Литваға қарсы» ісіне келер болсақ, Сот әскери тәртіпке «шынымен де қауіп төніп тұрса» Келісуші мемлекеттер заң жүзінде пікір білдіру бостандығына шектеу қоя алғанымен, институт ретінде армияға қарсы бағытталған болса да әскери қызметкердің пікір білдіруіне шектеу қоя алмайтынын атап өтті.¹¹⁰ Төменде мұндай шектеулерді заңға сәйкес іске асыру мәселесі туралы сөз болады.

Құпия ақпарат және мемлекеттік құпия – әскери қызметтің ажырамас бөлігі және ол ұлттық қауіпсіздікке байланысты ойын білдіру бостандығына қосымша шектеу қоя алатын салалар қатарына жатады. **«Хаджианастассиу (Hadjianastassiou) Грецияға қарсы»** ісінде әскери қызметкер құпия ақпарат категориясына жататын ақпаратты жариялағаны үшін сотталады. Ол нақты бір қаруға қатысты техникалық ақпаратты жария еткеніне байланысты, сот оны ұлттық қауіпсіздікке айтарлықтай зиян келтірді деп табады. Сот айыптау үкімі бұл әскери қызметкердің пікір білдіру құқығына шектеу қою деп есептелгенімен, бұл үкім орынды деген қорытынды шығарады.¹¹¹

109 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Энгел (Engel) және басқалары Нидерландыға қарсы» ісі (5100/71; 5101/71; 5102/71; 5354/72; 5370/72), 08.06.1976. <http://hudoc.echr.coe.int/tur?i=001-57479>.

110 Stefan Kirchner & Vanessa Maria Frese. 2014 ж. The Freedom of Expression of Members of the Armed Forces Under the European Convention on Human Rights in Jokšas v. Lithuania. Baltic Journal of Law & Politics 7:1. p. 12–28.

111 Dominika Bychawska-Siniarska. 2017. Protecting the right to freedom of expression under the European Convention on Human Rights: A handbook for legal practitioners. Council of Europe. <https://rm.coe.int/handbook-freedom-of-expression-eng/1680732814>.

Қарулы күштердің саяси бейтараптығын қамтамасыз ету мақсатында қойылатын шектеулерді де орынды деуге болады. Оны адам құқығы саласындағы халықаралық заңнамалар да, процессуалдық нормалар да құптайды. Қауіпсіздіктің әскери-саяси аспектілеріне арналған ЕҚЫҰ Мінез-құлық кодексінің 23 тармағында жеке әскери қызметкердің азаматтық құқығын қамтамасыз ете отырып, әр мемлекет өз қарулы күштерінің саяси бейтараптығын қамтамасыз етеді делінген.¹¹² 2011 жылы Афганстандағы НАТО және АҚШ қолбасшысы генерал Джон Р. Аллен (John R. Allen) Афганстандағы НАТО оқу миссиясы бағдарламалары командирінің орынбасары генерал-лейтенант Питер Фуллерді (Peter Fuller) жұмыстан шығарып жібереді. Бұл шешімнің себебі генерал-лейтенант Фуллердің (Fuller) әлеуметтік желілерде жариялаған, президент Карзайды (Karzai) нені де күтуге болатын, кекеш адам ретінде сипаттаған әдепсіз жазбалары мен афган саясатына қатысты айтылған басқа да сыни пікірлері еді.¹¹³ Қарулы күштердің саяси бейтараптығы мәселесін, сонымен қатар, «Реквеньи (Rekvényi) Венгрияға қарсы» ісінен де байқауға болады.¹¹⁴ Бұл іс полиция қызметкерлері мен қауіпсіздік қызметіне қандай да бір саяси партияға мүше болып, қандай да бір саяси іспен айналысуына шектеу қоюға қатысты конституцияға енгізген түзетуге байланысты. Парламент сайлауының жақындап келе жатуына байланысты, ұлттық полиция бастығы полиция қызметкерлерінен саясатпен айналыспауын талап етеді және саясатпен айналысқысы келгендерге полициядан кетуіне тура келетінін айтады. Шағымданушы Венгрия Конституциясының 40 бабының 4 тармағында көрсетілген «саясатпен айналысуға» шектеу қою Конвенцияның 10 бабында көрсетілген пікір білдіру бостандығына себепсіз кедергі келтірумен бірдей екенін айтады. Сот бұл істе айтылған мемлекеттік лауазымды қызметкерлердің белгілі бір категориясының, соның ішінде, полиция қызметкерлерінің саясатпен айналыспау міндеті бұл қызметтерді саясаттан алшақтатуға, осылайша, елде плюралистік демократияны қолдауға және нығайтуға бағытталғанын атап өтті. Полиция қызметкерлеріне азаматтардың іс-әрекетін реттеу құзыреті берілсе, кей елде оларға міндетін атқару кезінде қару асынып жүруге рұқсат берілген. Осылайша, азаматтар полициямен бірге әрекет ету кезінде өз міндетін мүлтіксіз орындауға кедергі келтіруі мүмкін саяси көзқарастардан өзін аулақ ұстайтын, саяси тұрғыдан бейтарап қызметкерлермен істес болып жүргеніне сенімді бола алады. Соттың пікірінше, саяси бейтараптыққа байланысты полицияның қоғамда атқарар маңызды рөліне нұқсан келмеуін қадағалау және кей жағдайда полиция қызметкерлерінің ойын білдіру құқығын шектеу демократиялық принциптерге сай келеді.¹¹⁵ Мұндай принциптерді әскери қызметкерлерге қатысты да қолдануға болады.¹¹⁶

112 ЕҚЫҰ. 1994. Қауіпсіздіктің әскери-саяси аспектілеріне қатысты мінез-құлық кодексі. <https://www.osce.org/fsc/41355?download=true>.

113 Rod Nordland, 5 November 2011. General Fired Over Karzai Remarks. New York Times. <https://www.nytimes.com/2011/11/06/world/asia/us-general-fired-over-remarks-about-karzai.html>

114 Адамқұқығы жөніндегі Еуропасоты. «Реквеньи (Rekvényi) Венгрияға қарсы» ісі, 20.05.1999. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58262>.

Әскерге шақырылған адамдардың осы салада құқығын қарауға арналған сот тәжірибесінің болмауына байланысты, оларға саяси бейтараптық талабы мен осыған байланысты шектеулерді қалай қолданатыны түсініксіз. Былай қарағанда, кейбір шектеулердің әскерге шақырылушыларға қатысы болуы ойға қонымды. Дегенмен, олардың жағдайы кәсіби әскери қызметкерлерден өзгеше. Әскерге шақырылғандар олардың бостандығын шектеуге келісім берген жоқ, ал, әскери қызметкер мәртебесі оларға уақытша беріледі. Сондай-ақ, оларда күш қолдану құзыреті жоқ, ал міндеті – кәсіби дайындықпен ғана шектеледі. Олай болса, олардың жеке бас құқығын мемлекеттің заңды мүддесімен салыстырған кезде басқа әскери қызметкерлерге қойылатын шектеулерді оларға қолдану орынсыз деуге болады. Әскерге шақырылушылардың саяси «белсенділігі» мен «селқостығы» арасын айырып көрсете отырып, ортақ өлшем табуға болар еді, осылайша, әскерге шақырылғандарға қойылатын талапты заңды деп есептеуге, олардың саяси өмірге белсенді араласуын мүлде немесе уақытша тоқтатуға болар еді (айталық, сайлау алды кампанияларға қатысу, саяси партиялар және саяси ұйымдар ұйымдастырған жиналыстарға немесе басқа да қоғамдық іс-шараларға қатысу, саяси мәлімдеме жасау, мақала, баяндама немесе талап жазу), дегенмен, оларды қандай да бір саяси партияға мүшелігінен айыру немесе оның жұмысына сырттай қатысуына кедергі келтіру заңсыз деп есептеледі.

Жалпы алғанда, әскери тәртіп, ұлттық қауіпсіздік, тәртіпсіздік пен қылмыстың алдын алу және құпия ақпаратты қорғау – мемлекетке әскерге шақырылғандардың пікір білдіру құқығын іске асыруға кедергі келтіріп, шектеу қоюға мүмкіндік беретін негізгі бағыттар. Айталық, Энгел (Engel) ісіне қатысты 10 бап кепілдік беретін пікір білдіру құқығы Келісуші мемлекеттер юрисдикциясына қарайтын басқа адамдармен қатар әскери қызметкерлерге де қатысты екенін Сот қайта-қайта ескертті. Алайда, армия қажетті деңгейде қызмет етуі үшін әскери қызметкерлердің әскери тәртіпті бұзуына жол бермейтін құқықтық режим қажет. Ал Соттың әскери қызметкерлерге жүктелетін «нақты міндеттер» мен «жауапкершілікті» елемеге қақысы жоқ.¹¹⁷

Осылайша, құжаттарды басып шығарып, таратқаны үшін арызданушыларды жазалау (оларды тәртіп бөліміне жіберген) 10 бапқа қайшы емес. «Ле Кур Гранмезон (Le Cour Grandmaison) мен Фриц (Fritz) Францияға қарсы» ісінде де осында сұрақтар туындады. Арызданушылар Германия Федеративті Республикасында орналасқан француз полкінде әскери қызметін өтеп жүрген кезде француз әскерилерінің

115 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Реквенъи (Rekvényi) Венгрияға қарсы» ісі, 20.05.1999. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58262>

116 DCAF, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ. 2008. Адам құқығымен әскери қызметкерлердің негізгі бостандықтарына арналған анықтама. ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқығы жөніндегі Бюрода жарық көрді. <https://www.dcaf.ch/sites/default/files/publications/documents/HandbookHuman-RightsArmedForces-080409.pdf>.

117 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Энгел және басқалары Нидерландыға қарсы» ісі (5100/71; 5101/71; 5102/71; 5354/72; 5370/72). 08/06/1976. <http://hudoc.echr.coe.int/tur?i=001-57479>.

Германия Федеративті Республикасында болуын сынап листовкалар таратып, француз әскерлерін Германиядан шығаруды талап ете отырып, петиция жариялағаны және қызметтестерін командирге бағынбауға шақырғаны үшін шартты түрде бір жылға түрмеге қамалады. Олар арызында 9 және 10 баптың бұзылғанын алға тарта отырып, Әскери юстиция кодексі мен Армиядағы жалпы тәртіп ережесі туралы Жарлықты қолдану олардың пікір білдіру құқығын бұзу деп мәлімдейді. Алайда, шағымданушыларға кесілген айыптау үкімі ұлттық қауіпсіздік пен қарулы күштерде тәртіпсіздікті болдырмау мақсатында шығарылды дей отырып, Сот олармен келіспейді.¹¹⁸ Бұл істерді **«Австрия демократиялық сарбаздары қауымдастығы (Vereinigung demokratischer Soldaten Österreichs) мен Губи (Gubi) Австрияға қарсы»**¹¹⁹ ісімен салыстыруға болады. Бұл істе, Сот нақты бір журналды Австрия армиясының мерзімдік баспалар тізіміне енгізуден мемлекеттің бас тартуы қарулы күштерде тәртіпті сақтаумен байланысты болғанымен, бұл мерзімдік журнал «сатира мен сынауды» мақсат еткен және онда бұйрыққа бағынбау немесе күш қолдану жайттары айтылмайды, тек көңілдері толмауының нақты себебі көрсетіліп, талқылау мен реформа жасауға ұсыныс береді деген қорытындыны алға тартады. Бұл – «мұндай армия қызмет ететін қоғамда қалай рұқсат етілсе, демократиялық мемлекет армиясында да солай рұқсат етілуі қажет» дегенді білдіреді. Сол сияқты, **«Григориадес (Grigoriades) Грецияға қарсы»**¹²⁰ ісіндегі әскери борышын өтеп жүрген резервтегі сынақтан өтуші офицердің өз командиріне жазған «Греция қарулы күштеріне қатысты өткір, қызбалыққа салынған ескертулері» оны жауапкершілікке тартып, айыптауға жеткілікті негіз бола алмайды және оны 10 бапты бұзу деуге болады. Пікір білдіру құқығына қатысты қолданылатын шектеулер пропорционалдылық, демократиялық қоғамға қажет болу және алаламай қолдану сияқты белгілі бір критерилерге сай болуы керек және ұлттық заңнамада оларды нақты сипаттап көрсету керек. Пікір білдіру құқығын шектеуге қатысты шаралар озбырлықтың алдын алып, қандай шара қолданатыны жайлы хабардар етерліктей болуы керек.¹²¹ Жалпы алғанда, Сот әскери қызметкерлердің, соның ішінде, шақыру бойынша әскери борышын өтеп жүргендердің құқықтарын шектеуге қатысты істерді мемлекеттердің өз қалауынша қарауына мүмкіндік береді.¹²²

118 Anna-Lena Svensson-McCarthy. 1998. The International Law of Human Rights and States of Exception with special reference to the travaux préparatoires and case-law of the international monitoring organs. Brill. p. 179.

119 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Австрия демократиялық сарбаздары қауымдастығы (Vereinigung demokratischer Soldaten Österreichs) және Губи (Gubi) Австрияға қарсы» ісі (15153/89), 19.12.1994. "<http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-57908>".

120 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Григориадес (Grigoriades) Грецияға қарсы» ісі (121/1996/740/939), 25.11.1997. <http://hudoc.echr.coe.int/app/conversion/pdf/?library=ECHR&id=001-58116&filename=001-58116.pdf>.

121 Еуропа Кеңесі: Министрлер Комитеті. 2010. Әскери қызметкерлер құқығына қатысты министрлер комитетінің қатысушы мемлекеттерге берген ұсынысы CM/Rec(2010)4 және түсіндірме меморандум. <https://policehumanrightsresources.org/content/uploads/2016/06/CoE-Guide-lines-on-Human-Rights-of-members-of-the-armed-forces.pdf?x96812>, 51 б.

Бір жағынан бұл «ұлттық қауіпсіздік» ұғымының бір жақты еместігімен, екінші жағынан оны түрліше түсіндірумен байланысты. Қалай болғанда да, шектеу қоюға нақты құқықтық негіз бар екенін көрсете алмаған мемлекет шектеу қоя алмайды. Судья Лохмус (Lohmus) ерекше атап өткендей, таңдау еркіндігі транспарентті емес, ал, Сот шешімі түрлі болуы мүмкін. Ол былай деген еді: «мемлекеттердің таңдау еркіндігіне қатысты доктринаны іске асыру кезінде Сот 10 бапты (10 бап) түрліше қолдана алады. Кей кезде таңдау еркіндігі кең көлемде қолданылса, бірінде оған көбірек шектеу қойылады. Алайда, осы таңдау еркіндігі шегін қандай принциптер анықтайтынын кесіп айту қиын».¹²³

Конвенция жүйесі аясында кеңінен қолданылатын пропорционалдылық тесті құқықтарды шектеу немесе оларға кедергі келтіру заңды мақсатқа қай кезде және қаншалықты сүйене алатынын ескеруді талап етеді. Айталық, ұлттық қауіпсіздікке қатысты барлық ақпаратты абсолютті және шартсыз түрде таратуға тыйым салатын, сондай-ақ, қоғамның барлау қызметінің әрекетін бақылау мүмкіндігін шектейтін заңдар 10 бапты бұзған болып есептеледі, өйткені, олардың заңды мақсаты болғанымен, олардың «демократиялық қоғам үшін қажеті» жоқ.¹²⁴ Төменде басқа да мысалдар берілді. Сондықтан, таңдау еркіндігінің көп жақтылығына қарамастан, Соттың «10 бап армия казармасында да күшін жоймайды» деген ескертуінің (мысал үшін **«Григориадес (Grigoriades) Грецияға қарсы»** ісін қараңыз), нақты күші бар. Осы сияқты тағы бір нұсқаулықты Йоханнесбург принциптерінің 12 принципінен табуға болады. Онда «мемлекеттер ұлттық қауіпсіздікке қатысты ақпараттың барлығына үзілді-кесілді шектеу қоя алмағанымен, ұлттық қауіпсіздіктің заңды мүддесін қорғау мақсатында шектеу қойылуы керек нақты және санаулы ақпаратты заңда атап көрсетуі керек» делінген».¹²⁵ Солай бола тұра, нақты бір ақпаратты алуға мүмкіндік беру және оны таратуға рұқсат беру мемлекеттің нақты бір жағдайларда иек артуы қажет ұстанымдарының бірі болуы керек, ал, шектеулерді заңға сай қоюға болады. Айталық, объективті негіздер мен заңға сәйкес құжаттарды құпия құжаттар категориясына жатқызуға болады. Сонымен қатар, ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс немесе халықаралық қатынастар мәселесін де заң жүзінде шектеуге болады.¹²⁶ Алайда, қорғалатын мүдделерді нақты анықтап, олардың ұлттық қауіпсіздік талаптарына жауап бере алатынына кепілдік бере отырып, мемлекеттер мұндай шектеулерді ұлттық заңнамаларда нақты көрсетуі қажет.

122 Еуропа Кеңесі: Министрлер Комитеті. 2010. Әскери қызметкерлер құқығына қатысты министрлер комитетінің қатысушы мемлекеттерге берген ұсынысы CM/Rec(2010)4 және түсіндірме меморандум. <https://policehumanrightsresources.org/content/uploads/2016/06/CoE-Guide-lines-on-Human-Rights-of-members-of-the-armed-forces.pdf?x96812>, 51 б.

123 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Уингроув (Wingrove) Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (17419/90), 25.11.1996. <http://hudoc.echr.coe.int/web/services/content/pdf/001-58080>.

124 Dominika Bychawska-Siniarska). 2017. Protecting the right to freedom of expression under the European Convention on Human Rights: A handbook for legal practitioners. Council of Europe. <https://rm.coe.int/handbook-freedom-of-expression-eng/1680732814>. p. 51.

125 Сонда, 53 б.

Әскерге шақырылған мемлекеттік лауазымды тұлғалардан немесе жеке адамнан келіп түскен арыз-шағымдарды нақты ажырата білген жөн. Осылайша ажырату мемлекет үшін аса маңызды, өйткені ресми мемлекеттік қызмет атқару барысында келіп түскен шағымдар мемлекетке тікелей қатысты.¹²⁷ Әскерге шақырылғандардың құқығын қорғау қажет екендігіне қарамастан, олардың атқаратын қызмет сипаты әлі де нақты ажыратылып көрсетілмегендіктен, жеке тұлға ретінде олардың ойын білдіру құқығын қорғау мәселесі әлі де шешімін таба қойған жоқ.

3. Қарастырылып отырған мәселеге қатысты істер

Йокшас (Jokšas) Литваға қарсы:¹²⁸ 2002 жылы арызданушы бес жылдық келісімшарт бойынша Литваның қарулы күштерінде борышын өтеді. Ол келісімшартты белгілі бір жағдайларға байланысты мерзімінен бұрын бұзуға болады. 2006 жылы Литва газеті арызданушының жаңа заңнама тәртіп саласында әскери қызметкерлерді жеткілікті деңгейде қорғай алмайды деген мақаласын басып шығарады. Ішкі тексерістер жүргізілгенімен, арызданушының әскери тәртіпті бұзбағанына байланысты іс тоқтатылады. 2006 жылы арызданушы отставкаға кету жасына жетеді де, қолданыстағы заңнамаға сәйкес оның келісімшарты бұзылады. Арызданушы өзінің жеке бас пікіріне байланысты қудалауға ұшырағанын айта отырып, әкімшілік сотқа шағымданады және соттан жасына қарай отставкаға кетуі қажет болған батальондағы басқа да әскерлермен кездесіп, олардың жауабын қарастыруды өтінеді. Әкімшілік сот оның арызын қанағаттандырмайды, ал бұл шешімді Жоғарғы әкімшілік сот қолдайды. Сот «10 бап армия казармасында күшін жоймайтынын» айта келіп, мемлекеттер «әскери тәртіпке нақты қауіп төніп тұрған жағдайда» пікір білдіру бостандығына шектеу қоя алғанымен, олар «айтылған пікір институт ретінде армияға қарсы бағытталса да, әскери қызметкерлердің пікір білдіруіне кедергі келтіру үшін мұндай ережелерге сүйене алмайтынын» баса айтады. Ал, дәлелдерге келер болсақ, Сот арызданушының газетке жазған мақаласына байланысты жүргізілген ішкі тексеріс оның еш заңнама ережелерін бұзбағанына байланысты тоқтатылғанын, сондықтан, оған қандай да бір тәртіптік шара қолданылмағанын алға тартады.

126 Еуропа Кеңесі: Министрлер Комитеті. 2010. Әскери қызметкерлер құқығына қатысты министрлер комитетінің қатысушы мемлекеттерге берген ұсынысы CM/Rec(2010)4 және түсіндірме меморандум, 53 б.

127 Stefan Kirchner & Vanessa Maria Frese. 2014. The Freedom of Expression of Members of the Armed Forces Under the European Convention on Human Rights in *Jokšas v. Lithuania*. *Baltic Journal of Law & Politics* 7:1. p. 12– 28.

128 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Йокшас (Jokšas) Литваға қарсы» ісі (25330/07), 12.11.2013. "<http://hudoc.echr.coe.int/fre?i=001-128039>".

Осылайша, Сот осы ішкі тексеріске байланысты арызданушыда Конвенция бұзылды деуге негіз жоқ екенін айта келіп, оның келісімшартты бұзуға қатысты арызын қанағаттандырмайды.

Энгел (Engel) және басқалары Нидерландыға қарсы.¹²⁹ Әскерге шақырылған тұлғалардың өздерінен шені жоғары офицерлерді сынаған құжаттарды жария етіп, таратуына тыйым салуды Сот олардың пікір білдіру бостандығын дұрыс шектеу деп есептейді. Сондай-ақ, Сот мәселе «олардың пікір білдіру құқығын шектеуде емес, керісінше, тек қана олардың осы құқықты асыра пайдалануында» екенін атап өтеді.¹³⁰ Атап айтсақ, Соттың ойынша, арызданушылар бұл мақаланы әскери казармада жағдай ушығып тұрған кезде жариялап, таратуға белсене ат салысқан. Осы жағдайды ескере отырып, Сот Жоғарғы әскери соттың шақыру бойынша әскери борышын өтеп жүрген бұл әскери қызметкерлер әскери тәртіпті бұзуға тырысты деп есептеуіне негіз бар, демек, тәртіпсіздіктің алдын алу мақсатында олардың жазалануы әбден орынды деген шешім қабылдайды. Нәтижесінде, Сот олардың Конвенцияның 10(2) бабында қарастырылған құқығы бұзылған жоқ деп қорытындылайды.

Австрия демократиялық сарбаздары қауымдастығы (**Vereinigung demokratischer Soldaten Österreichs**) мен Губи (**Gubi**) Австрияға қарсы:¹³¹ мемлекеттік органдар әскери қызметкерлер арасында әскери әкімшілікті сынайтын мерзімдік басылымды таратуға тыйым салады. Австрия мемлекеттік органдарының көрсетуінше, арызданушылардың бұл мерзімдік басылымы қорғаныс жүйесі мен армияның әскери дайындығына қауіп төндірді. Сот мемлекеттік органдардың уәждерімен келіспейді және бұл мерзімдік баспада жарық көрген материалдардың көбі, арыз мазмұны, реформалар және әскерге шақырылғандардың заңға сай арыз жазу немесе апелляцияға беру механизмі демократиялық мемлекет армиясында және осы армия қызмет ететін қоғамда идеяларын бөлісу шеңберінен шықпағанын атап көрсетеді.¹³² **«Обзервер» (Observer) және «Гардиан» (Guardian) Біріккен Корольдікке қарсы**¹³³ 1986 жылы екі газет өздерінің барлау қызметінің отставкадағы қызметкері Питер Райт

129 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Энгел (Engel) және басқалары Нидерландыға қарсы» ісі (5100/71; 5101/71; 5102/71; 5354/72; 5370/72), 08.06.1976. <http://hudoc.echr.coe.int/tur?i=001-57479>.

130 Dominika Bychawska-Siniarska). 2017. Protecting the right to freedom of expression under the European Convention on Human Rights: A handbook for legal practitioners. Council of Europe. <https://rm.coe.int/handbook-freedom-of-expression-eng/1680732814>. p.19

131 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Австрия демократиялық сарбаздары қауымдастығы (Vereinigung demokratischer Soldaten Österreichs) және Губи (Gubi) Австрияға қарсы» (15153/89), 19.12.1994. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-57908>.

132 Dominika Bychawska-Siniarska). 2017. Protecting the right to freedom of expression under the European Convention on Human Rights: A handbook for legal practitioners. Council of Europe. <https://rm.coe.int/handbook-freedom-of-expression-eng/1680732814>. p.58.

(Peter Wright) жазған «*Spycatcher*» (Контрбарлаушы) кітабының үзіндісін жариялағысы келетінін мәлімдейді. Анонс кезінде кітап әлі жарық көрмеген-тұғын. Райт мырзаның бұл кітабы Ұлыбритания барлау қызметі мен оның агенттерінің заңсыз іс-әрекетін сипаттайды-мыс. Оның айтуынша, МИ5 50 және 60 жылдары Лондонда өткізілген дипломатиялық конференциялар мен 1979 жылғы Зимбабве тәуелсіздігіне қатысты келіссөздер туралы мәлімет жинап, телефон әңгімелерін тыңдау үшін бақылаудың интрузивтік тәсілдерін қолданған. Ол сондай-ақ, МИ5 Франция, Германия, Греция және Индонезия дипломаттарына қарсы, сондай-ақ, 1950 жылы Хрущев мырзаның Ұлыбританияға сапары кезінде де осындай әдістерді қолданғанын; МИ5 қызметкерлері кеңестік консульдықтарды тонап, олардың әңгімелерін заңсыз тыңдағанын; Суэц дағдарысы кезінде олардың Египет президенті Нассерді (Nasser) өлтіруді жоспарлағанын; ресурстарын Ұлыбританиядағы солшыл саяси топтарды тергеуге жұмсағанын; сондай-ақ, 1974-1976 жылдары Гарольд Уилсон (Harold Wilson) премьер болып тұрған кезде оған қарсы қастандыққа баруға ниеттенгенін жеткізеді. Сол кездегі бас прокурор газеттер ісімен айналысып жүрген соттан бұл газеттер кітап үзіндісін жарияламауы үшін олардың іс-әрекетін мүлдем тоқтатуын талап етеді. 1986 жылдың шілдесінде газеттерді мүлдем жабу жөнінде сот ісі жүріп жатқанына байланысты, бұл газеттердің кітап үзіндісін жариялауына тосқауыл болу үшін олардың іс-әрекетін уақытша тоқтатады. 1987 жылдың шілдесінде кітап Америка Құрама Штаттарында басылып шығады да Біріккен Корольдікте де сатыла бастайды. Осыған қарамастан, газеттердің іс-әрекетін уақытша тоқтату туралы сот шешімі 1988 жылдың қазанына дейін күшін жоймайды. Осыдан кейін Лордтар палатасы бас прокурордың газеттерді жабу жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тартады. «Обзервер» (The Observer) және «Гардиан» (The Guardian) газеттері олардың іс-әрекеттерінің уақытша тоқтатылуына байланысты Еуропа сотына шағым түсіреді. Британ үкіметі газеттер уақытша тоқтатылған кезде Питер Уайттың (Peter Wright) білген ақпараты құпия ақпараттар қатарына жатқанын алға тартады. Кітап Америка Құрама Штаттарында басылып шыққанға дейін, үкімет Ұлыбритания барлау қызметі ақпаратты қажетті деңгейде қорғай алуы үшін сот арқылы ары қарай да тыйым салу қажет екеніне одақтас мемлекеттерді сендіруге тырысып келді.

Сот газеттердің жұмысын уақытша тоқтату – «*Spycatcher*» кітабында жарияланған материалдар қауіпсіздік қызметтеріне келтіруі мүмкін шығынның алдын алу заңды мақсатын көздеді деген шешімге келеді. 10 бапқа шектеу қою демократиялық қоғамға қажет пе еді деген сұраққа Сот оның кітап шыққанға дейін ғана қажеті болғанын, ал кітап шыққаннан кейін ол орынсыз екенін ескертті.

133 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Обзервер» (Observer) және «Гардиан» (Guardian) Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (13585/88), 26.11.1991. <http://hudoc.echr.coe.int/tur?i=001-57705>.

Кітап Америка Құрама Штаттарында басылып шыққаннан кейін, бұл ақпарат құпиялылығын жоғалтты, демек ақпаратты көпшіліктен жасырудың қажеті болмай қалды. Демек, қауіпсіздік қызметтері жұмысының тиімділігі мен беделін арттыруға көмектесу бұл ақпаратты жариялауға ары қарай тыйым салуға жеткілікті негіз бола алмайды.

Хаджианастассиу (Hadjianastassiou) Грецияға қарсы.¹³⁴ офицерге қаржы пайдасын көздей отырып, жеке компанияға құпия әскери ақпаратты бергені үшін шартты түрде бес айға түрмеге қамау жазасы кесіледі. Ақпарат нақты бір қару мен оның техникалық сипаттамасы төңірегінде болып отыр. Үкіметтің пікірінше, бұл ақпаратты жария ету ұлттық қауіпсіздікке айтарлықтай шығын келтірер еді.¹³⁵ Қалай болғанда да, әскери ақпаратты да 10 бапқа сай қорғауға болатынын алға тарта отырып, Сот «ұлттық қауіпсіздікті» қорғау үшін айыптау жазасының «демократиялық қоғам үшін» қажет екенін баса айтады. Ол мемлекеттің қару жасап шығару жетістігі жайлы ақпарат беретін осы қару мен оның техникалық сипаттамасына қатысты мемлекет мүддесін жария ету ұлттық қауіпсіздікке айтарлықтай қауіп төндірер еді дей келе, қолдағы дәлелдер қолданылған тәсілдер мен көздеген заңды мақсат арасында пропорционалдылық болғанын көрсететінін атап өтеді¹³⁶ Демек, 10 бап бұзылмады.

Сашманн (Saszmann) Австрияға қарсы.¹³⁷ бұл арызданушы әскери қызметкерлерді баспасөз арқылы әскери заңнамаға бағынбауға және оны бұзуға шақырғаны үшін үш жылдық сынақ мерзімін кейінге шегере отырып, үш айға түрмеге қамалу жазасына кесіледі. Комиссия арызданушыға кесілген айыптау үкімі Австрия федералдық армиясында тәртіпті сақтап, ұлттық қауіпсіздікті қорғау мақсатын көздегенін айта келе, «әскери заңнаманы көзге ілмеуге шақыру конституцияға сай қабылданған заңдарды жоққа шығаруды көздейтін конституцияға қарсы әрекет», демек «ондай конституцияға қарсы әрекетке демократиялық қоғамда орын жоқ» деген қаулы қабылдайды». ¹³⁸

134 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Хаджианастассиу (Hadjianastassiou) Грецияға қарсы» ісі (12945/87), 16.12.1992. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-57779>.

135 Dominika Bychawska-Siniarska. 2017. Protecting the right to freedom of expression under the European Convention on Human Rights: A handbook for legal practitioners. Council of Europe. <https://rm.coe.int/handbook-freedom-of-expression-eng/1680732814>. p.53.

136 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Хаджианастассиу (Hadjianastassiou) Грецияға қарсы» ісі (12945/87), 16.12.1992. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-57779>, 45 және 47 параграфтар.

137 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ренате Сашманн (Renate Saszmann) Австрияға қарсы» ісі (23697/94), 27.02.1997. "<http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-3488>".

138 Dominika Bychawska-Siniarska. 2017. «Protecting the right to freedom of expression under the European Convention on Human Rights: A handbook for legal practitioners. Council of Europe. <https://rm.coe.int/handbook-freedom-of-expression-eng/1680732814>. p. 57 б.; Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ренате Сашманн (Renate Saszmann) Австрияға қарсы» ісі (23697/94), 27.02.1997. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-3488>.

Григориадес (Grigoriades) Грецияға қарсы:¹³⁹ шағымданушы – әскерге шақырылған, резервтегі сынақтан өтуші офицер. Әскери борышын өтеп жүрген кезде, ол әскерге шақырылғандарға қатысты бірқатар заңбұзушылықтың орын алғаны жайлы білетінін айтады. Бұл оның басшылығымен арада араздық тууына және оған қарсы қылмыстық және тәртіптік сот ісі қозғалуына алып келеді. Одан қылмыстық айыпты алып тастағанымен, тәртіптік жаза кесіледі. Ол бойынша бұл офицер қарулы күштерінде қосымша екі жыл борышын өтеуі қажет еді. Кейін арызданушы әскерден қашып кетеді. Содан кейін ол өз бөлімшесінің командиріне хат жазады. Хатта жазылғандарды Сот «Греция қарулы күштеріне қатысты айтылған өткір де қызбалық тән айып» деп сипаттайды. Осыдан кейін, хатта «қарулы күштерге тіл тигізді» деген пікірге сүйене отырып, офицер арызданушыны сотқа береді. Арызданушы айыпты деп танылып, үш айға түрмеге қамалады. Ол шағымында Конвенцияның 10 және 11 баптары бұзылғанын айтады. Сот арызданушыны жауапкершілікке тартып, айыптай отырып, оның 10 бапқа сай құқығын іске асыруына шектеу қою «заңда қарастырылғанын» және «әскери тәртіп нәтижелі болу үшін қарулы күштерде тиісті шаралар қабылдау керектігін ескерсек, олар ұлттық қауіпсіздікті қорғауға қажетті заңды мақсатқа сүйенді деген қорытындыға келеді. Сондай-ақ, ол бұл хаттың әскери тәртіпке тигізер нақты әсері «жоққа тән» болғандықтан, бұл шектеудің «демократиялық қоғам үшін қажеті жоқ» деп есептейді, атап айтсақ, хатта айтылған дүниелер жалпы контекстің бір бөлігін ғана құрайды; онда хат адресатына немесе басқаларға тіл тигізерліктей ештеме жоқ.

ЗЕН (ŞEN) және басқалары Түркияға қарсы:¹⁴⁰ арызданушылар – Түркия азаматтары. Әскери куәлігі мен әлеуметтік сақтандыру карточкасындағы суреттерде арызданушылар мұсылмандардың бас киімінде тұрғандықтан, оларға әскери ғимаратқа кіруге рұқсат берілмейді. Оларды діни «секта» идеологиясын ұстанып, тәртіпке бағынбағаны және «революциялық ислам» идеяларын қолдағаны үшін армиядан шығарып жібереді. Осыған байланысты, олар Еуропа конвенциясының 9 және 10 бабы бұзылды деп шағым түсіреді. Сот арызданушылардың әскери тәртіп жүйесін өз еркінше қабылдағанын, ал бұл кейбір құқықтар мен бостандықтарға шектеу қоятынын білдіретінін атап өтті. Бұл шектеулерге әскери қызметкерлердің тыйым салынған, айталық, радикалды ислам көзқарасын ұстанатын ұйымдарға немесе қозғалысқа қатыспауын немесе осындай ұйымдар мен қозғалыстарға мүше

139 АдамқұқығыжөніндегіЕуропасоты. «Григориадес (Grigoriades)Грецияға қарсы» ісі (121/1996/740/939), 25.11.1997. <http://hudoc.echr.coe.int/app/conversion/pdf/?library=ECHR&id=001-58116&filename=001-58116.pdf>.

140 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Седат ЗЕН (Sedat ŞEN) және басқалары Түркияға қарсы» ісі (45824/99), 08.07.2003. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-23320>.

болмауын жатқызуға болады. Оларды армиядан шығару себебі – олардың діни сенімі және пікірі немесе олардың көрініс табу сипаты емес, керісінше олардың әскери тәртіп пен зайырлылық принципін бұзуға бағытталғана іс-әрекеті. Осылайша, Сот оларды армиядан шығару – олардың 9 бапта қарастырылған құқықтарына кедергі келтіру емес деген үкім шығарады. 10 бапқа қатысты арызға да ол осындай қорытынды шығарады.

Мәжбүрлі немесе міндетті еңбекпен айналысуға тыйым салу

1. Сипаттамасы және құқықтық құжаттар

Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясының 4 (1) бабында мәжбүрлі еңбек жайлы (атап айтсақ, онда «Еш адамды мәжбүрлі немесе міндетті еңбекке тартуға болмайды» делінген) айтылады.¹⁴¹ Мәжбүрлі еңбекке тыйым салу көптеген халықаралық құжаттарда, атап айтсақ, мәжбүрлі еңбек туралы бірқатар негізгі конвенцияларда (және соларға қатысты Ұсыныстарда), соның ішінде 1930 жылғы Халықаралық еңбек ұйымы конвенциясында (ХЕК) (№29), 1930 жылғы Мәжбүрлі еңбек туралы конвенцияның 2014 жылғы Хаттамасында, 1957 жылғы Мәжбүрлі еңбекті жою туралы ХЕҰ конвенциясында, Мәжбүрлі еңбек туралы ХЕҰ 1930 жылғы ұсыныстарында (сырттай мәжбүрлеу) (№35) және Мәжбүрлі еңбек туралы ХЕҰ 2014 жылғы ұсыныстарында (қосымша шаралар) (№203) айтылады. Мәжбүрлі еңбек туралы адам құқығына қатысты басқа құжаттарға Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын жатқызуға болады. Онда: «Еш адамды құлдықта немесе еркінен тыс қамап ұстауға болмайды» делінген.¹⁴² Сонымен қатар, АСҚХП да «еш адамды мәжбүрлі және міндетті еңбекке тартуға болмайтынын» айтады. Мәжбүрлі еңбек жөніндегі Конвенция¹⁴³ (МЕК) мәжбүрлі немесе міндетті еңбекке «қандай да бір жұмысты немесе қызметті істегісі келмеген адамға сол істі жаза арқылы қорқытып, үркіту арқылы істету».¹⁴⁴ деген анықтама береді. Мәжбүрлі түрде жұмыс істеуге тап болмау – адамның негізгі құқығы:

141 АСҚХП 8(3а) бабын қараңыз.

142 АҚЖБД, 4 бап.

143 Мәжбүрлі еңбек жөніндегі конвенция (1930ж. 28 маусымында қабылданып, 1932 ж. 1 мамырында күшіне енді).

144 МЕК, 2 бап.

МЕК-ті ратификациялағанына немесе ратификацияламағанына қарамастан, барлық мемлекет мәжбүрлі еңбекті жою принципін сыйлауы керек. Әскери қызмет мәжбүрлі еңбек анықтамасына жатпайды, сондай-ақ, шақырту бойынша әскери қызметті өтеу кезінде атқарылатын іс-әрекет те мәжбүрлі еңбекке жатпайды.

МЕК барлық жерде дерлік ратификацияланған (оны 178 қатысушы мемлекет ратификациялады), бұл – барлық мемлекет оның ережелерін заң тұрғысынан орындап, олар туралы стандарттар жөніндегі ХЕҰ бақылау органдарына баяндап отыруы керек деген сөз. Мұндай органдарға Конвенция мен ұсыныстарды қолдану жөніндегі сарапшылар комитеті¹⁴⁵ және стандарттарды қолдану жөніндегі Халықаралық еңбек конференциясы комитеті кіреді.¹⁴⁶ Олар заңнамада және іс жүзінде МЕК қолдануға қатысты қатысушы мемлекеттер жіберген баяндамаларды және жұмысшылар мен жұмыс берушілердің түрлі қауымдастықтарынан келіп түскен ескертулерді қарастырады. 1930 жылғы Мәжбүрлі еңбек жөніндегі Конвенцияның 2014 жылғы хаттамасы мен 1930 жылғы Мәжбүрлі еңбек туралы конвенцияға берілген толықтыру (№29) мәжбүрлі еңбектің барлық түрін жою, алдын алу, одан қорғауға қажетті тиімді шаралар бойынша нақты ұсыныстарды алға тарта отырып, қолданыстағы халықаралық құжаттарды толықтырады. 7 бапқа сәйкес Хаттама алғашқы Конвенцияның 1 бабының 2 және 3 тармақтарының және 3-24 баптарының ауыспалы ережелерін алып тастайды.¹⁴⁷ Мәжбүрлі еңбекке анықтама берілген алғашқы конвенцияның 2 бабы күшінде қалады, онда «таза әскери сипаттағы міндетті әскери қызмет мәжбүрлі еңбек деп есептелмейді» деп көрсетілген». Хаттаманың 1 бабында былай жазылған: «Конвенцияда көрсетілген мәжбүрлі және міндетті еңбек анықтамасы қайта бекітілді, бұл Хаттамада қарастырылған шаралар мәжбүрлі немесе міндетті еңбек үшін адам саудасымен айналысуға қарсы нақты іс-шараларды қамтиды».¹⁴⁸

145 ХЕҰ. Мерзімі көрсетілмеген. Конвенция мен ұсыныстарды қолдану жөніндегі сарапшылар комитеті. <https://www.ilo.org/global/standards/applying-and-promoting-international-labour-standards/committee-of-experts-on-the-application-of-conventions-and-recommendations/lang-en/index.htm>.

146 ХЕҰ. Мерзімі көрсетілмеген. Стандарттарды қолдану жөніндегі конференция комитеті. <https://www.ilo.org/global/standards/applying-and-promoting-international-labour-standards/conference-committee-on-the-application-of-standards/lang-en/index.htm>.

147 1930 ж. Мәжбүрлі еңбек туралы Конвенцияның 2014 жылғы Хаттамасы (2014 ж. 11 маусымында қабылданып, 2016 ж. 9 қарашасында күшіне енді). https://www.ilo.org/dyn/normlex/en/f?p=NORMLEX-PUB:12100:0::NO::P12100_ILO_CODE:P029, 7 бап; Сондай-ақ, қараңыз: МЕК. Мәжбүрлі еңбек туралы Конвенция, 1930 ж. (№29). https://www.ilo.org/dyn/normlex/en/f?p=NORMLEX-PUB:12100:0::NO::P12100_ILO_CODE:C029 1930 ж. Мәжбүрлі еңбек туралы Конвенцияның алғашқы мәтінінде (№29) 1 баптың 2 және 3 тармақтары мен 3-24 баптарда көрсетілген нақты шарттарды сақтау барысында мәжбүрлі немесе міндетті еңбекке баруға болатын ауыспалы кезең туралы айтылады. Бірнеше жылдан кейін Әкімшілік кеңес, Халықаралық еңбек конференциясы және Конвенция мен ұсыныстарды қолдану жөніндегі сарапшылар комитеті сияқты ХЕҰ бақылау органдары «ауыспалы ережелер» деген атпен белгілі бұл ережелер енді қолданылмайтынын мойындады. 2014 жылы Халықаралық еңбек конференциясы ауыспалы ережелерді алып тастауға негіз болған Конвенцияның №29 Хаттамасын қабылдады.

Әр қатысушы мемлекет мәжбүрлі еңбекке тыйым салуы керек. Бұл ережені сақтамаған жағдайда МЕК 25 бабы келесі шараларға жол ашады: «Мәжбүрлі немесе міндетті еңбекке заңсыз тартушыларға қылмыстық жаза қолданылады, бұл Конвенцияны ратификациялаған Ұйым мүшелері заңда қарастырылған санкцияларды қатаң сақтауы қажет».¹⁴⁹

2. Мәжбүрлі еңбекке тыйым салу

АСҚХП 8 бабының 3(с) тармағында былай делінген: ii) саяси немесе діни-этникалық себептерге байланысты әскери қызметтен бас тартуға болатын мемлекеттерде әскери сипаттағы қызметтің кез келген түрін және осындай себептерге байланысты әскери қызметтен бас тартатын адамдар заңға сәйкес атқаруы қажет қызмет түрін» «мәжбүрлі немесе міндетті еңбек» термині қамтымайды. Сол сияқты, Конвенцияның 4(3)(b) бабына сай «мәжбүрлі еңбекке наным-сеніміне байланысты әскери қызметтен бас тарту заңды болып есептелетін елдердегі әскери сипаттағы қызметтер және міндетті әскери қызметтің орнына атқарылатын қызмет түрі» жатпайды. Осылайша, Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты мәжбүрлі еңбек анықтамасынан әскерге шақыруды алып тастайды,¹⁵⁰ оны **«Китос (Chitos) Грецияға қарсы»** ісінен анық байқауға болады (ол туралы төменде айтылады); 4(3) (b) бабын әскерге шақырылушыларға қатысты шектеуге болады. Демек, әскери борышын өтеуге шақырылған тұлғалар сол мемлекеттің сотында да, Адам құқығы жөніндегі Еуропа сотында да бұл ережеге сүйене алмайды. Олай болса, олардың құқықтары аяққа тапталмаған жағдайда, істеуге міндетті жұмыстың түрі мен көлеміне қатысты шағым түсіруге көмек боларлықтай қандай да бір заңды құжат жоқ. Бұдан шығар қорытынды, әскерге шақырылған адамдардың құқығының кей жағдайда бұзылуын 4 бап аясында қарастыруға болады. Ондай құқықбұзуға адамның келісімінсіз немесе заңды негізсіз әскери борышын өтеу уақытын созу, Ұлттық заңнамада әскери қызметке жатпайтын қызметті атқару қажет екендігі көрсетілмеген жағдайда әскери қызметке тікелей қатысы жоқ тапсырманы орындауды жатқызуға болады. Мәжбүрлі еңбек туралы конвенцияның 2(a) бабы «заң бойынша міндетті әскери қызметті талап ететін және тек әскери сипаттағы істі атқаруға қажетті жұмыс немесе қызмет түрін» мәжбүрлі еңбек анықтамасынан алып тастайды. Бұдан шығар қорытынды,

148 1930 ж. Мәжбүрлі және міндетті еңбек туралы Конвенцияның 2014 жылғы Хаттамасы (2014 ж. 11 маусымында қабылданып, 2016 ж. 9 қарашада күшіне енді), 1(3) бап.

149 МЕК, 25 бап.

150 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ван дер Мусселе (Van der Musselle) Бельгияға қарсы» ісі (8919/80), 23.11.1983. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-5759138 п>.

қарастырылып отырған мәселенің әскери қызметке қатысы болмаса, оларды кей жағдайда 2 бап аясында қарастыруға болады. Міндетті әскери қызметті мәжбүрлі еңбек анықтамасынан толықтай алып тастаудың қажеті бар ма деген мәселе төңірегінде талқылаулар толастар емес. 2019 жылы Халықаралық татуласу келісімдері Адам құқығы жөніндегі БҰҰ Жоғарғы Комиссары Басқармасына талап-хат жолдайды.¹⁵¹ Қысқаша айтсақ, бұл талап-хат әскерге тарту мен қарулы күштерде қызмет атқаруға байланысты жастардың құқығын қазіргі кезде қорғау мәселесіне қатысты бірқатар мәселелерді қозғайды. Онда: «Әскери қызмет 1930 жылғы ХЕҰ Конвенциясында берілген мәжбүрлі еңбек анықтамасынан алынып тасталған. Алайда, мәжбүрлі түрде атқарылған әскери қызметтің мәжбүрлі еңбектен еш айырмасы жоқ. Әскери қызметті бұл анықтамадан алып тастау – шақырту арқылы қатарын толықтыратын армияны көп жағдайда ұлттық қауіпсіздік өзегі деп санайтын мемлекеттердің алаңдаушылығын азайту үшін ғана жасалған қадам».¹⁵²

Әскери қызметкерлердің құқығы туралы Еуропа кеңесінің түсіндірме меморандумына сәйкес, әскери қызметкерлерді мәжбүрлі немесе міндетті еңбекпен айналысуға мәжбүрлеуге болмайды.¹⁵³ Сондай-ақ, онда былай делінген: «Міндетті әскери қызметтің орнына атқарылатын әскери немесе жай бір қызметті мәжбүрлі немесе міндетті еңбек деуге болмайды. Әскери қызметтің орнына атқарылатын қызметтің шарты мен ұзақтығы жазалау сипатында болмауы, әскери қызметпен салыстырғанда негізсіз іске асырылмауы керек». Онда сондай-ақ, былай деп жазылған: «Мемлекеттік органдар кәсіби әскери қызметкерлерді ұзақ мерзімдік қызмет атқаруға міндеттей алмайды. Бұлай жасау – олардың қарулы күштерден кету құқығын негізсіз бұзу деп есептеледі және мәжбүрлі еңбекпен бірдей мәнге ие болады».¹⁵⁴ Меморандум сондай-ақ, ұлттық заңнамаға шақырту бойынша әскери қызметін өтеу ұзақтығын анықтайтын ережелерді енгізуді, осылайша мәжбүрлі еңбекке тыйым салу нормасына сай келуге кеңес береді.

Еуропа Кеңесінің меморандумында сондай-ақ былай деп атап көрсетіледі: «Өз еркімен немесе шақырту бойынша әскери қызметін бастаған адам бұйрықтарды сөзсіз орындауы қажет екендігі әскери басшылық олардың қызметін өз жеке бас мақсаттарына пайдалана алады дегенді білдірмейді. Елдегі төтенше жағдай кезінде немесе су алу сияқты табиғи апат жағдайында әскери қызметкерлерді жедел жәрдем

151 Халықаралық татуласу келісімдері. Мерзімі көрсетілмеген. Адам құқығы жөніндегі Кеңесінің 35/14 қарарына сәйкес, БҰҰ Адам құқығы жөніндегі Жоғарғы комиссары басқармасы танысу үшін ұсынған Жастардың құқығы туралы материалдар. https://www.ohchr.org/_layouts/15/WopiFrame.aspx?sourcedoc=/Documents/Issues/Youth/IFOR.doc&action=default&DefaultItemOpen=1.

152 Сонда, 1 б.

153 Еуропа кеңесі: Министрлер Комитеті. 2010. Әскери қызметкерлер құқығына қатысты министрлер комитетінің қатысушы мемлекеттерге берген ұсынысы CM/Rec(2010)4 және түсіндірме меморандум.

154 Сонда, 8 б., 14 және 16 параграфтар.

бригадасы немесе азаматтық полиция құрамында жұмысқа тарта алады, дегенмен, әскери қызметкерлер, әсіресе шақыру бойынша борышын өтеп жүргендер ресми тапсырмаларды немесе олардың шеніне сай келетін қосымша тапсырмаларды ғана орындауға міндетті». ¹⁵⁵ Ұлттық деңгейде алып қарастырсақ, елдегі төтенше жағдайлар немесе табиғат апаты кезінде әскери борышын өтеп жүрген тұлғалар атқаруы қажет іс-әрекет түріне қатысты түрлі, тіпті кейде екіұшты ережелер қолданылып жатады. Кей елде әскери қызметкерлер әскери қызметке еш қатысы жоқ істі атқаруына тура келеді. Мысалы, олар тазалық жасап, қоғамның әлсіз топтарына көмектесе алады. ¹⁵⁶ Олар істеуге болатын жұмысты әр елдің ұлттық заңнамасы анықтауы қажет. Айталық, Ресей Федерациясының «Әскери міндет пен әскери қызмет туралы» Федералды заңының 37 бабында төменгі жағдайларда әскери борышын өтеуге шақырылғандар әскери міндетін атқарды деп есептеледі делінген: «ішкі істер органдарына, адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қорғау ісімен айналысатын басқа да құқыққорғау органдарына көмектесу, құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, табиғат апаттары, апаттық жағдайлар салдарының алдын алуға немесе жоюға ат салысу, жеке тұлға, қоғам және мемлекет мүддесін қорғайды деп есептелетін іс-әрекетті орындауға қатысу». ¹⁵⁷

Бұл ережелерден кәсіби әскери қызметкерлер және әскери қызметке шақырылғандар іс жүзінде әдетте әскери қызмет түріне жатпайтын іс-әрекеттерді де атқаруы мүмкін екенін көруге болады. Мұндай тапсырмаларды орындау диапазонын анықтайтын қандай да бір халықаралық регламент немесе стандарт болмаған жағдайда, бұл мәселелерді шешу әр елдің ықтиярында қала береді, демек ол ұлттық заңнама шешетін мәселе деген сөз.

Шақыру бойынша әскери борышын өтеу, тіпті ол ұзақ уақытқа созылса да, ең басты міндет болып қала береді. Алайда, мұндай кезде пропорционалдылық принципін қатаң ұстанып, қажет болса өтемақы төлеген абзал. Айталық, елдегі төтенше жағдайлар кезінде әскерге шақырылған адамдар заңға сәйкес ұзақ уақыт бойы әскери қызметін атқаруы немесе әскери қызмет мақсатымен тікелей қатысы жоқ жұмысты істеуі мүмкін.

155 Еуропа кеңесі: Министрлер Комитеті. 2010. Әскери қызметкерлер құқығына қатысты министрлер комитетінің қатысушы мемлекеттерге берген ұсынысы CM/Rec(2010)4 және түсіндірме меморандум. 32 б.

156 Мысалы, Өзбекстан қарулы күштері COVID-19 пандемиясы кезінде санитарлық тазалық пен карантин нысандарын тазалау жұмыстарына тартылды: Хроленко А., 2020. "Икс" дней до приказа: почему армии Узбекистана не страшен коронавирус. Sputnik Узбекистан. <https://uz.sputniknews.ru/columnists/20200406/13865628/lks-dney-do-prikaza-pochemu-armii-Uzbekista-na-ne-strashen-koronavirus.html>

157 Consultant.ru. 2020. 37 бап. Әскери қызмет міндетін атқару. "http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_18260/c133ea4f8b0bae92750182a8748f87e45c560878/.

3. Қарастырылып отырған мәселеге қатысты істер

МЕК-ке сәйкес, міндетті әскери қызмет мәжбүрлі еңбек анықтамасынан алып тасталғандықтан,¹⁵⁸ әскери борышын өтеуге шақырылған тұлғалар қазіргі кезде Еуропа конвенциясының 9 бабына (діни немесе басқа да сенімдерге байланысты әскери қызметтен бас тарту) немесе 14 бапқа (кемсітуден азат болу) сәйкес қызмет шартына қатысты шағым түсіре алады. Айталық, төменде берілген **«Баятян (Bayatyan) Арменияға қарсы»**¹⁵⁹ ісінде тарихта алғаш рет діни немесе басқа да наным-сеніміне байланысты әскери қызметтен бас тартуға мүмкіндік беретін 3 бапты мойындады.¹⁶⁰

Китос (Chitos) Грецияға қарсы:¹⁶¹ шағымданушы – қарулы күштерге келіп, тегін оқып жүрген және жалақы мен басқа да жеңілдіктер алатын дәрігер. Өз кезегінде ұлттық заңнама нормалары одан белгілі бір уақыт аралығында қарулы күштерде қызмет етуін (немесе шартты өтемақы ретінде мемлекетке нақты сома төлеуін) талап етеді. Шағымданушының пікірінше, қарулы күштерде айтарлықтай ұзақ уақыт бойы қызмет етуді немесе қызметін тоқтату үшін мемлекетке айтарлықтай көп сома төлеуді мәжбүрлі немесе міндетті еңбекке тарту деуге болады, өйткені ол оның жұмысқа тұру бостандығына кедергі келтіріп, оған шектен тыс ауыртпашылық әкелген. Сот 4(3) бабына сай «әскери сипаттағы қызметке» қатысты ерекшеліктер ескерілді ме деген мәселені мұқият зерделей отырып, оның тек міндетті әскери қызметке қатысы болғанын және «кадрлық әскери қызметкерлер істейтін жұмыстарға еш қатысының болмағанын» анықтайды. Осыдан кейін, Сот 4(2) бабы бұзылды ма деген мәселені қарастыруға көшеді.

Арызданушы «бұл жұмысты ерікті түрде атқаруға өзінің ешқашан келіспегенін» алға тартады. Ол қарулы күштер офицері болу оның өз шешімі болғанын, сондықтан, осы шешімге байланысты барлық талаптарды орындауға тиіс болғанымен келіседі. Алайда, ол жалпы жағдаймен келіскенімен, оның өтінішін Конвенцияда көрсетілген құқықтарға қайшы келетін міндеттерді атқаруға келісті деуге болмайды.

158 MEK, 2(2a) бабы; қараңыз: Steven Greer. 1997. The exceptions to Articles 8 to 11 of the European Convention on Human Rights (Council of Europe Publishing). [https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-15\(1997\).pdf](https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-15(1997).pdf), 5 б.

159 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Баятян (Bayatyan) Арменияға қарсы» ісі (23459/03), 07.07.2011. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-105611>.

160 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2020. Ақпараттық бюллетень – Діни немесе басқа да наным-сеніміне байланысты әскери қызметтен бас тарту. https://www.echr.coe.int/Documents/FS_Conscientious_objection_ENG.pdf.

161 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Китос (Chitos) Грецияға қарсы» ісі (51637/12), 19.10.2015. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-155209>

Сонымен қатар, Греция қарулы күштеріне жауапты органдар оны армияда әлі бес жыл қызмет етуі қажет екендігі туралы ескертпеді. Сот сондай-ақ, өзіне берілген жеңілдіктер өтеуі ретінде шағымданушы қандай міндет атқаруы қажет екенін жақсы білген деген қорытындыға келді. Шағымданушыға жүктеген міндетте мәжбүрлеу сипаты болды ма деген мәселеге келгенде, Сот мемлекеттің арызданушыдан қарулы күштерден шығуы үшін талап еткен сомасы оған «шектен тыс ауыртпашылық» түсірумен қатар, арызданушы апелляциясы оның елінде қарастырыл жатқан кезде бұл сомаға үстемақы төлетуге шешім қабылданады (алайда, жоғарғы инстанция соттары бұл шешімнің күшін жойды), олай болса, 4(2) бабы бұзылған деген шешім шығарады.

Бостандық, жеке бас қауіпсіздігі және әділ сот төрелігі құқығы

1. Құқықтар сипаттамасы

Бостандық, қауіпсіздік және әділ сот төрелігі құқығы туралы Конвенцияның 5(1) бабына сәйкес, Конвенцияның 5(1) бабында қарастырылған және заңды түрде бекітілген жағдайдан басқа кезде «Әр адам бостандық және қауіпсіздік құқығына» қол жеткізе алады. Конвенцияның 5 бабындағы басқа да ережелерге сай, қамауға алынған немесе тұтқындалған адамдарға түсінікті тілде тез арада оларды тұтқындау себебі мен оларға тағылған айыпты түсіндіру керек. Қылмыстық іске байланысты тұтқындалған немесе қамауға алынған жағдайда тұлғаны «заңға сәйкес сот билігі берілген судьяға немесе басқа да құзырлы тұлғаға тез арада жеткізеді және бұл адамның ойға қонымды уақыт аралығында сотта істі қаратуға немесе сотқа дейін қамаудан босатылу құқығы бар». Тұтқындауға немесе қамауға байланысты бостандығынан айырылған тұлға «соттан оны қамауға алудың қаншалықты заңды екенін кешіктірмей тексеруін, ал сот оның қамауға алынуын заңсыз деп тапқан жағдайда, қамаудан босатуын талап ете алады». «Бұл бап ережелерін бұзу салдарынан тұтқындалған немесе қамауға алынған тұлғалардың өтемақы алуға құқығы бар».¹⁶² 5 бап екіжақты: онда заңды қамауға алу мен заңға сәйкес бас бостандығынан айыру шарттарына қатысты ережелермен қатар, бас бостандығынан айырылған тұлғаларды қорғау кепілі мен процессуалдық шаралары көрсетілген.¹⁶³

162 АҚЕК, 5 бап.

163 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2020. Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясының 5 бабын қолдануға қатысты нұсқаулық – Бостандық және жеке бас қауіпсіздігі құқығы. https://www.echr.coe.int/Documents/Guide_Art_5_ENG.pdf.

Әділ сот төрелігі құқығы жөніндегі Конвенцияның б(1) бабына сәйкес, «Әр адам өзінің азаматтық құқықтарымен немесе міндеттерімен келіспесе немесе оған қылмыстық айып тағылса заңға сәйкес құрылған тәуелсіз, әділ сотта ойға қонымды уақыт аралығында ісін көпшілік алдында әділ қарауын талап ете алады». Конвенцияның б бабында қарастырылған міндеттерге сәйкес, заң жүзінде кінәсі дәлелденгенге дейін ол қылмыс жасамады немесе жазықсыз деп есептеледі. Осы баптың 3 тармағына сәйкес қылмыс жасады деп айып тағылған адамның «а) түсінікті тілде тез арада оған тағылған айыпты нақты түсіндіруін талап ету; б) өзін қорғауға жеткілікті уақыты және мүмкіндігі болу; с) өзін-өзі қорғау немесе өзі таңдаған адамға өзін қорғату, әділ сот мүддесіне сай оған тағайындаған қорғаушы қызметіне тегін жүгіну; d) өзіне қарсы куәлік еткен куәларға сұрақ қоюға немесе оларды басқалар тергеуін, өзін қорғауы мүмкін немесе оған қарсы куәлік ететін куәлерді тергеуге шақыруын талап ету және е) сотта қолданылатын тілді түсінбеген немесе сол тілде сөйлей алмаған жағдайда тегін аудармашы қызметіне жүгіну» құқықтары бар.¹⁶⁴

Әділ сот төрелігі құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясының 6 бап ережелері мен соған байланысты конвенцияның 5 бабына сәйкес, қарулы күштер қызметкерлерінің бостандығын шектеуге болады және ұлттық заңнамада қылмыстық немесе тәртіптік деп сипатталған кез келген істі әділ сот төрелігі аясында қарастыру қажет. Бұны атап өте келе, Еуропа Кеңесі (ЕК) «қылмыстық іске қатысы бар сот органдары тәуелсіз және әділ» болуы үшін «прокуратура органдары мен сот шешімін шығаратын органдардың аражігін ажыратып көрсету қажет екенін» еске салады.¹⁶⁵ Бұның айқын мысалы ретінде «*Фети Демирташ (Feti Demirtaş) Түркияға қарсы*» ісін айтуға болады. Бұл сот ісі барысында Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты қылмыстық іс бойынша шешім шығаратын әскери соттар «қылмыстық істі қарастыратын органдармен бірдей қабылданбауы керек», бұл олардың тәуелсіздігі мен әділдігіне нұқсан келтіреді деп атап көрсетті.¹⁶⁶ Сот ертеректе орын алған «*Купер (Cooper) Біріккен Корольдікке қарсы*» ісін еске түсіреді. Бұл сот барысында, Жоғарғы Палата әскери трибунал 6 бап талабына сай келе ме деген мәселені қарастыра отырып, трибунал мүшелерін тағайындау тәртібі, оларға берілген құзырет мерзімі, сыртқы қысымға қарсы кепілдік, трибунал «тәуелсіздік принципін» көрсете алды ма және біржақтылық принципіне қатысты заңды күмәнге жол бермеу үшін жеткілікті деңгейде кепілдік бере ала ма деген факторлар негізінде мұндай трибуналды тәуелсіз және әділ деуге болатынын айтады. Ол сондай-ақ, сот ісінде маңызды рөл атқаратын азаматтық тұлғаның болуы әскери трибуналдың сот ісіндегі ең басты кепілінің бірі екенін атап көрсетеді.¹⁶⁷

164 АҚЕК, 6 бап.

165 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Фети Демирташ (Feti Demirtaş) Түркияға қарсы» (5260/07), 17.04.2012. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-108617>

166 Сонда.

«Георгиадис (*Georgiadis*) Грецияға қарсы» ісінде Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты 6(1) бапқа қатысты міндеттерді атап өтеді. Ол бойынша, барлық адамға, соның ішінде әскери қызметкерлерге қылмыстық іс материалына қол жеткізу мүмкіндігі және өзін қорғау құқығы берілуі керек: «Азаматтық құқықты тараптардың талап-арыздарын ескермей қарастырған процедура 6 баптың 1 тармағына сай келмейді».¹⁶⁸ Осы іске қатысты Сот бұл арызданушының әскери трибунал шешіміне қарсы бола алмағанын, қылмыс жасады деген айып тағылған жағдайда әскери қызметкерлер жоғары инстанцияның құзырлы және тәуелсіз органдарына апелляциялық шағым түсіре алатынын атап өтеді.¹⁶⁹

Бостандық және жеке бас қауіпсіздігі құқығы мен әділ сот төрелігі құқығы Адам құқығы жөніндегі өңірлік құжаттардан, ең бастысы Еуропа Конвенциясынан¹⁷⁰ басқа Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы сияқты халықаралық құқықты талқылайтын бірқатар халықаралық құжаттарда қарастырылады.¹⁷¹

Адам құқығы жөніндегі Халықаралық билль аясында 1966 жылдың 16 желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясының 2200А (XXI) Қарарына сай қабылданған көп жақты келісім – Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Халықаралық пакт бостандық пен жеке бас қауіпсіздігі және әділ сот төрелігі құқығын мойындайды. 9 бапта: «Әр адамның бостандық пен жеке бас қауіпсіздігіне қол жеткізу құқығы бар» және «Еш адамды заңда көрсетілген негіздер мен процедуралардан басқа кезде бас бостандығынан айыруға болмайды» делінген.¹⁷² АСҚХП 14 және 16 баптары әділ сот төрелігін қорғайды. 14(1) бап әділ сотқа қатысты негізгі құқықтық туралы болса,¹⁷³ 14(2) бап кінәсіздік презумпциясына арналады, ал, 14(3) бап қылмыстық сот ісінде әділ сотқа қол жеткізуге қажетті ең төменгі құқықтар тізімін ұсынады.

167 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Купер (Cooper) Біріккен Корольдікке қарсы» (48843/99), 16.12.2003. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-61549>.

168 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Георгиадис (Georgiadis) Грецияға қарсы» ісі (21522/93), 29.05.1997. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58037>. 40 п.

169 Сонда.

170 Бостандық және жеке бас қауіпсіздігі мен әділ сот ісіне қол жеткізу құқығына қатысты адам құқығы саласындағы өңірлік құжаттарға Адам және халықтар құқығы жөніндегі Африка хартиясының 3, 4, 6 және 7 баптары жатады. Адам құқығы жөніндегі Америка конвенциясының 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 және 10 баптарында да бостандық және жеке бас қауіпсіздігі құқықтарымен қатар, әділ сот төрелігі құқығы туралы айтылады.

171 Айыпты екені дәлелдегенге дейінгі кінәсіздік презумпциясы туралы АҚЖБД 6, 7, 8 және 11 бабында айтылады. 10 бапта әділ сот төрелігіне қатысты негізгі ереже берілген. Онда былай деп жазылған: «Өз құқығы мен міндетін анықтап, оған тағылған қылмыстық айыптың қаншалықты негізді екенін білу үшін әр адам теңдік принципіне сүйене отырып, ісінің тәуелсіз және әділ сотта ашық, барлық талапты сақтай отырып қарастырылуын талап ете алады». Бостандық және жеке бас қауіпсіздігі құқығына қатысты АҚЖБД 3 бабында былай көрсетеді: «Әр адамның өмір сүру, бостандық және жеке бас қауіпсіздігін қамтамасыз ету құқығы бар». Қосымша ақпарат үшін БҰҰ қараңыз. 2015.

172 Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. https://www.un.org/en/udhrbook/pdf/udhr_booklet_en_web.pdf. АСҚХП, 9 бап.

14(5) бап сотталушының тағылған айып пен үкімді жоғарғы сот инстанциясында қайта қарауын талап ету құқығы бар екенін атап өтсе, 14(7) бап бір қылмыс үшін қайталап қылмыстық іске тартуға тыйым салады. АСҚХП 14(1) бабында «сот пен трибунал алдында бәрінің тең құқықты екені айтылады. Әр адам өзіне тағылған кез келген қылмыстық айыпты қарастырған кезде немесе қандай да бір азаматтық процессте өзінің құқықтары мен міндеттерін анықтаған кезде заңға сәйкес құрылған тәуелсіз, әділ соттың әділ де көпшілік алдында істі қарауын талап ете алады. 16 бапта былай делінген: «Әр адам қайда болса да өзінің құқық субъектісі екенін мойындауын талап ете алады».¹⁷⁴ АСҚХП халқаралық құқық аясында өзіне мүше мемлекеттер үшін міндетті күшке ие. Бұл ережені іске асыруға қатысты шаралар 2 бапта көрсетілген, онда «осы Пакт мойындайтын құқықтарды іске асыруға қажетті заңды немесе басқа да шараларды» қабылдау керектігі қарастырылған.¹⁷⁵

Конвенцияға сәйкес, әскери қызметті бас бостандығынан айыру деп қарастыруға болмайды, өйткені оған 4(3)(b) бап рұқсат береді.¹⁷⁶ Ішкі тәртіпке қатысты сұрақтар бұған қатысты санкцияларда бас бостандығынан айыру немесе басқа да қылмыстық жазаны көздейтін айып түрі қарастырылмаған жағдайда қиындық туғызбауы керек. Азаматтық тұлғамен салыстырғанда кез келген шектеуді әскери қызметкер үшін бас бостандығынан айыру деп есептеуге бола ма деген мәселеге келсек, бұл шара белгілі бір Келісуші елдің қарулы күштерінде күнделікті өмір сүру қалпынан қаншалықты бөлек деген мәселемен тікелей байланысты. Бұл жағдайды бағалау кезінде ескеру қажет факторларға оның сипаты, ұзақтығы, салдары және жазаны немесе шараларды іске асыру тәсілдері кіреді.¹⁷⁷ Сот практикасы жұмыстан тыс уақытта үй қамауына алу жеткіліксіз екенін, керісінше, түнгі және күндізгі уақытта камераға қамау мен күнделікті атқарып жүрген міндеттерін орындаудан шеттетудің жетіп артылатынын атап өтеді.¹⁷⁸

173 АСҚХП 14(1) бабында былай делінген: «Сот пен трибунал алдында барлық адам тең құқықты. Адамға тағылған кез келген қылмыстық айыпты қарастыру немесе қандай да бір азаматтық істе оның құқықтарын немесе міндеттерін анықтау кезінде әр адам заңға сәйкес құрылған білікті, тәуелсіз және әділ соттың істі әділ де жария түрде қарастыруын талап етуге құқығы бар. Демократиялық қоғамдағы мораль, қоғамдық тәртіп немесе мемлекеттік қауіпсіздік мүддесі үшін немесе бұны тараптардың жеке өмірі мүддесі талап етсе немесе сот қажет деп тапқан жағдайда, яғни ол сот ісін жария түрде жүргізу әділ сот мүддесіне залалын тигізуі мүмкін деп тапса БАҚ пен көпшілікті барлық сот ісіне немесе оның жартысына жібермеуі мүмкін. Алайда, қылмыстық немесе азаматтық іс бойынша кез келген сот ісі жария түрде жүргізілуі керек, ол жасөспірімдердің мүддесіне қайшы келсе немесе сот ісі матримониалдық дау немесе балалар қамқоршысына қатысты болған жағдайда ғана басқаша болуы мүмкін».

174 АСҚХП, 16 бап.

175 АСҚХП, 2 бап.

176 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Энгел (Engel) және басқалары Нидерландыға қарсы» ісі (5100/71; 5101/71; 5102/71; 5354/72; 5370/72), 08.06.1976. <http://hudoc.echr.coe.int/tur?i=001-57479>, 59 п.

177 Сонда.

5 бап бас бостандығынан айыра отырып қамауға алған адамды тез арада қамаудан босатып, қамауға алудың заңдылығын тексере алатын офицерге жеткізуге құқықтық процессуалдық кепілдік береді.¹⁷⁹ «Худ (Hood) Біріккен Корольдікке қарсы» ісінде қамауға алынған әскердің командирі 5(3) бапқа сәйкес тергеуге дейін қамауға алу туралы шешім қабылдап, атап айтсақ, оның ішкі тәртіп пен өзіне қарасты бөлімшенің тәртібіне жауап беруіне және оны жауапкершілікке тарту процессіне белсене ат салысуына байланысты, тәуелсіз және әділ соттың құзыретті тұлғасы рөлін атқара алмайды деп танылды.

Конвенцияның 5(1) бабы қамауға алынған немесе тұтқындалған адамдардың адвокат алу құқығын тікелей қарастырмағанымен, Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты қамауға алудың кез келген түріне қарсы шығу құқығына қатысты 5(4) бабында қамауға алынған адамның құқықтық көмек алу мүмкіндігі болуы керектігі туралы айтылады.¹⁸⁰ Бұл туралы Еуропа Кеңесінің Еуропа пенитенциарлық 23.1 ережесі сияқты бірқатар құқықтық құжаттарда айтылады. БҰҰ-ның Тұтқындалған немесе қамаудың кез келген түріне ұшыраған тұлғаларды қорғау принциптер жиынтығының 18(4) принципі қамауға алынған немесе тұтқындалған адамға адвокат көмегіне жүгінген кезде өзінің заңды өкілімен жеке сөйлесе алу құқығын береді.¹⁸¹ Еуропа конвенциясына келер болсақ, әділ сот ісі құқығы туралы 6 бапта былай делінген: «Адамның азаматтық құқықтары, міндеттері немесе оған тағылған кез келген қылмыстық айыпты қарастыру барысында, оның ақылға қонарлықтай мерзім аралығында заңға сәйкес құрылған тәуелсіз және әділ соттан ісін жария түрде әділ қарауын талап ету құқығы бар».¹⁸²

Еуропа Кеңесінің CM/Rec(2010)4 ұсынысы қатысушы мемлекеттерді «осы ұсыныс қосымшасында әскери қызметкерлерге қатысты айтылған принциптерді ұлттық заңнамада және сот тәжірибесінде қатаң сақтауға» шақырады.

178 Karen Reid. 2015. A Practitioner's Guide to the European Convention on Human Rights (5th Edition, Sweet and Maxwell), p. 362; қараңыз: Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Энгел (Engel) және басқалары Нидерландыға қарсы» ісі (5100/71; 5101/71; 5102/71; 5354/72; 5370/72), 08.06.1976. http://hudoc.echr.coe.int/tur?i=001-57479_59-63 пп; Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Пулатли (Pulatlı) Түркияға қарсы» ісі (38665/07), 26.07.2011. http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-104638_32 п.

179 Karen Reid. 2015. A Practitioner's Guide to the European Convention on Human Rights (5th Edition, Sweet and Maxwell), p. 362.

180 Еуропа Кеңесі: Министрлер комитеті. 2010. Министрлер комитетінің әскери қызметкерлер құқығына қатысты қатысушы мемлекеттерге берген ұсыныстары CM/Rec(2014)4 – Түсіндірме меморандум, 34 б.; Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Буамар (Boamar) Бельгияға қарсы» ісі (9106/80), 29.02.1988. http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-57445_60 п.

181 Тұтқындалған немесе қамаудың кез келген түріне ұшыраған тұлғаларды қорғау жөніндегі БҰҰ принциптер жиынтығының 18(4) принципін қараңыз. <https://www.ohchr.org/EN/ProfessionalInterest/Pages/De-tentionOrImprisonment.aspx>. «Қамауға алынған немесе тұтқындалған адам мен оның адвокаты арасындағы кездесуді құқығыққорғау органдарының құзыретті өкілі көргенімен, ести алмайтындай жағдайда өтуі керек».

182 АҚЕК, 6 бап, 1 параграф; сондай-ақ қараңыз: АСҚХП 14(1) бабы.

Бұл ұсыныстардың заңды күші жоқ болғанымен, олардың көбі 5 және 6 баптарда берілген негізгі кепілдікті дәріптейді, сондықтан да, мемлекеттер оны орындауға міндетті. Бұған әскери қызметкерлерге оларды қамауға алу немесе тұтқындау мен оларға тағылған кез келген айыптың себебін кешіктірмей түсіндіру және олардың процессуалдық құқығы жатады.¹⁸³ *«Георгиадис (Georgiadis) Грецияға қарсы»* ісінде Сот бұның маңызын тағы да атап өте келе, осы іске қатысы бар әскери трибуналдар шығарған шешіміне жеткілікті түсініктеме бере алмағанын, демек 6(1) бапты бұзғанын анықтады.¹⁸⁴ Сот *«Заян (Zalyan) және басқалары Арменияға қарсы»* ісінде де сындай қорытындыға келеді және айыпталушыға оны тұтқындау себебі тез арада түсіндірілмегенін және судьяға тез арада жеткізу құқығының, яғни 5(2) және 5(3) баптарының бұзылғанын анықтады.¹⁸⁵

Бостандық және жеке бас қауіпсіздігі құқығы жүріп-тұру құқығымен тікелей байланысты. Ол – Еуропа конвенциясының 2 бабының №4 хаттамасында тіркелген.¹⁸⁶ Бұл ереже өз елінен басқа елге қоныс аударуға және осыған байланысты тұлғалар мен әскери қызметкерлер арасын бөліп қарамауға кепілдік береді.¹⁸⁷ Әскери қызметкерлердің жүріп-тұруына қатаң шектеу қою әскери қызметке қойылатын ерекше талаптарға байланысты, демек, бостандыққа қатысты әдеттегі шектеулердің 5 бапқа қатысы жоқ.¹⁸⁸ Қалай болғанда да, Сот бұрынғы әскери қызметкерлердің мемлекеттер арасында жүріп-тұруына оның мақсаты мен ұзақтығына қарамастан абсолютті түрде шектеу қою демократиялық қоғам үшін қажет емес және ол ұлттық қауіпсіздік мүддесіне жауап бермейді деп атап көрсетті.¹⁸⁹

Сонымен қатар, Сот мемлекеттік құпияны білетін кез келген адамның өз елінен басқа жаққа кетуіне кедергі келтіру қажеттілік пен пропорционалдылық критерііне сай келмейтінін де атап өтеді.¹⁹⁰ Белгілі бір жағдайда азаматтық тұлғалардан гөрі әскери қызметкерлердің жүріп-тұруына қатаң шектеу қойылатынына қарамастан, барлық кезде де мұндай шектеулер олардың құқығын қорғайтындай болуы қажет.¹⁹¹

183 Еуропа кеңесі: Министрлер комитеті. 2010. Министрлер комитетінің әскери қызметкерлер құқығына қатысты қатысушы мемлекеттерге берген ұсыныстары CM/Rec(2010) 4 – Түсіндірме меморандум, 9 б.

184 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Григориадес (Grigoriades) Грецияға қарсы» ісі (121/1996/740/939), 25.11.1997. <http://hudoc.echr.coe.int/app/conversion/pdf>, 43 п.

185 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Заян (Zalyan) және басқалары Арменияға қарсы» ісі (36894/04 және 3521/07), 17.06.2016. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-161408>.

186 Адам құқығы мен негізгі бостандықтарды қорғау жөніндегі конвенцияның Конвенция мен оның Бірінші Хаттамасына енгізілгендерден басқа кейбір құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз ету жөніндегі №4 Хаттамасы (1963 ж. 16 қыркүйегінде қол қоюға жіберіліп, 1968 ж. 2 мамырында күшіне енді).

187 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Солтысяк (Soltysyak) Ресейге қарсы» ісі (4663/05), 20.06.2011. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-103354>, 54 п.

188 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Энгел (Engel) және басқалары Нидерландыға қарсы» (5100/71; 5101/71; 5102/71; 5354/72; 5370/72), 08.06.1976. <http://hudoc.echr.coe.int/tur?i=001-57479>, 59 п.

189 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Бартик (Bartik) Ресейге қарсы» ісі (55565/00), 21.03.2007. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-78792>, 47–52 пп.

2. Адам бостандығы құқығын шектеу немесе оған кедергі келтіру

Адам құқығы жөніндегі Халықаралық және өңірлік құжаттарда бостандық және жеке бас қауіпсіздігі құқығы шектелуіне қатысты ережелер, ал, Еуропа Конвенциясының 5(1) бабында мұндай жағдайлардың толық тізімі берілген. Атап айтсақ:¹⁹² «а) құзырлы соттың шешімімен адамды қамауда ұстау; b) заңға сәйкес шығарылған сот шешімін орындамағаны үшін немесе заңда көрсетілген кез келген міндетті орындату мақсатында адамды заңға сәйкес ұстау немесе тұтқындау; с) құқықбұзғаны туралы дәлелді күдікке байланысты немесе адамның құқықбұзуына жол бермеу немесе қылмыс жасағаннан кейін қашып кетуіне тосқауыл болып, оның құзырлы органдарға жеткізілуін қамтамасыз ету мақсатында оны заңға сәйкес ұстау немесе қамау; d) тәрбиелік мақсатта бақылауда ұстау үшін заңды қаулыға сәйкес немесе оны құзырлы органдарға тапсыру үшін кәметке толмаған жасөспірімді заңға сәйкес қамауға алу; е) жұқпалы ауруларды таратудың алдын алу үшін адамдарды заңға сәйкес қамауға алу немесе есі ауысқан, маскүнем, нашақор немесе қаңғыбастарды заңға сәйкес қамауға алу; және f) жер аудару немесе елден қуу заңды шешімі шыққан адамның елден заңсыз кетуінің алдын алу үшін оны заңға сәйкес қамауға алу».¹⁹³ Осы мақсатта іске асырылған кез келген шектеу «заңда көрсетілген тәртіпке сәйкес» іске асуы керек. 5(1) бабында пропорционалдылық туралы тікелей айтылмағанымен, Сот кез келген бостандықтан айыру ісі пропорционалдылық критериіне сай келе ме дегенді анықтайтын болады.

АСҚХП9бабында бостандық құқығын шектеуге болатын жағдайлар көрсетілмегенімен, онда «заңда көрсетілген негіздер мен процедуралардан басқа кезде еш адамды бас бостандығынан айыруға болмайтыны» айтылады.¹⁹⁴

Бұл құқыққа қойылатын кез келген шектеу ұлттық заңнамада көрсетілген болуы керек, бұл – шектеу қойылатын жағдайлар қолданыстағы нормативтік актілерде нақты көрсетілуі керек екенін білдіреді, ал, оның тұжырымдары кез келген құқықты қалай болса солай қолданып, оның қалай іске асатынын болжауға мүмкіндік бермейтіндей түсініксіз тілде жазылмауы керек.¹⁹⁵

190 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Солтысяк (Soltysyak) Ресейге қарсы» ісі (4663/05), 20.06.2011. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-103354>. 51 п.

191 Сонда, 53 п.

192 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2020. Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясының 5 бабын қолдану жөніндегі нұсқаулық – Бостандық және жеке бас қауіпсіздігі құқығы. https://www.echr.coe.int/Documents/Guide_Art_5_ENG.pdf, 26 п.

193 АҚЕК, 5(1) бабы.

9(1) бабына сәйкес шектеулер деңгейін анықтаған кезде пропорционалдылықты ескере отырып, құқықтарды заңға сәйкес шектеуге болады.¹⁹⁶ **«Энгел (Engel) және басқалары Нидерландыға қарсы»** ісіне келсек, Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты қорытындыларында көрсетілгендей, «Әскери тәртіп ... 5 баптың 1 тармағы шеңберінен шықпауы керек».¹⁹⁷ Бұл – әскери тәртіп контекстінде бас бостандығынан айыру осы ереже талаптарына сай болуы керек дегенді білдіреді. Бұған қарамастан, ЕК әскери қызметкерлердің жүріп-тұруына шектеу қою «көп қырлы» екенін және оның «әскери қызметтің нақты бір талаптарына сәйкес» қолданылатынын, әр мемлекет «өз әскери тәртіп жүйесін құрып, бұл мәселеде өз қалауынша әрекет ете алатынын» атап өтеді.¹⁹⁸ ЕК сондай-ақ, «мемлекеттердің қарулы күштерде тәртіптік шараларды қолдануына қатысты 5 бапқа ескерту енгізгенін» және «әскери тәртіпке сай жаза ретінде адамды аз уақытқа қамауға алуға болатынын» да атап өтеді.¹⁹⁹

Конвенцияның 5(3) бабы қамауға алынған немесе тұтұындалған адамдардың «заңға сәйкес сот билігі берілген судьяға немесе құзырлы тұлғаға тез арада жеткізілуін және ақылға қонарлық уақыт аралығында сот ісін талап ету құқығын беруін немесе сотқа дейін қамаудан босатылуын» мемлекеттерден талап етеді. **«Де Йонг (De Jong), Баллет (Baljet), ван ден Бринк (van den Brink) Нидерландыға қарсы»** ісінде бұл құқықты әскери қызметкерлермен қатар, қарапайым адамдарға да қатысты қолданған. Өз қорытындыларында Адам құқығы жөніндегі Еуропа комиссиясы Конвенцияның 5(1)(с) бабы бойынша ұсталған немесе тұтқындалған адамды 5 баптың 3 тармағында көрсетілгендей сот органына шұғыл жеткізу маңызды екенін атап өтеді. Ол сондай-ақ, тез арада жеткізу мәселесін әр кезде оның ерекшелігіне, әскери қызмет пен әскери юстиция талабына сай бағалау керектігін де атап өтеді.²⁰⁰ Бас бостандығына айырған жағдайда әскери қызметкерлер «оларды қамау қаншалықты заңға сай екенін соттың тез арада қарауын талап етіп, оларды қамау заңға қайшы деп танылған жағдайда қамаудан тез босатуын талап ету құқығына» қол жеткізе алулары керек.²⁰¹ Мұндай «сот» әскери трибунал болуы да, ұлттық сот болуы да немесе халықаралық сот болуы да мүмкін.

194 АСҚХП, 9 бап.

195 Sarah Joseph and Melissa Castan. 2013. *The International Covenant on Civil and Political Rights: Cases, Materials, and Commentary* (Oxford University Press, 3rd Edition), p. 31, para. 1.83.

196 Сонда. 31 б., 1.84 п.

197 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Энгел (Engel) және басқалары Нидерландыға қарсы» ісі (5100/71; 5101/71; 5102/71; 5345/72; 5370/72), 08.06.1976, п. 57.

198 Сонда, 59 тармақ.

199 Еуропа кеңесі: Министрлер комитеті. 2010. Әскери қызметкерлер құқығына қатысты министрлер комитетінің қатысушы мемлекеттерге берген ұсынысы CM/Rec(2010)4 және түсіндірме меморандум.

Еуропа сотының «*Фети Демирташ (Feti Demirtas) Түркияға қарсы*» ісіне қатысты қорытындысында соттардың үнемі тәуелсіз және әділ бола бермейтіні туралы айтылады. Осыған байланысты, Сот арызданушы ісін тек әскери офицерлерден тұратын әскери-әуе күштері командованиясі трибуналында қарастыратын трибуна судьяларын «іске қатысы бар тараптар» деп түсіндіруге болатынын атап өтті.²⁰²

Әр адамның, соның ішінде шақыру бойынша борышын өтеп жүрген әскери қызметкерлердің әділ сот төрелігі құқығының болуы Конвенцияның 6 бабында қарастырылған. Алайда, сотқа қол жеткізу құқығы абсолютті емес және қойылатын шектеулер заңды мақсатты көздесе және қолданылып отырған тәсілдер қол жеткізілуі қажет мақсаттарға сай келсе, онда құқықты шектеуге болады. Қалай болғанда да, «*Голдер (Golder) Біріккен Корольдікке қарсы*» ісі бойынша Сот шешімі сотқа қол жеткізу құқығын ол құқық мәнін бұрмаламаса және Конвенцияда қарастырылған басқа құқықтарға қайшы келмесе шектеуге болатынын көрсетіп отыр.²⁰³ Мұндай шектеулерді әскери және азаматтық контексте қолдана беруге болады.

Қылмыс жасады деп айыпталған адамдардың, соның ішінде әскерге шақырылған адамдардың жауап бермеу және өзіне қарсы куәлік етпеу құқығы абсолютті емес. «*Джон Мюррей (John Murray) Біріккен Корольдікке қарсы*» ісі бойынша Сот шешімі тергеу немесе сот төрелігі кезінде айыпталушының жауап бермеуі қарсы жақ пайдасына шешілетінін көрсетіп отыр.²⁰⁴ Мұндай шектеулер әскери және азаматтық контексте қолданыла береді. Сот сондай-ақ, мұндай шешім шығару керек пе деген мәселеге келгенде сот ісін жүргізіп отырған судья алқабилерге тиісті нұсқау беруі қажет екенін ерекше атап өтеді.²⁰⁵

-
- 200 Адам құқығы жөніндегі Еуропа комиссиясы. «Де Йонг (De Jong), Баллет (Baljet), ван ден Бринк (van den Brink) Нидерландыға қарсы» ісі (8805/79, 8806/79, 9242/81). <http://hudoc.echr.coe.int/app/conversion/pdf?library=ECHR&id=001-73414&filename=DE%20JONG%2C%20BAL-JET%20AND%20VAN%20DEN%20BRINK%20v.%20THE%20NETHERLANDS.pdf>.
- 201 Еуропа кеңесі: Министрлер комитеті. 2010. Әскери қызметкерлер құқығына қатысты министрлер комитетінің қатысушы мемлекеттерге берген ұсынысы CM/Rec(2010)4 және түсіндірме меморандум, 9–10 бб.
- 202 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Фети Демирташ (Feti Demirtas) Түркияға қарсы» ісі (5260/07), 17.04.2012. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-108617>.
- 203 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Голдер (Golder) Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (4451/70), 21.02.1975. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-57496>.
- 204 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Джон Мюррей (John Murray) Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (18731/91), 08.02.96.: <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-57980>.
- 205 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Кондрон (Condron) Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (35718/97), 02.05.2000. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58798>.

3. Қарастырылып отырған мәселеге қатысты істер

Георгиадис (Georgiadis) Грецияға қарсы.²⁰⁶ Еуропа конвенциясының 6 және 13 баптарының бұзылғаны жөніндегі арызды шақыру бойынша әскерде болып келген бұрынғы әскери қызметкер түсірді. Ол арызында оны әскери қызметтен бас тартуына байланысты заңсыз қамауға алғаны үшін құрылған өтемақы төлеу жөніндегі сот ісі 6(1) бапқа қарамастан әділ өтпегенін және өтемақыға қатысты әскери трибуналдар шешіміне қарсы шағымдануға болмайтындықтан, Ұлттық заңнамаға сәйкес оның Конвенцияда көрсетілген құқықтары қалпына келтірілмегенін, демек, 13 бап бұзылғанын айтады. Сот арызданушының өтемақы мәселесін сотта қарау құқығынан бас тартпағанын және «Азаматтық құқықтар сотта тараптардың уәжін естімей-ақ қарастырыла беру тәртібі 6 баптың 1 тармағына сай келмейтінін» алға тартады».²⁰⁷

Сондай-ақ, Сот «өтемақы мәселесіне қатысты әскери трибуналдардың proprio motu қаулы шығаруы арызданушының өз бетінше шағым түсіруіне мүмкіндік бермегенін» және «оның бұл қаулыға қарсы шағым түсіру мүмкіндігінің болмағанын» анықтады. Сот сондай-ақ, 6(1) бапқа қарамастан, бұл әскери трибуналдар шығарған шешімдерін түсіндіріп бере алмағанын, олар тағып отырған айып «немқұрайлылыққа» сүйенгенін, ал, оның Сот үшін түсініксіз ұғым екенін айтады. Осылайша, Сот «шығарылған үкім арызданушының құқығы үшін маңызды рөл атқаратындықтан соттар үкімі нақты негізге сүйенуін» талап етеді. 13 бапқа келер болсақ, Сот әскери трибуналдың алғашқы үкімі 6 бапқа қайшы болғандықтан, арызданушының 13 бап та бұзылды деген шағымын қарастырудың қажеті жоқ екенін атап өтеді.

Залян (Zalyan) және басқалары Арменияға қарсы.²⁰⁸ Әскери борышын өтеп келген бұрынғы әскери қызметкер 5(1) баптың бұзылғанын алға тарта келе, шақыру бойынша әскери қызметін өтеп жүрген екі әскери қызметкердің өліміне байланысты өзінің заңсыз қамауда болғанына шағымданады. Армения үкіметінің арызданушы тәртіптік мақсатта бас бостандығынан айырылды дегеніне қарамастан, Сот оның қылмыстық іске қатысты бас бостандығынан айырылғанын және бұның «заңсыз және еш құқықтық негізі жоқ» екенін анықтады. Армения Конвенцияны ратификациялаған кезде 5 бапта тәртіптік шаралар қарастырылмаған деген негізге сүйене отырып,

206 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Георгиадис (Georgiadis) Грецияға қарсы» ісі (21522/93), 29.05.1997. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58037>.

207 Сонда, 40 п.

208 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Залян (Zalyan) және басқалары Арменияға қарсы» ісі (36894/04 және 3521/07), 17.06.2016. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-161408>.

Армения үкіметі 5 бап бұзылды деген үкіммен келіспегенімен, Сот «тәртіптік жаза формалды сылтау ғана екенін, ал арызданушыны бас бостандығынан айырудың негізгі себебі қылмыстық тергеу» болғанын алға тартады. Осылайша, «олар айтып отырған тәртіптік шара іске де асырылмаған» деген Сот пікірін ескере отырып, Сот үкімет қарсылығын қараусыз қалдырады және 5(1) бап бұзылды деген шешім шығарады. Сонымен қатар, Сот 5 бап ережелеріне қарамастан арызданушы қамауға алынған екінші жағдайда «белгісіз уақытқа қамауға алудың алдын алу мақсатында қамау уақыты көрсетілмегенін» және қамауға алу сотталушыны сот материалымен таныстыру сияқты 5 баптың 1 тармағына еш қатысы жоқ сұрақтар негізінде іске асырылғанын анықтаған».²⁰⁹ Сот сондай-ақ, арызданушыға тез арада оны қамауға алу себебін түсіндірмегенін және оны судьяға кешіктірмей жеткізу құқығы ескерілмегенін, ал бұл – 5(2) және 5(3) баптарды бұзу екенін атап өтті.

Булду (Buldu) және басқалары Түркияға қарсы:²¹⁰ ар-ұждан және діни көзқарастарына байланысты әскери қызметтен бас тартқан арызданушылар 3, 5, 7, 9 және 13 баптардың бұзылғанын айта келіп, оларға балама азаматтық қызмет атқаруға мүмкіндік беруін өтінеді. Төрт арызданушының бірі сондай-ақ 6(1) баптың да бұзылғанын, ол өзін азаматтық тұлға деп есептейтініне қарамастан, оған «әскерден қашты» деген айып тағылып, ісінің әскери сотта қаралғанына шағымданады. Ол сондай-ақ, оның ісін әскери сот қараған кезде процессуалдық әділдіктің болмағанын да алға тартады. Үкімет бұл арызбен келіспейтінін білдіргенімен, Сот үкімет азаматтық тұлғаның ісін әскери сотта қарау арқылы 6(1) бапты бұзғанын анықтады. Сот өз шешімін былай түсіндіреді: тек әскери қызметкерлерден тұратын әскери сот азаматтық тұлғалардың ісін объективті қарай алмауы мүмкін, ал бұл – әр адамның Конвенцияның 6(1) бабында көрсетілген «істі заңға сәйкес құрылған тәуелсіз, әділ сотта, ақылға қонарлықтай уақытта қарауын» талап ету құқығын өрескел бұзу.

209 Сондай-ақ қараңыз «Барановски (Baranowski) Польшаға қарсы», 28358/95, § 57, АҚЕК 2000-III және «Йесиус (Jėcius) Литваға қарсы», 34578/97, § 59, АҚЕК 2000-IX.

210 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Булду (Buldu) және басқалары Түркияға қарсы» (14017/08), 03.09.2014. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-144352>.

211 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Пулатли (Pulatli) Түркияға қарсы» ісі (38665/07), 26.07.2011. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-104638>.

Пулатли (Pulatli) Түркияға қарсы:²¹¹ 5 және 6 баптың бұзылғаны жөніндегі арыз қарулы күштердің бұрынғы сержантынан келіп түсті. Оның мәлімдеуінше, ол тәуелсіз және әділ сот шешімі емес, оның әскери командирі шығарған шешім негізінде бас бостандығынан айырылған. Арызданушыны гарнизоннан рұқсатсыз шықты деп айыптап, оны командирінің шешімімен тәртіптік камераға жеті күнге қамайды. Үкімет оны қамауға алу Түркияның Әскери-қылмыстық кодексінің 171 бабына сүйенгенін алға тартып, бұл арызбен келіспейтінін мәлімдейді. Ал, Сот онымен келіспейді және Конвенцияның 5(1) бабына сәйкес оны қамауға алу тек құзырлы сот шешімімен ғана іске асу керек деген үкім шығарады. Осыған байланысты, Сот арызданушының 5(1) бапта көрсетілген құқықтарының бұзылғанын айта келе, оның шағымын қанағаттандырады. Сондай-ақ, Сот жеңілдетілген сот орыстарын қайта қарастыру керектігін, «Түркия әскери командирлері өткізетін жеңілдетілген сот процесстерін сотта жүйелі түрде қайта қарамау Пулатлидің (Pulatli) бостандық және жеке бас қауіпсіздігі құқығын бұзатынын» алға тартады.

Фети Демирташ (Feti Demirtaş) Түркияға қарсы:²¹² Шағымда конвенцияның 9 бабына қарамастан, арызданушының діни көзқарасына байланысты әскери қызметтен бас тарту құқығының, яғни 3, 6 және 9 баптарының бұзылғаны, 3 бапқа қарамастан, қамауда отырған кезде онымен дұрыс қатынаспағанын, оны мәжбүрлі түрде қамауға алу туралы шешімді 6(1) бапқа қарамастан тәуелсіз және әділ емес әскери трибунал шығарғаны туралы айтылады. Әділ сот төрелігі құқығын ескере отырып, Сот арызданушы армияға мәжбүрлі түрде шақырылып, әскери мәртебе алмағандықтан және оны командование трибуналына тек әскери офицерлерден тұратын әскери-әуе күштері жеткізгендіктен судьяларды «іске қатысы бар тарап» деп көруге болатынын атап өтеді. Нәтижесінде, Сот «арызданушының трибунал тәуелсіз және әділ емес деген күдігі шындыққа жанасатынын» алға тарта келе, 6(1) баптың бұзылғаны туралы шағымды қанағаттандырады.

212 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Фети Демирташ (Feti Demirtaş) Түркияға қарсы» ісі (5260/07), 17.04.2012. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-108617>.

Пікір, ар-ұждан және діни сеніміне байланысты әскерге барудан бас тарту құқығы

1. Құқық және құқықтық құжаттар сипаттамасы

Діни немесе басқа да сеніміне байланысты әскери қызметтен бас тарту АҚЖБД 18 бабында көрсетілген ойлау, ар-ұждан және діни бостандығы құқығына сүйенеді. Бұл құқық сондай-ақ, адам құқығы саласындағы басқа да халықаралық және өңірлік құжаттарда қарастырылған. Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясында ойлау, ар-ұждан және дін бостандығына қатысты бірқатар ережелер берілген: «Әр адамның ойлау, ар-ұждан және дін бостандығы құқығы бар. Бұл құқыққа дінін немесе сенімін өзгерту, жеке өзі немесе басқалармен бірлесе отырып дінін немесе сенімін насихаттау, көпшілікпен бірге немесе жеке өзі құдайға құлшылық ету, білім алу, діни және культтік салт-жоралғыларды іске асыру кіреді».²¹³ АСҚХП,²¹⁴ АҚАК²¹⁵, Адам және халықтар құқығы жөніндегі Африка хартиясы (АХҚАХ)²¹⁶ және Негізгі құқығықтар жөніндегі ЕК Хартиясында да ар-ұждан және дін бостандығына қатысты ережелер бар.

АСҚХП сияқты адам құқығы жөніндегі бір де бір халықаралық құжатта діни немесе басқа да сенімдерге байланысты әскери қызметтен бас тарту туралы айтылмағанымен, 1933 жылы Адам құқығы жөніндегі комитет ондай құқықты Пактінің 18 бабынан табуға болады деп есептейтінін, өйткені өлімге бастарлықтай күшті қолдану ар-ұждан және діни мен сенімін насихаттау бостандығына қайшы екенін жеткізеді.²¹⁸ Демек, діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартуды ерікті құқық деуге болады.²¹⁹ Адам құқығы жөніндегі комитет бұл айтылған құқықты орынсыз және «өлімге бастарлықтай күшке ие» деп сипаттайды. Бұл түсіндіру әскери қызметті өтеуден және соғысқа қатысы жоқ, сондай-ақ қандай да бір әскери

213 АҚЕК, 9(1) бабы.

214 АСҚХП 18(1, 2) бабында былай делінген: «1. Әр адамның ойлау, ар-ұждан және діни құқығы бар. Бұл құқыққа діни мен сенімін өзі таңдау құқығы, діни мен сенімін өзі жеке немесе көпшілікпен бірге ашық немесе жекелей насихаттау бостандығы, рәсімдерді атқару, діни жоралғылар мен ілімді іске асыру бостандығы жатады. 2. Еш адам өзінің дінді қабылдау бостандығына қарсы мәжбүрлі іс-әрекет жасамауы керек».

215 АҚАК 12(1) бабында былай деп көрсетілген: «1. Әр адамның ар-ұждан және дін бостандығы құқығы бар. Бұл құқық өз дінін немесе сенімін қатаң сақтау немесе оларды ауыстыру бостандығын, өз дінін немесе сенімін өзі, басқалармен бірге жария түрде, көпшілік алдында немесе жекелей насихаттау немесе тарату бостандығын қамтиды».

216 АХҚАХ 8 бабында былай жазылған: «Ар-ұждан құқығына, діни жоралғыларды атқаруға кепілдік беріледі. Заң мен тәртіпке сәйкес, еш адам да осы бостандықтарды іске асыруды шектейтін әрекетке тап болмауы керек».

217 Негізгі құқықтар жөніндегі Еуропа кеңесі хартиясы (2000 ж. 7 желтоқсанында жарияланып, 2009 ж. 1 желтоқсанында күшіне енді), 10 бап.

218 АСҚХП жалпы тәртіптегі ескерту №22: 18 бап (Ойлау, ар-ұждан және дін бостандығы құқығы). 1993 ж. 30 шілдесінде БҰҰ Адам құқығы жөніндегі комитеттің 48 сессиясында қабылданды, 11 п.

қызметті атқарудан мүлде бас тартатын тұлға туралы ұғымнан өзгеше.²²⁰ Оған дейін шығарған шешімінде («Вестерман (Westerman) Нидерландыға қарсы»), Хабарландыру №682/1996) комитет өлімге әкелерлік күш қолдануға шектеу қояды заңды деп таныған. АСҚХП сай атқарылатын халықаралық міндеттерге келер болсақ, Адам құқығы жөніндегі Комитет ойлау, ар-ұждан және дін бостандығына сүйене отырып, діни немесе басқа себептерге байланысты әскери қызметтен бас тарту құқығын белгілеуде маңызды рөл атқарды. Ол қатысушы мемлекеттер баяндамасына қатысты қорытынды ескертуінде Пактінің 18 бабы діни және басқа да сенімдерге байланысты әскери қызметтен бас тарту құқығын білдіретінін анықтап қана қойған жоқ, сондай-ақ, осы мәселеге қатысты басқа да бірқатар сұрақтарды қарастырды.²²¹ Ол діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен босату себептерін, мұндай еркіндікке қол жеткізу процессі, балама қызметтің ұзақтығы мен шарты және балама қызметтен бас тартатындар құқығы, балама қызмет әскери қызмет сияқты құқықтар мен әлеуметтік жеңілдіктерді ұсына ала ма және әскери қызметін атқармағаны үшін қайтадан жазалануы мүмкін бе деген мәселелерді қамтиды.²²² Кей мәселеге қатысты алаңдаушылық та айтылды.²²³ Ондай алаңдаушылық себебіне кей мемлекеттегі шешім шығару процессінің тәуелсіз еместігін, балама қызмет мерзімі әскери қызметтен де ұзақ екенін²²⁴, діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тарту құқығының назардан тыс қалғанын айтуға болады.²²⁵

Комитет басқа да көптеген шешімдерінде діни және басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тарту мәселесін қарастырды. АСҚХП 18 бабын ол алғаш рет *«Йоон (Yoon) және басқалары Корей Республикасына қарсы»*²²⁶ ісінде қолданып, діни немесе басқа да сенімдеріне қатысты әскери қызметтен бас тарту құқығы 18 бапқа сүйенетінін және оның барлық қатысушы мемлекетке қатысы бар екенін атап өтеді.

219 БҰҰ АҚЖКБ. 2012. Діни немесе басқа да сеніміне байланысты әскери қызметтен бас тарту. https://www.ohchr.org/Documents/Publications/ConscientiousObjection_en.pdf, 7 б.

220 Сонда, 10 б.

221 Сонда, 14 б.

222 Мысалға Адам құқығы жөніндегі комитеттің жыл сайынғы баяндамасынан оның Венесуэла (А/48/40, 291 п.); Австрия, Эквадор және Беларусь (А/47/40, 110, 247 және 536 пп.); Испания (А/46/40, 172 п.); Португалия және Сент-Винсента және Гренадинам (А/45/40, 156 және 251 пп.); Норвегия және Нидерланды (А/44/40, 83 және 219 пп.); Финляндия және Венгрия (А/41/40, 210 және 398 пп.); Исландия, Австралия және Перу (А/38/40, 113, 150 және 269 пп.); Норвегия (А/36/40, 358 п.); және Канадаға (А/35/40, п. 169) қатысты қорытынды ескертуін қараңыз.

223 Мысалға Адам құқығы жөніндегі комитеттің жыл сайынғы баяндамасынан Израильге қатысты қорытынды ескертуін қараңыз (А/58/40, 85 п.).

224 Мысалға, адам құқығы жөніндегі комитеттің жыл сайынғы баяндамасынан Латвияға (А/59/40, 65 п.) және Грузияға (А/57/40, 78 п.) қатысты қорытынды ескертуді қараңыз.

225 БҰҰ АҚЖКБ. 2012. Діни немесе басқа да сенімдерге байланысты әскери қызметтен бас тарту. https://www.ohchr.org/Documents/Publications/ConscientiousObjection_en.pdf, 14 б.

226 Адам құқығы жөніндегі комитет. Хабарландыру №1321/2004 және 1322/2004.

«Юнг (*Jung*) және басқалары *Корей Республикасына қарсы*»²²⁷ ісінде де комитет өзінің бұрынғы көзқарасын растап, мемлекет құқықтық қорғаудың тиімді тәсілін ұсынуы керек деген қорытындыға келеді. «*Чжонг (Jeong) және басқалары Корей Республикасына қарсы*»²²⁸ ісінде комитет өзінің оған дейін келтірген дәйектерін растап, «Діни және басқа да сенімдерге байланысты әскери қызметтен бас тарту құқығы ойлау, ар-ұждан және дін бостандығы құқығының ажырамас бөлігі екенін, оның әскери қызмет адамның діни немесе басқа да сенімдеріне қайшы келген жағдайда кез келген адамға міндетті әскери қызметтен босау құқығын беретінін» қоса айта кетеді.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты 2011 жылы алғаш рет «*Баятян (Bayatyan) Арменияға қарсы*»²²⁹ ісінде діни немесе басқа да сенімдерге байланысты әскери қызметтен бас тарту құқығын мойындады. Бұл істе Сот Еуропа кеңесіне мүше мемлекеттердің ішкі құқықтық жүйесінде де, халықаралық деңгейде де болып жатқан маңызды оқиғаларды ескере отырып, оған дейін шығарған шешімдерінің себебінен бас тартады.²³⁰ Бұл құқыққа сай келу үшін адам «армияда борышын өтеу міндеті мен ар-ұжданы немесе тамырын тереңге жайған шынайы діни немесе басқа да сенімдері арасында шешілуі қиын күрделі қайшылықты бастан өткеруі керек»,²³¹ сондай-ақ, кез келген соғысқа қатысуға немесе қару асынуға қарсы нақты, бұлжымас, шынайы қарсылығын білдіре алуы керек.²³² Діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тарту құқығы мемлекеттерден «кедергі келтірмейтін немесе жазалауды мақсат етпейтін»²³³ «шынайы азаматтық сипаттағы» балама қызметті ұсынуын, сондай-ақ, мемлекет діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартып отырған тұлғалар мәртебесін «тиімді де қажетті деңгейде» анықтауын және шешімді тәуелсіз орган шығаруын талап етеді.²³⁴ Әдетте Сот шағымданушы діни немесе басқа сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартқан тұлға анықтамасына сай келе ме; діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартып отырған адамның мәселесін тиімді шешудің балама тәсілі немесе жазалауды мақсат

227 Адам құқығы жөніндегі комитет. Хабарландыру №1593–1603/2007.

228 Адам құқығы жөніндегі комитет. Хабарландыру №1642–1741/2007. 2011 жылдың 24 наурызында қабылданған пікірлер.

229 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Баятян (*Bayatyan*) Арменияға қарсы» ісі (23459/03), 07.07.2011. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-105611>.

230 Сонда, 101 п.

231 Сонда, 110 п.

232 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Энвер Айдемир (*Enver Aydemir*) Түркияға қарсы» ісі (26012/11), 07.09.2016. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-163456>.

233 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Адян (*Aduyan*) және басқалары Арменияға қарсы» ісі (75604/11), 12.10.2017. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-177429>.

234 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Савда (*Savda*) Түркияға қарсы» ісі (42730/05), 12.09.2012. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-111414>; Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Папавасилакис (*Papavasiliakis*) Грецияға қарсы» ісі (66899/14), 15.09.2016. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-166850>; Сондай-ақ қараңыз: Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Дягилев Ресейге қарсы» ісі (49972/16), 07.09.2020. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-201649>.

етпейтін балама қызмет түрі бар ма; мұндай адамдарға қатысты заңды мақсатты көздейтін ақылға қонымды өзгеше тәсіл немесе жаза түрі бар ма, мұндай тәсіл немесе жаза демократиялық қоғам үшін қаншалықты пропорционалды және қажет деген сұрақтарды қарастырады. Бұл аспектілерді бағалау кезінде қолданыстағы заң мемлекет мүддесі мен жеке адам құқықтары арасында әділ тепе-теңдік орната ала ма деген сұрақты ескеру керек. Сот сонымен қатар күнделікті қолданылып жүрген заңнамалық база бар ма деген сұрақты зерттей келе, осы мәселеге қатысты сот тәжірибесін неге кемсітпеу жөніндегі 14 бап ережелерімен,²³⁵ кейінгі кезде әділ сот төрелігі құқығы туралы б(1) баппен²³⁶ байланысты қабылдайтынын түсіндіріп берді.

Діни көзқарасына немесе әрекетіне қатысты жазаланған немесе шара қолданылған әскери қызметкерлердің шағымы 9 бапқа сәйкес қаралады. Бұл істер ең алдымен грек армиясындағы уағызшыларға қарсы әрекеттермен тығыз байланысты болса, түрік армиясында ол ислам фундаменталистеріне қарсы бағытталған.²³⁷ Кез келген адамның діни нанымын сыйлаудың маңыздылығы сонша, қандай да бір дінді қабылдау санкция салып, жұмыстан босатып жіберуге сылтау бола алмайды.²³⁸

2. Діни наным-сеніміне байланысты әскери қызметтен бас тарту құқығына шектеу қою

«Дінін немесе сенімін насихаттау бостандығын тек заңда қарастырған, қоғам қауіпсіздігі, қоғамдық тәртіпті, денсаулық пен абыройды сақтау немесе басқа адамдардың құқығы мен бостандығын сақтау мақсатын көздейтін жағдайлар ғана шектей алады».²³⁹ Мұндай шектеулер АХАК²⁴⁰ мен АСҚХП-да²⁴¹ да қарастырылған.

235 Қараңыз: Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Н. (N.) Швецияға қарсы» ісі (10410/83), 11.10.1984. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-74737>; Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Петерс (Peters) Нидерландыға қарсы» ісі (21132/93), 06.04.1994. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-1835>; Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Тлимменос (Thlimmenos) Грецияға қарсы» ісі (34369/97), 06.04.2000. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58561>.

236 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Фети Демирташ (Feti Demirtaş) Түркияға қарсы» (5260/07) ісі, 17.04.2012. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-108617>; Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Савда (Savda) Түркияға қарсы» ісі (42730/05), 12.09.2012. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-111414>.

237 Мысалға қараңыз, Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Калаш (Kalaş) Түркияға қарсы» ісі (20704/92), 01.07.1997. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58042>; Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Лариссис (Larissis) және басқалары Грецияға қарсы» ісі (140/1996/759/958-960), 24.02.1998. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58139>.

238 Karen Reid. 2015. A Practitioner's Guide to the European Convention on Human Rights (5th Edition, Sweet and Maxwell), p.368.

239 АҚЕК, 9(2) бап.

Төменде әскери қызмет барысында дінді немесе сенімді насихаттауды қай кезде шектеуге болатынын сипаттайтын жалпы жағдайлар жайлы айтылады. Сот діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартқан адамдарға балама қызметтің ұсынылмауын «маңызды әлеуметтік қажеттіліктер» ғана түсіндіріп бере алатынын²⁴² және «мемлекеттің территориялық біртұтастығын қорғауды» тиісті балама қызметтің жоқтығының негізгі себебі ретінде²⁴³ көрсетуге болмайтынын жүйелі түрде түсіндіріп берді. Жеке адам жағдайында, Сот мемлекеттің діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартқан адамды жеке тұлға ретінде қабылдаудан бас тартуын сол адамның 9 бапта қарастырылған құқықтарын іске асыруына кедергі келтіру деп есептейтінін, олай жасау үшін негіз керек екенін, дегенмен, мемлекеттің шешім қабылдау тәртібі 9 бапта (жоғарыда берілген) көрсетілген міндеттерге сай келген жағдайда өзінің мемлекет қорытындысын қабылдайтынын, оның «озбырлыққа немесе еш себеп жоқ» жағдайға қатысы жоқ екенін алға тартады (бұл материалды жазып жатқан кезде істі Жоғарғы палатаға жіберу туралы өтініш қарастырылып жатқанына қарамастан орын алған «Дягилев Ресейге қарсы» ісін қараңыз).

Сонымен қатар, заң жүзінде жеке адамның өз бетімен сенімін насихаттау құқығына ғана шектеу қоюға болғанымен, бұл шектеудің қандай да бір дінді ұстану құқығына еш қатысы жоқ.²⁴⁴ Қандай да бір сенімді ұстану және діни мен сенімін өзгерту құқығы қай кезде де абсолютті және шартсыз. Мемлекет адамдарға нақты бір сенімдер жүйесін күштеп таңу арқылы, сондай-ақ, адамды сенімін өзгертуге мәжбүрлеу мақсатында қандай-да бір мәжбүрлеу шараларын қабылдау арқылы бұл құқықтарды іске асыруға кедергі келтіре алмайды.²⁴⁵

-
- 240 АХАК 12(2, 3) бабында былай делінген: «2. Еш адам дінін немесе сенімін насихаттап немесе ауыстыруға мәжбүрлейтіндей шектеуге тап болмауы қажет. 3. Діни мен сенімін насихаттау бостандығын тек заңға сәйкес бекітілген, қоғамдық қауіпсіздікті, тәртіпті, денсаулықты немесе абыройды, сондай-ақ, басқалардың құқығы мен бостандығын қорғау мақсатын көздейтін жағдайларда шектеуге болады».
- 241 АСҚХП 18(3) бабында былай жазылған: «Діни мен сенімін насихаттау бостандығын тек заңға сәйкес бекітілген, қоғамдық қауіпсіздікті, тәртіпті, денсаулықты немесе моральды, сондай-ақ, басқалардың құқығы мен бостандығын қорғау мақсатын көздейтін жағдайларда шектеуге болады».
- 242 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Баятян (Bayatyan) Арменияға қарсы» ісі (23459/03), 07.07.2011. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-105611>, 123 п.
- 243 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Мушфиг Маммадов (Mushfig Mammadov) және басқалары Әзербайжанға қарсы» ісі (14604/08), 17.01.2020. <http://hudoc.echr.coe.int/en-g?i=001-197066>, 97 п.
- 244 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2020. Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясының 9 бабын қолдануға қатысты нұсқаулық: Ойлау, ар-ұждан және дін құқығы. https://www.echr.coe.int/Documents/Guide_Art_9_ENG.pdf, 25 п.
- 245 Мысалға қараңыз, Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Иванов Болгарияға қарсы» ісі (52435/99), 12.07.2007. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-80075>, 79 п.; Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Мокуте (Mockutė) Литваға қарсы» ісі (66490/09), 27.05.2018. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-181202>, 119 п.

3. Қарастырылып отырған мәселеге қатысты істер

2000 жылға дейін Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тарту құқығын мойындамайтын. 4(3)(b) бабына сәйкес осы мәселеге қатысты бірнеше арыз қабылданбады (мысалға қараңыз: «Г. З. (G. Z.) Австрияға қарсы» ісі, №5591/72, 02.04.1973 немесе «К. (X.) Германияға қарсы» ісі, №7705/76, 05.07.1977). Соңғы шешімдерінде Сот қолданыстағы балама азаматтық қызмет туралы қағидаларға сәйкес, оған дейін қанағаттандырмаған әскери борышын өтеушілердің арызын 14 бапты ескере отырып, 9 бапқа сай қарастыра бастады (қараңыз «Н. (N.) Швецияға қарсы» ісі, №10410/83, 11.10.1984). Діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тарту құқығын мойындауға қатысты өзгерістер 2000 жылы қатысушы мемлекеттердің діни ар-ұждан және дін бостандығы құқығын құқық аспектілерінің бірі ретінде қабылдау шешімін бір ауыздан қабылдауы нәтижесінде іске асты.²⁴⁶

Тлимменос (Thlimmenos) Грецияға қарсы ісі²⁴⁷ арызданушы Иегова куәгері жаппай мобилизация кезінде әскери форманы киюден бас тартқаны үшін сотталған болатын. Түрмеде жазасының тең жартысын өтегеннен кейін ол дипломы бар бухгалтер қызметіне тағайындауын өтініп, өтініш жазады. Алайда ауыр қылмыс жасағаны үшін оның өтініші қабылданбайды. Қарулы күштерге бағынбағаны үшін сотталған адамдар өздерін діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартты деп есептеуін өтінуге мүмкіндік беретін, сәйкесінше оларды айыптау үкімін жоққа шығаратын заң бар екеніне қарамастан, оның өтініші қабылданбайды.

Ақырында, ол «діни наным-сеніміне байланысты сотталғандар мен басқа қылмыс үшін сотталғандар арасын ажыратпағанын, арызда көрсетілген фактілердің 9 бап аясында қарастырылуы қажет екенін» айтып мемлекеттік органдарға арыз түсіреді. Сот арызданушы жазасын өтеп шыққандықтан, оның бұл лауазымды иеленуіне мүмкіндік бермеу әскерге барғысы келмейтіндерді жазалаудың дұрыс тәсілі емес екенін айта келе, 9 бап ережелерін ескере отырып, 14 баптың бұзылғанын анықтады. Дипломы бар бухгалтер лауазымын иелену жөніндегі оның жазған өтінішін қарастырып отырған комиссия заңға сүйенуі тиіс болғанымен, қажетті ережелерді қамтымаған қолданыстағы Греция заңнамасы арызданушы құқығының бұзылуына жол ашты. Сот осы заңды қабылдаған мемлекет арызданушының Конвенцияның 9 бабында көрсетілген құқығын бұзды деген қорытынды шығарады. Мемлекет ауыр қылмыс жасаған адамдардың дипломы бар бухгалтер ретінде жұмыс істеу құқығын шектейтін құқықтық нормаға қажетті ескерту енгізбеген.

246 Karen Reid. 2015. A Practitioner's Guide to the European Convention on Human Rights (5th Edition, Sweet and Maxwell), p. 368.

247 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Тлимменос (Thlimmenos) Грецияға қарсы» ісі (34369/97), 06.04.2000. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58561>.

Юлке (Ülke) Түркияға қарсы:²⁴⁸ Өзіне пацифист деген ат қойған бұл арызданушы сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартады. Ол әскерге барудан бірнеше рет бас тартқаннан кейін, оны бірнеше себепті алға тарта отырып, жауапкершілікке тартады. Сот оған дейін «Тлимменос (Thlimmenos) Грецияға қарсы» ісіне қатысты шығарған қаулысына сүйене отырып, 9 бапты қарастырмай, оның орнына 3 баптың бұзылу ықтималдығын тексеруге шешім қабылдайды. Ол наным-сенімдеріне байланысты әскери борышын өтеуден бас тарту нәтижесінде орын алған мәселені шешу тәсілін ұсынуы мүмкін заңнаманың болмауы 3 баптың бұзылуына жол ашқанын анықтай отырып, арызданушының шағымын қанағаттандырады. Сот сондай-ақ, қабылданған іс-шаралар арызданушының әскери борышын өтеуіне еш септігі тимейтінін де атап өтті.

Баятян (Bayatyan) Арменияға қарсы:²⁴⁹ бұл – Соттың діни немесе басқа да сенімдерге байланысты әскери қызметтен бас тарту құқығына Еуропа конвенциясының 9 бабы кепілдік бере ме деген мәселені қарастырған алғашқы ісі болатын.²⁵⁰ Арызданушы міндетті әскери борышын өтеуден бас тартқанымен, өзінің балама азаматтық қызметті атқаруға дайын екенін білдірген Иегова куәгері еді. Алайда, сол кезде Армения ондай балама қызмет ұсынбағанына байланысты, арызданушы 9 баптың бұзылғанына шағымданады. Сот Комиссия бұрынғы кезде сеніміне байланысты әскери қызметтен бас тартқан тұлғаларға 9 бап ережелерін қолданудан бас тартқанымен, мұндай шектеу шаралары сол кезде кең таралған идеяны білдірген болатын, ал содан бері бірқатар маңызды оқиғалар орын алды деп есептейді. Ол 9 бапты 4(3)(b) баппен ғана байланыстыруға болмайтынын атап өтті: Бұл тұрғыдан алғанда, Сот 9 бапта діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тарту туралы тікелей айтылмайтынын да баса айтады. Сондай-ақ, ол әскери борышын өтеу міндеті мен адамның ар-ұжданы немесе тамырын тереңге жайған діни немесе басқа да сенімдері арасындағы маңызды да еңсеруі қиын қайшылық түрткі болатын әскери қызметке деген қарсылық бұлтартпас, маңызды, бұлжымас көзқарасты білдіре отырып, 9 бапты қолдануға кепілдік береді деп есептейді».²⁵¹ Сонымен қатар, Сот мұндай жағдайларды жеке қарастыру керектігін де ескертеді.²⁵² Сонымен қатар, Сот әскери борышын өтеуден бас тартуына байланысты арызданушыны айыптау оның діни сенімін атқаруына кедергі келтіру болып есептелетінін де атап өтті.

248 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Юлке (Ülke) Түркияға қарсы» ісі (39437/98), 24.04.2006. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-72146>.

249 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Баятян (Bayatyan) Арменияға қарсы» ісі (23459/03), 07.07.2011. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-105611>.

250 БҰҰ АҚЖКБ. 2012. Діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тарту. https://www.ohchr.org/Documents/Publications/ConscientiousObjection_en.pdf, 15 б.

251 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Баятян (Bayatyan) Арменияға қарсы» ісі (23459/03), 07.07.2011. http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-105611_110_p.

252 Сонда.

Осылай кедергі келтіру дұрыс па дегенге қатысты шешім шығару кезінде Сот келесі мәселелерге талдау жасады: (i) ол заңда қарастырылған ба; (ii) ол 2 тармақта көрсетілген бір немесе бірнеше заңды мақсатты көздеді ме; және (iii) ол демократиялық қоғам үшін қажет пе. Сот заң үкімін бағалауға тырыспағанымен, айыптау үкімі шығарылып жатқан кезде Армения билігі балама азаматтық қызмет түрін енгізіп жатқанын ескере отырып, заңды мақсат болмаған деген қорытындыға келеді. Мұндай кедергі демократиялық қоғам үшін қажет пе еді дегенді анықтау барысында Сот Армения жүйесінің ішкі сенімге байланысты әскери қызметтен босатылу мүмкіндігін қарастырмайтынын және әскери қызметтен бас тартқандарды жазалап келгенін атап өтеді. Осылайша, ол жалпы қоғам мүддесі мен арызданушы мүддесі арасында әділ тепе-теңдік орната алмады. Сонымен қатар, Арменияның балама азаматтық қызмет ұсынуға келісуі ар-ұждан бостандығын әскерге бармау арқылы іске асыруға болатынын және бұл мәселені діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартқан адамдарды жазалау арқылы емес, керісінше, балама шаралар енгізу арқылы шешуге болатынын мойындағанын білдіреді. Демек, мұндай кедергіге себеп болатындай күйіп бара жатқан қоғамдық қажеттілік жоқ еді. Нәтижесінде, Сот тарихта алғаш рет діни және басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартуға байланысты 9 баптың бұзылғанын анықтады.

Эрсеп (Ерсер) Түркияға қарсы.²⁵³ Арызданушы Иегова куәгері әскери борышын өтеуден бас тартқаны үшін жиырма бес сот тыңдалымында қатарынан әскерден қашты деп жауапкершілікке тартылуына байланысты Конвенцияның 9 бабына сәйкес шағым түсіреді. Сот 9 баптың бұзылғанын анықтады, өйткені діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартқан адамдардың мәртебесін ретке келтіретін тиісті заңнамалық база жоқ, сондай-ақ, балама қызмет түрінің болмауына байланысты арызданушыға қатысты үкімет қабылдаған шаралар орынсыз. Сот **«Баятян (Bayatyan) Арменияға қарсы»**²⁵⁴ ісінде қолданған аргументті ескере отырып, Түркияның «Міндетті әскери қызмет жүйесі азаматтарға діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартатындар үшін кері әсері болуы мүмкін міндеттер жүктейтінін», «Мұндай жүйе қоғам мүддесі мен діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартып отырған тұлғалар мүддесі арасында әділ тепе-теңдік орната алмайтынын, демек, арызданушының ар-ұжданы мен сенімін ескерместен оған тағайындаған жазаны демократиялық қоғамға қажетті шара деуге болмайтынын» атап өтті. Нәтижесінде, Сот Конвенцияда көрсетілген құқықтарға сай келу үшін ұлттық заңнамаға өзгерту енгізуін талап етті.

Фети Демирташ (Feti Demirtaş) Түркияға қарсы.²⁵⁵ арызданушы Иегова куәгері діни сенімдеріне байланысты оның міндетті әскери қызметін өтеуден бас тартқанына қарамастан мәжбүрлі түрде әскерге тартылады.

253 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Эрсеп (Ерсер) Түркияға қарсы» ісі (43965/04), 22.11.2011. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=002-313>.

254 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Баятян (Bayatyan) Арменияға қарсы» ісі (23459/03), 07.07.2011. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-105611>.

Полкына келгеннен кейін ол форма киюден бас тартады. Нәтижесінде, оған қарсы қылмыстық іс қозғалып, әскери-әуе күштері командованиясі трибуналы оны бас бостандығынан айыруға қатысты бірнеше үкім шығарады. Арызданушының айтуынша, қамауда отырған кезде онымен дұрыс қатынаспаған және оған қоқан лоққы көрсеткен. Палата балама қызмет атқару мүмкіндігі жоқ болғандықтан 3 және 9 баптардың бұзылу дерегін анықтап, міндетті әскери қызметке қатысты қолданыстағы жүйе жалпы қоғам мүддесі мен діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартатын адамдар мүддесі арасында әділ тепе-теңдік орната алмағанын атап өтті. Осылайша, тағайындалған жаза демократиялық қоғам үшін қажет емес деген қорытындыға келді. Палата сонымен қатар, 6(1) баптың бұзылу дерегін де анықтады.

Савда (Savda) Түркияға қарсы.²⁵⁶ өзін пацифист деп жариялаған арызданушы діни және басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартып, қашып кетеді. Тұтқыннан босап шыққаннан кейін оған әскери қызметті атқаруға бұйырады, алайда ол форма киюден және өзін діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен де бас тартатын тұлға деп жариялайды. Бірнеше рет өткізілген сот ісінен және оған қойылған «асоциалды жеке тұлға» диагнозынан кейін оны әскери қызметтен босатады. Бұл шағым 9 бапқа сәйкес діни және басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тарту құқығына қатысты болатын, ал оны Түркия мойндамайды және оны мемлекет ішінде қорғайтын құқықтық жүйе жоқ. Сот 9, 3 және 6(1) баптардың бұзылу дерегін анықтады. Өз аргументінде Сот мемлекеттік органдар арызданушының 9 бап кепілдік беретін мүдделерін қорғап, өзінің діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартатын тұлға мәртебесін алу құқығы бар ма дегенді анықтауына жағдай жасай отырып, позитивті міндеттерін атқаруы керек болатын деп есептейді. Бұл мүмкіндікті бермеген жүйе жалпы қоғам мүддесі мен діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартатын тұлғалар мүддесі арасында әділ тепе-теңдік орната алмайды. Бұдан шығар қорытынды, тиісті органдар 9 бапқа сай өз міндеттерін орындамады.

Энвер Айдемир (Enver Aydemir) Түркияға қарсы.²⁵⁷ арызданушы әскерге алынғаннан кейін, әскери борышын өтеуден бас тартып, өзін діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартқан тұлға деп жариялайды. Қылмыстық істі қарау барысында ол өзінің Түркияның зайырлылық қағидасын қабылдамайтынын, ал,

255 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Фети Демирташ (Feti Demirtaş) Түркияға қарсы» ісі (5260/07), 17.04.2012. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-108617>.

256 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Савда (Savda) Түркияға қарсы» ісі (42730/05), 12.09.2012. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-111414>.

257 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Энвер Айдемир (Enver Aydemir) Түркияға қарсы» ісі (26012/11), 07.09.2016. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-163456>.

«Түркия Республикасына тиесілі форманы кимеу» шешімі оның «шарифатты», яғни ислам юриспруденциясын ұстанатынымен байланысты деп түсіндіреді. Қамауда болған кезде оған әскери форманы күштеп кигізіп, оның айтуынша қоқан-лоққы көрсетеді. Сот Адам құқығы жөніндегі Комитеттің өлімге әкелетін күш қолданбау міндетіне байланысты діни немесе басқа да сенімдер негізінде әскери қызметтен бас тарту туралы концептуалдық түсінік қалыптасқанын алға тарта келе, ұлттық юриспруденция аясында да діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тарту кез келген соғыс түріне қатысуға немесе қару асынуға шынайы, ұдайы қарсылықты да білдіретінін де атап өтеді. Ол сондай-ақ, «келісуші мемлекеттер діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тарту құқығын қандай жағдайда қолдайтынын анықтап, осы мәселеге қатысты шағымдарды қарастыру механизмін жасауда бірқатар бостандықтарға ие екенін атап өтеді. Арызданушының әскери қызметтен бас тарту себептерін зерделей отырып, Сот «адам көзқарасының немесе сенімдерінің барлығы Конвенцияның 9 бабының 1 тармағына сай келе бермейтінін; арызданушы шағымында көрсетілген діни көзқарас немесе сенім оның сыйынуы, ілім беріп, ритуалдық рәсімдерді өткізуі немесе оларды бақылауы арқылы көрініс таппайтынын, яғни 9 баптың 1 тармағына сай келмейтінін, сонымен қатар, 9 баптың 1 тармағында қолданылатын «жоралғыларды атқару» термині дін немесе сенім аясында жүргізілген немесе дін немесе сенім түрткі болған әр іс-әрекетті білдірмейтінін...; қолдағы деректерден... арызданушы сенімдерінің соғысқа қатысуға немесе қару асынуға қарсы бұлжымас, тұрақты және шынайы себеп бола алмайтынын» алға тартады. Осылайша, Сот арызданушының сенімдері мен әскери қызметті атқару арасында күрделі, бітіп бермейтін қайшылықтың бар екенін анықтаумен қатар, оның әскери қызмет өтеуден бас тартуына оның шынайы діни сенімдері түрткі болғаны туралы нақты дәлел таба алмады.²⁵⁸ Нәтижесінде, арызданушының әскери қызметтен бас тартуы діни немесе басқа да балама себептермен байланысты болмағандықтан, 9 бапқа сілтеме берілген бұл істі Сот қараудан бас тартты. Соған қарамастан, Сот материалдық және процессуалдық құқыққа байланысты 3 баптың бұзылғанын анықтады.

Папавасилакис (Papavasilakis) Грецияға қарсы.²⁵⁹ арыз өзін Иегова куәгері (бірақ шоқынбаған) деп атаған, күш қолдануға қарсылық таныта отырып, балама азаматтық қызмет атқарудан бас тартқан Греция азаматынан келіп түсті. Грек заңнамасына сәйкес, мұндай қызметке тарту құжаттар мен сот мәжілісіне сүйене отырып, нақты тұлғалардан құрылған Арнайы кеңес қорытындысы негізінде Ұлттық қорғаныс министрлігі шешімімен іске асырылады.

258 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2016. «Энвер Айдемир (Enver Aydemir) Түркияға қарсы» (26012/11) ісі бойынша құқықтық резюме. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=002-11230>.

259 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Папавасилакис (Papavasilakis) Грецияға қарсы» ісі (66899/14), 15.09.2016. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-166850>.

Оның өтініші қабылданбады, кейіннен бұйрыққа бағынбағаны үшін оған айыппұл төлеуге бұйырық береді. Сот «Мемлекет осындай мәселелерге қатысты позитивті міндет алғанын, оның ішкі заңнамаға сәйкес діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартқан адам мәртебесін беру туралы өтініштерді қарастыратын ережені ғана білдірмейтінін, бұл ереженің тиімді де барлығы қолдана аларлықтай болуы керектігін және мұндай ереженің тиімді болуына қойылатын негізгі шарттардың бірі бұл ережені іске асыратын тұлғалардың тәуелсіздігі» екенін атап өтеді».²⁶⁰ Оған дейінгі шешіміне сүйене отырып, Сот сонымен қатар, діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартатын адамдардың ісін әскери сотта қарау қаупі бар екенін де атап өтеді. Ол діни немесе басқа да сенімдері негізінде әскери қызметтен бас тартуына байланысты әскери құқығықбұзу айыбы тағылған адамдардың ісі тек әскери сотта қаралатынын, бұл адамға өзінің бұл істе мүддесі бар тараптан құралған армия судьялары оның ісін қарайтынындықтан сот әділ өтпеуі мүмкін деген заңды қорқыныш туғызатынын жоққа шығармайды (жоғарыда сөз болған Фети Демирташ (Feti Demirtaş) ісін қараңыз). Осыған байланысты, Сот сот тыңдалымына қатыспаған Кеңестің екі жеке тұлғасы болған кезде Кеңес негізінен азаматтық тұлғалардан құралған болар еді деп есептейді. Соттың пікірінше, «арызданушы діни қауым өкілі болмағандықтан, оның идеологиялық көзқарасымды әскери иерархияда жоғары қызмет атқарып отырған кадрлық офицерлерге жеткізе алмауым мүмкін деп қорқуы негізсіз емес».²⁶¹ Осыған байланысты, Сот құзырлы органдар 9 бапқа сәйкес діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тартатын тұлғалар шағымдарының қаншалықты негізді екенін бағалау мақсатында арнайы комитеттер жүргізетін сауалнаманың процедура тиімділігіне кепілдік беруін және сауалнама жүргізіп отырған комиссияда әскери қызметкерлермен қатар азаматтық тұлғалардың да болуын қамтамасыз ету жөніндегі позитивті міндетін орындамағанын анықтады.

Адян (Aryan) және басқалары Арменияға қарсы.²⁶² 9 бапқа сәйкес шағымды әскери және азаматтық қызметті өтеуден бас тартқаны үшін жазаларын өтеп шыққан, мемлекет ұсынып отырған азаматтық қызметті әскери органдар атқаратындықтан, оны таза азаматтық қызмет деуге болмайды деп есептейтін бірнеше Иегова куәгерлері түсірді. Сот балама қызметтің болуы мемлекеттік органдар 9 бапқа сай өз міндеттерін орындады дегенді білдірмейтінін атап өтті. Сот мемлекет ұсынып отырған балама қызмет жүйесі заң жүзінде немесе өмірде таза азаматтық сипаттағы, жазалауды немесе

260 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2016. Құқықтық резюме – «Папавасилакис (Papavasilakis) Грецияға қарсы» ісі (66899/14). <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=002-11317>.

261 Сонда.

262 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Адян (Aryan) және басқалары Арменияға қарсы» ісі (75604/11), 12.01.2018. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-177429>.

шектеуді мақсат етпейтін қызмет ұсына алмаса, Конвенцияның 9 бабы кепілдік беретін діни немесе басқа да сенімдеріне байланысты әскери қызметтен бас тарту құқығын көз алдау деуге болатынын айтады. Сот балама қызмет атқарып жүргендердің жұмысы шынымен де азаматтық сипатта болуы керектігін айта келе, ойын былай қорытындылайды: «істеп отырған жұмыстың сипаты балама қызмет шынымен де азаматтық сипатта ма деген мәселені шешу кезінде ескеруді қажет ететін факторлардың тек бірі. Бұл мәселені шешуде басқару, бақылау, қолданыстағы ережелер мен сыртқы атрибуттар да маңызды рөл атқарады».²⁶³ Балама азаматтық қызмет сипатын бағалай отырып, Сот екі қорытындыға келеді. Бірінші, әскери қызметкерлер балама қызметті басқару және кездейсоқ тексерулер, рұқсатсыз қызмет орнын тастап кету, ақша аудару, тапсырмаларды орындау сияқты аспектілерді бақылау ісіне қатысатындықтан, бұл балама қызмет әскери жүйеден алыс кете алған жоқ. Әскери тәртіпті қолдануға келер болсақ, бұл қызметті атқарып жүргендер әскери форма киюі керек болатын. Екінші, Соттың ойынша, балама қызмет ұзақтығы (әскери қызметте 24 ай болса, мұнда 42 ай) онда шектеу және жазалау сипаты болғанын көрсетеді. Сондықтан, Сот мемлекеттік органдар арызданушылардың ар-ұждан және сенім талаптарын ескермегендіктен 9 бапты бұзғанын және жалпы қоғам мүддесі мен (демократиялық қоғамға қажет) арызданушылар мүддесі арасында әділ тепе-теңдік орнататын балама қызмет жүйесін ұсына алмағанын атап өтеді.

Мушфиг Маммадов (Mushfig Mammadov) және басқалары Әзербайжанға қарсы.²⁶⁴ арызданушы Иегова куәгерлері олардың балама қызмет атқару туралы өтінішін мемлекеттік органдар қабылдамағаннан кейін, оларды жауапкершілікке тартып, бас бостандығынан айырғаны туралы шағым түсірді. Бұған дейінгі тәжірибесіне сүйене отырып, Сот ұлттық деңгейде қабылданған шаралар заңға қаншалықты сәйкес және пропорционалды деген мәселені қарастырады. Сот балама қызмет жүйесінің болмауына байланысты 9 баптың бұзылу дерегін анықтады. Бұл – 9 бапта қарастырылған құқықтарды іске асыруға кедергі келтіру, ал оның демократиялық қоғамға қажеті жоқ. Сот Әзербайжан үкіметіне қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу міндетін жүктейді.

263 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Адян (Aduyan) және басқалары Арменияға қарсы» ісі (75604/11), 12.01.2018. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-177429>. 68 п.

264 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Мушфиг Маммадов (Mushfig Mammadov) және басқалары Әзербайжанға қарсы» ісі (14604/08), 17.01.2020. <http://hudoc.echr.coe.int/en-g?i=001-197066>.

Жиын өткізу және бас қосу бостандығы

1. Сипаттамасы және құқықтық құжаттар

«Хельсинки қорытынды актісінде және басқа да ЕКҚК/ЕҚЫҰ келісімдерінде барлық мемлекеттер өздеріне бейбіт жиындарды қорғап, жиындар кезінде үкіметті сынайтын, бұрын еш жерде айтылмаған ойлар айтылса да, жеке тұлғалардың басқалармен бірлесу құқығын сыйлау міндетін жүктейді».²⁶⁵ Жиын өткізу және бас қосу бостандығын ұлттық және халықаралық заңнамада бекітудің ұзақ тарихы бар. Джереми Бентам (Jeremy Bentham) 1776 жазған «Үкімет туралы фрагменттер» еңбегінде бас қосу бостандығын «атқарушы билік органдары заңды көзқарас тұрғысынан іс-әрекетін ақтап алғанға дейін үкіметке көңілі толмаушылар өз көңіл-күйін білдіріп, жоспарларын талқылайтын және көтерілістен басқа келіспеушіліктің барлық формасын қолданатын қауіпсіздік» деп сипаттайды.²⁶⁶ Содан бері жиын өткізіп, бас қосу концепциясы бірқатар өзгерістерді бастан өткерді және қазіргі уақытта оны адам құқығы жөніндегі негізгі құжаттар мойындайды. Жиын өткізу бостандығына саяси, діни немесе рухани, әлеуметтік немесе басқа да мақсатты көздейтін көпшіліктің немесе жеке адамдардың жиналуын, маршты, шеруді, демонстрацияны, отырып ереуіл жариялауды жатқызуға болады. Мұндай мақсатқа, жиын бейбіт түрде өткізілсе еш шектеу қоюға болмайды. Жиын деструктивті мақсатты көздемеген жағдайда кездейсоқ күш қолдану – жиын өткізу бостандығы құқығы кепілдік беретін қорғаныстан айырылды дегенді білдірмейді.²⁶⁷ Алайда, Конвенция құндылықтарына қайшы келетін іс-әрекетпен айналысатын ұйымдар Конвенцияны онда көрсетілген құқықтарды алып тастау немесе шектеу мақсатында қолдануға тыйым салатын 17 бапқа сәйкес 11 бапта қарастырылған қорғанысқа қол жеткізе алмайды.²⁶⁸ Бас қосу бостандығы басқалармен бірлесе отырып, ортақ мақсаты бар ұйымдар құру бостандығына жол ашады.

265 Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі комиссия. Бас қосу және жиын өткізу бостандығы. <https://www.csce.gov/issue/freedom-association-and-assembly>.

266 "Freedom of Assembly and Association." Governments of the World: A Global Guide to Citizens' Rights and Responsibilities. Encyclopedia.com. (September 30, 2020). Available from: <https://www.encyclopedia.com/international/legal-and-political-magazines/freedom-assembly-and-association>; See also, Bentham, Jeremy – Supplementary Bibliography. Available from: <https://www.encyclopedia.com/people/philosophy-and-religion/philosophy-biographies/jeremy-bentham>.

267 Еуропа Кеңесі. Жиын өткізу және бас қосу бостандығы. <https://www.coe.int/en/web/echr-tool-kit/la-liberte-de-reunion-et-dassociation>.

268 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2020. Адам құқығы жөніндегі Еуропа Конвенциясының 11 бабын қолдану бойынша нұсқаулық: Жиын өткізіп, бас қосу бостандығы. https://www.echr.coe.int/Documents/Guide_Art_11_ENG.pdf, 109 п.

Ол, атап айтқанда, ұйым мүшелерінің мүдделерін қорғау мақсатында кәсіподақ ұйымдарын құруды көздейді. Кәсіподақтан басқа, тағы екі бірлестіктің маңызы зор. Олар: саяси партиялар және діни ұйымдар.²⁶⁹

Конвенцияның 11(1) бабында әр адамның бейбіт жиындар өткізіп, басқалармен бас қосу құқығы бар екені айтылады. Бұл құқықтар сондай-ақ кәсіби одақтар құрып, мүдделерін қорғау үшін оларға мүше болуды да қамтиды.²⁷⁰ АҚЖБД 20 бабында былай көрсетілген: (1) әр адамның бейбіт жиын өткізіп, одақ құру құқығы бар; және (2) еш адамды қандай да бір одаққа мәжбүрлі түрде кіргізуге болмайды. АСҚХП 21 бабы бейбіт жиын өткізу құқығын мойындайды. БҰҰ бейбіт жиын өткізіп, бас қосу құқығы жөніндегі Арнайы баяндамашыны тағайындады. Арнайы баяндамашы бейбіт жиын өткізіп, бас қосуға қатысты жаһандық, өңірлік және жергілікті тенденциялар мен мәселелерге қатысты ақпарат жинап, алмасу, осы құқықтарды қалай алға жылжытып, қорғауға болатыны жайлы ұсыныстар беру, құқық бұзылған жағдайда ол жайлы хабарлау, сондай-ақ, осы құқықты іске асырып отырған тұлғалар кемсітуге ұшыраса, оларға қарсы күш қолданылса, қорқытып, қудаланса немесе жазаланса, ол жайлы хабарлап отыру құзыретіне ие.²⁷¹

Бейбіт жиын өткізу бостандығы құқығы ойлау, ар-ұждан және дін (9 бап) құқығымен қатар, ойын еркін білдіру бостандығымен (10 бап) де тығыз байланысты. 10 және 11 баптар (жиын өткізіп, бас қосу бостандығы) демократиялық қоғам үшін басты мүдделердің бірі болу керек және оған қандай да бір шектеу мәнін үстеуге болмайды.²⁷² Пікірді қорғау мен ойын еркін білдіру бостандығы – 11 баптың негізгі элементтерінің бірі.²⁷³ Демек, 11 бапты 10 бап контекстінде қарастырған жөн, ал, 10 бап бойынша бас қосу бостандығын іске асырудың негізгі мақсаты – жеке ойын білдіріп, көпшілік талқылауы үшін форум құруға және ашық түрде қарсылық білдіруге мүмкіндік беру.²⁷⁴

269 Еуропа кеңесі. Жиын өткізіп, бас қосу бостандығы. <https://www.coe.int/en/web/echr-tool-kit/liberte-de-reunion-et-dassociation>.

270 АҚЕК, 11(1) бап.

271 Қараңыз; Адам құқығы жөніндегі БҰҰ Жоғарғы комиссары басқармасы "<http://www.ohchr.org/EN/Issues/AssemblyAssociation/Pages/SRFreedomAssemblyAssociationIndex>" www.ohchr.org/EN/Issues/AssemblyAssociation/Pages/SRFreedomAssemblyAssociationIndex.aspx.

272 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2020. Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясының 11 бабын қолдануға арналған нұсқаулық: Жиын өткізу және бас қосу бостандығы. https://www.echr.coe.int/Documents/Guide_Art_11_ENG.pdf, 1 п.

273 Сонда, 3 п.

274 Сонда, 4 п.

2. Жиын өткізіп, бас қосу бостандығын шектеу немесе оны іске асыруға кедергі келтіру

Жиын өткізіп, бас қосу бостандығы құқығы абсолютті емес. АСҚХП 4 бабына сәйкес, мемлекеттер Пактіде берілген кейбір міндеттемелерден бас тарта алады. Оларға «ұлт тағдырына қауіп төніп тұрған, ол жайлы ресми түрде жарияланған мемлекеттегі төтенше жағдайлар кезінде» жиын өткізіп, бас қосу бостандығы құқығы жатады. Мұндай шаралар тек «жағдайдың ушығу деңгейіне қарай, халықаралық құқыққа сай басқа міндеттермен сәйкес келмеген жағдайда іске асырылады және нәсілі, түсі, жынысы, тілі, діни немесе әлеуметтік шығу тегіне қарай кемсітуге жол бермейді».²⁷⁵ АСҚХП 21 бабында жиын өткізу бостандығы құқығын іске асыру заңда қарастырылған мемлекет пен қоғамдық қауіпсіздік, халық денсаулығын немесе абыройын сақтау немесе басқалардың бостандығы мен құқығын қорғау үшін демократиялық қоғамға қажет кездерден басқа кезде еш шектеуге ұшырамауы керек деп көрсетілген. 22(2) бапта да бас қосу бостандығына қатысты осындай ереже бар.

Еуропа конвенциясының 11 бабына сәйкес жиын өткізіп, бас қосу бостандығы үш маңызды элементті қамтиды: бейбіт жиын өткізу бостандығы, басқалармен бас қосып, бірлесу бостандығы мен кәсіби одақтар құру құқығы және өз мүдделерін қорғау үшін осындай ұйымдарға мүше болу. Ары қарай 11 бапта былай делінген: «Бұл құқықтарды іске асыру заңда қарастырылған ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп мүддесі үшін демократиялық қоғамға қажет, денсаулық пен абыройды және басқалардың құқығы мен бостандығын қорғау үшін тәртіпсіздіктердің немесе қылмыстың алдын алудан басқа кезде шектелмейді. Бұл бап қарулы күштер, полиция немесе мемлекеттік әкімшілік органдары құрамына кіретін адамдардың бұл құқықтарын заң жүзінде шектеуге еш кедергі келтірмейді».²⁷⁶ Бұл айтылғандар қарастырылып отырған норманы әскери қызметке шақырылушыларға қатысты қолдану мен оның қолданыс аясын анықтап береді. Сот ары қарай мемлекет өз қызметкерлерінің жиын өткізіп, бас қосу бостандығын сыйлауы қажет екенін, алайда, 11 баптың 2 тармағы ережесіне сай бұл мемлекеттің қарулы күштер, полиция немесе әкімшілік органдары құрамына кіретін тұлғалардың бұл құқықтарды іске асыруына заң жүзінде шектеу қоюға рұқсат берілгенін де нақтылап өтеді.²⁷⁷ Қазіргі уақытқа дейін Еуропа соты тәжірибесінде негізінен мемлекеттік қызметкерлердің жиын өткізу емес, бас қосу бостандығы ғана қарастырылып келді.²⁷⁸

275 АСӨХП, 4 бап

276 АҚЕК, 11(2) бап.

277 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2020. Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясының 11 бабын қолдануға арналған нұсқаулық: Жиын өткізіп,, бас қосу бостандығы. https://www.echr.coe.int/Documents/Guide_Art_11_ENG.pdf.

11 бапта қарастырылған құқықтарды іске асыруға кедергі келтірудің «демократиялық қоғам үшін қажеті бар ма?» деген сұраққа келсек, Сот қарулы күштер, полиция немесе мемлекеттік әкімшілік органдары құрамына кіретін адамдардың кәсіподақ құрып, оған мүше болу құқығын іске асыруға заңды шектеулер қоюға болатынын растады. Алайда, 11 бапта көрсетілген ескертулер нақты бір жағдайда ғана қолданылуы керек, атап айтсақ, мұндай тұлғалардың бас қосу бостандығын шектеуді ақтап аларлықтай көңілге қонатын, орынды себеп болуы керек. Бұл мәселені 11 баптың 2 тармағы аясында қарастыру қажеті бар ма дегенге келсек, заңнаманың қатаң сақталуы, оның нормаларының қолданылуына қатысты шешімдер, сондай-ақ, тәуелсіз соттар қабылдаған шешімдер қатаң бақыланатындықтан, Келісуші елдер өз бетінше шешім шығара алмайды.²⁷⁹ Әдетте Сот қандай да бір мәселенің демократиялық қоғамға қаншалықты қажет екенін анықтауды бұл іске араласу «әлеуметтік көкейтесті қажеттілікке» деген жауап па деген сұрақтан бастайды. Айталық, ұйым құру құқығын шектеу әлеуметтік қажеттілік пе деген сұраққа жауап беру үшін құрған кәсіподақ ұйымы немесе оның іс-әрекеті мемлекет пен демократиялық қоғамға тікелей қауіп төндірмейтініне көз жеткізерліктей дәлелдер қажет. Мұндай қауіптің болуын ең алдымен қолында көп билігі бар мемлекеттік билік органдары бағалайды. Қалай болғанда да, ол Сот тарапынан болатын сот бақылауын алмастыра алмайды.²⁸⁰

Биліктің осылайша араласуы сондай-ақ пропорционалдылық талабына да сай келуі керек және жоғарыда айтып өткеніміздей, ол жеке адам құқығын мемлекет пен қоғам мүддесімен салыстырады. Мемлекеттік органдар алға тартатын себептер өзекті де жеткілікті болуы керек, ал, бұл мемлекеттік органдардың стандарттарды 11 бапта көрсетілген принциптерге сай қолдануы қажет екенін білдіреді. Сонымен қатар, олар шешім шағарған кезде тиісті фактілерге берілген бағаларға да сүйенуі қажет.²⁸¹

Нақты әскери қызметкерлер мен мемлекеттік қызметкерлерге келер болсақ, Сот 11(2) бабына сәйкес әскери қызметкерлер мен басқа да мемлекеттік қызметкерлерге заңды түрде қойылатын шектеулер 11 бапқа сәйкес «іске асырылатын» құқықтарды шектеуге барабар болуы қажет деп есептейді. Бұл қабылданған шаралар «қандай да бір ұйым құру мақсатын» бұрмалауға болмайды дегенді білдіреді (қараңыз: «*Демир (Demir) Түркияға қарсы*»).

278 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2020. Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясының 11 бабын қолдануға арналған нұсқаулық: Жиын өткізіп,, бас қосу бостандығы. https://www.echr.coe.int/Documents/Guide_Art_11_ENG.pdf.

279 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Тюм Хабер Сен (Tüm Haber Sen) және Цинар (Çinar) Түркияға қарсы» ісі (28602/95), 21.05.2006. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-72521>.

280 William A. Schabas. 2015. The European Convention on Human Rights: A Commentary. Oxford University Press.

281 Сонда.

Айталық, әскери қызметкерлердің кәсіподақ құрып, оған мүше болуын толықтай шектеуге болмайды (қараңыз: «*Демир (Demir) Түркияға қарсы*», «*Адефдромил (Adefdromil) Францияға қарсы*», «*Мателли (Matelly) Францияға қарсы*»). Керісінше, олардың ереуілге шығу құқығын іске асыруына кедергі келтіруге немесе ондай құқықты шектеуге болады (қараңыз: «*Огневенко Ресейге қарсы*», 72 п.). Қалай болғанда да, ескертулерді сөзбе сөз қабылдау қажет болғандықтан, оған негіз ретінде «бұлтартпас, орынды себептер» қажет (қараңыз: «*Демир (Demir) Түркияға қарсы*»). Армияның қоғамдағы рөлін ескере отырып, Сот қарулы күштердің саяси нейтралитеті кез келген демократиялық қоғамның заңды мақсаты болуы керектігін атап өтеді. Осылайша ол, әскери қызметке шақырылғандардың бас қосу бостандығына кейбір шектеулерді енгізуге рұқсат береді.²⁸² Бұл көзқарасты «*Эрдел (Erdel) Германияға қарсы*» ісіне қатысты шешімнен байқауға болады.²⁸³ бұл арызданушы – сол кездегі іс-әрекеті конституцияны қорғау жөніндегі басқарманың жіті бақылауында жүрген саяси партияның мүшесі. Ақырында, оны әскерге шақыру қағазы қайтарылып алынады. Қорғаныс округі командованиесі мен неміс әкімшілік соты шақыру қағазын осылай қайтарып алу оңшыл экстремистік идеология негізінде конституция мен демократия гаранты болып отырған неміс армиясында қандай да бір қылмыс жасаудың алдын алу мақсатында іске асты деген пікірін алға тартады. Сот қарулы күштердің саяси нейтралитеті заңды мақсатты көздейтінін, ол Үшінші рейх кезінде елде орын алған жағдайлармен байланысты екенін және Федералды Республика конституциясы «өзін қорғай алатын демократия» принципіне сүйентіндіктен, бұл мәселе Германия үшін аса маңызды екенін атап өтеді. Әскерге шақыру қағазын қайтарып алу, осылайша арызданушының 10 бапқа сай пікір білдіру бостандығы құқығына кедергі келтіру оған айтарлықтай кері әсерін тигізебегенін және бұл саяси партияның конституцияға деген шынайы көзқарасын білдіретін бұлтартпас дәлел екенін екерсек, орынды шешім. Сот 11 бапта көрсетілген кез келген құқықты іске асыруға кедергі келтіру ісі осылай талданатынын түсіндіріп өтті.

Қарулы күштерге қажетті тәртіпті сақтауға бағытталған шаралар да осындай заңды мақсатты көздейді. Оны 10 бапқа сәйкес пікір білдіру бостандығы контекстінде жоғарыда сөз болған «*Энгел (Engel) және басқалары Нидерландыға қарсы*» ісінен көруге болады.²⁸⁴ Фактілерге сүйене отырып, Сот 11 бапта көрсетілген құқықтарды іске асыруға еш кедергі болмағанын (дәлелдің қажет болмағанын айтып отыр) анықтады. Сонымен қатар, 10 және 11 баптар арасында тығыз байланыстың болуы әскери тәртіпті сақтау да заңды мақсатты көздейтінін, ал бұл жиын өткізіп, бас қосу бостандығына қойылар потенциалды шектеуді ақтайтынын білдіреді.

282 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Эрдел (Erdel) Германияға қарсы» ісі (30067/04), 13.02.2007. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-79618>.

283 Сонда.

284 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Энгел (Engel) және басқалары Нидерландыға қарсы» (5100/71; 5101/71; 5102/71; 5354/72; 5370/72), 08.06.1976. <http://hudoc.echr.coe.int/tur?i=001-57479>.

Конвенцияда қарастырылған осы жалпы принциптерден басқа әскери қызметкерлердің бас қосу бостандығына (кәсіподақтар немесе осы сияқты ұйымдар құру) қатысты мәселелер қалай қарастырылуы керектігі жөнінде мемлекеттер арасында еш келісім жоқ. Әскери қызметкерлердің құқықтары мен негізгі бостандықтары жөніндегі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-DCAF анықтамасында ЕҚЫҰ мүше мемлекеттері арасында қолданылатын үш негізгі тәсіл берілген. Мұндай тәсілдер әр елде әр түрлі: бірінде мұндай ұйымдарға үзілді-кесілді тыйым салса, келесінде оларды ресми түрде қаржыландырады, ал үшіншісінде тәуелсіз әскери ұйымдар мен кәсіподақ ұйымдарына рұқсат берілген.²⁸⁵ Осыған байланысты, міндетті әскери қызмет командирлері қарулы күштерде кәсіподақ ұйымдарын құруға рұқсат беруге қатысты алаңдаушылықтарын білдіріп келеді.²⁸⁶ Соттың кәсіподақ ұйымын қарулы күштер миссиясына тән ерекшеліктерді ескере отырып құруға болады және кәсіподақ ұйымдары мен олардың мүшелерінің әрекеті мен пікір білдіру формасына айтарлықтай шектеу қойылуы мүмкін деген шешіміне қарамастан, ол жоғарыда атап өткендей, әскерге шақырылған адамдардың өз мүддесін қорғау үшін ұйымдар құруын заң жүзінде толықтай шектеуге болмайтынын атап өтеді.

Мемлекеттер 11 бапта қарастырылған құқықтарды іске асыруға қарсы заңсыз шаралар қабылдаудан аулақ болуы керек. Жиын өткізіп, бас қосу бостандығының маңызы мен оның демократиямен тығыз байланысын ескерсек, бұл бостандықтарға қарсы кез келген шектеудің бұлтартпас және орынды себептері болуы керек.²⁸⁷ 11 баптың негізгі мақсаты тұлғаны оның осы бап қорғайтын құқықтарын іске асыруына мемлекет тарапынан қойылатын заңсыз кедергіден қорғау болса, мемлекетке бұл құқықтарды тиімді іске асыруға қатысты қосымша позитивті міндеттер жүктеледі.²⁸⁸

Еуропа Кеңесінің ұсынысында әскери қызметкерлер олардың мүддесін қорғайтын тәуелсіз ұйымдарға мүше болуға және ұйымдар құрып, ұжымдық еңбек келісімшартын жасауға құқығы бар деп көрсетілген. Бұл құқықтар ескерілмеген жағдайда мұндай шектеулердің себептерін қайта қарап, жиын өткізіп, бас қосу құқығына қойылған орынсыз, артық шектеулерді алып тастау керек. Сонымен қатар, заңды түрде құрылған әскери бірлестіктер мен кәсіподақ ұйымдарының ісіне ат салысқан әскери қызметкерлерге қатысты қандай да бір тәртіптік немесе кемсіту шаралары қолданылмауы керек.²⁸⁹

285 ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-DCAF. 2008. Әскери қызметкерлердің құқықтары мен негізгі бостандықтары жөніндегі анықтама. ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі Бюрода жарық көрді. <https://www.dcaf.ch/sites/default/files/publications/documents/HandbookHuman-RightsArmedForces-080409.pdf>.

286 Jennifer Mittelstadt. 2011. "The Army is a Service, Not a Job": Unionization, Employment, and the Meaning of Military Service in the Late-Twentieth Century United States. In *International Labor and Working-Class History*. Cambridge University Press.

287 William A. Schabas. 2015. *The European Convention on Human Rights: A Commentary*. Oxford University Press.

288 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2020. Адам құқығы жөніндегі Конвенцияның 11 бабын қолдануға арналған нұсқаулық – Жиын өткізу және бас қосу бостандығы. https://www.echr.coe.int/Documents/Guide_Art_11_ENG.pdf.

Кәсіби әскери қызметкерлер мен әскери борышын өтеп жүргендер арасын ажыратып көрсету қажет екендігіне қарамастан, кәсіподақ ұйымдарын құру мәселесіне келгенде 11 баптың жалпы принциптері әскери қызметкерлердің екі категориясына да бірдей қолданылуы қажет.

3. Қарастырылып отырған мәселеге қатысты істер

Төменде берілген жағдайлардың көбі пікір білдіру бостандығына қатысты болғанымен, оларға қатысты 10 бап та, 11 бап та көптеп қолданылады.

*Эрдел (Erdel) Германияға қарсы (істі қарауға болатыны туралы сот шешімі).*²⁹⁰ арызданушы – тәжірибелі юрист және Die Republikaner саяси партиясының мүшесі. Партия негізінен популистік және оңшыл деп есептеледі, осыған байланысты, Германияның түрлі жерлеріндегі конституцияны қорғау ведомствосы тарапынан ол жіті тексеріліп келеді. Федералды конституциялық сот партияны конституцияға сай емес деген шешім шығарған жоқ. 2005 жылы болған жалпыхалықтық сайлауда Die Republikaner бір пайызға жетпейтін дауыс жинады. Арызданушы резервтегі жеке құрам тізімінде лейтенант ретінде тіркелгендіктен, 1997 жылдың 5 мамырында оны армияға әскерге шақырады. 1997 жылдың 6 қарашасында Вецлар округтік әскери комиссариаты Қорғаныс министрлігі шешіміне сай одан әскерге шақыру қағазын қайтарып алады. 1998 жылдың 16 наурызында Қорғаныс округтік командованиесі арызданушының апелляциялық шағымын қарамастан кері қайтарады. Оны былай түсіндіреді: арызданушыны әскерге алу шешімінің күшін жоюы оны осы міндеттен босатты, сондықтан да оны әкімшілік акт деуге болады, ал бұл арызданушының мүддесін қорғайды. Сонымен қатар, Командование арызданушы резервтің тұрақты дайындығынан енді өтпегенімен, ол өзінің запастағы офицер шешін сақтап қала алатынын және болашақта орын алатын әскери дайындықтардың кейбіріне қатыса алады. Экстремистік идеология түрткі болған бірнеше жағдайға байланысты, неміс армиясы әскери қызметке шақыруда өз қалауына сай шешім шығарып, жаяу әскер резервін дайындау үшін командалық жеке құрамға конституцияға қарсы қозғалыстарды қолдамайтын және мұндай жағдайлар орын алған кезде өз бетінше тез арада шара қабылдай алатын адамдарды таңдап алды. Die Republikaner партиясының әр мүшесі еркін демократиялық тәртіпке қарсы шығады деп есептеуге болмайтынына қарамастан, Конституцияны қорғау жөніндегі Федералды басқарманың 1996 жылғы баяндамасынан бұл партияның кей топтары мен күштері мұндай іске барды деген қорытынды шығаруға болады. Конвенцияның 10 бабының бұзылу ықтималдығын қарастыра отырып,

289 Еуропа кеңесі: Министрлер комитеті. 2010. Әскери қызметкерлер құқығына қатысты министрлер комитетінің қатысушы мемлекеттерге берген ұсынысы CM/Rec(2010)4 және түсіндірме меморандум, 51 б.

290 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Эрдел (Erdel) Германияға қарсы» ісі (30067/04), 13.02.2007. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-79618>.

Сот бұның Үшінші рейх кезінде елде болған жағдайларды ескерсек Германия үшін аса маңызды екенін, Федералды Республика конституциясы «өзін қорғай алатын демократия» принципіне сүйенетінін атап өтеді. Армияның қоғамдағы рөлін ескере отырып, Сот қарулы күштердің саяси нейтралитеті кез келген демократиялық қоғамның заңды мақсаты екенін атап өтті. Әскерге шақыру қағазын қайтарып алып, осылайша 10 бапта қарастырылған арызданушы құқығын іске асыруға кедергі келтіруді Die Republikaner партиясының ерекшеліктерін және арызданушы үшін мемлекеттік органдар шешімінің айтарлықтай салдары жоқ екенін ескерсек, мақсатқа жетудің заңды тәсілі деуге болады. 11 бапта көрсетілген кез келген құқықты іске асыруға кедергі келтіру ісі осылай талданады. Осылайша, арыз негізсіз деп танылып, іс сотта қарастырылмады.

Адефдромил (Adefdromil) Францияға қарсы және Мателли (Matelly) Францияға қарсы.²⁹¹ бір күнде шыққан бұл екі шешім қарулы күштерде кәсіподақ сияқты ұйымдарды құруға және осындай кез келген ұйымға мүше болуды әскери тәртіпке қайшы деп тыйым салатын француз нормативтік-құқықтық актілеріне қарсылық білдірген шағымдарға қатысты. Сот еш қызметкер 11 бап қолданыс аясынан тыс қалмайтынын, 11(2) баптың қосымша ережелерін сөзбе-сөз қабылдау керектігін, демек, оларға қойылатын шектеу бас қосу бостандығы құқығын «іске асыруға» қатысты болғанымен, ол оның негізгі мәнін жоққа шығара алмайтынын атап өтті. Мемлекеттің заңды мақсатты, яғни қарулы күштерде тәртіптің болуына көздегені белгілі, алайда, ол пропорционалды болмағандықтан, оның демократиялық қоғамға қажеті жоқ, өйткені алдыға қойған мақсатқа жету – бұл бостандықтарды толықтай шектеуді қажет етпейді.

Мүлік құқығы

1. Құқық сипаттамасы

Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын сақтау жөніндегі Конвенция Хаттамасының 1 бабында жекеменшік мүлік құқығы «Әр жеке және заңды тұлғаның өз мүлкін бейбіт түрде пайдалану құқығы» деп көрсетілген».²⁹² Еуропа конвенциясынан басқа да бірқатар құқықтық құжаттар мүлік құқығын мойындайды және реттейді.

291 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Адефдромил (Adefdromil) Францияға қарсы (32191/09). 02/10/2014. <https://hudoc.echr.coe.int/app/conversion/docx/pdf?library=ECHR&id=002-10127&filename=CEDH.pdf>; және Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. Мателли (Matelly) Францияға қарсы» ісі (10609/10). 02/10/2014. <https://hudoc.echr.coe.int/app/conversion/docx/pdf?library=ECHR&id=002-10126&filename=CEDH.pdf>

292 Адам құқығы мен негізгі бостандықтарды қорғау жөніндегі Конвенция Хаттамасы (қол қоюға 1952 ж. 20 наурызында жіберіліп, 1954 ж. 18 мамырда күшіне енді). https://www.echr.coe.int/Documents/Convention_ENG.pdf.

Оған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 17 бабын,²⁹³ Адам және халықтар құқығының Африка хартиясының 14 бабын,²⁹⁴ Адам құқығы жөніндегі Америка конвенциясының 21 бабын²⁹⁵ және Адам құқығы және міндеттері жөніндегі Америка декларациясының 23 бабын жатқызуға болады.²⁹⁶

Басқа халықаралық конвенцияларда да заң алдында тең құқықты болу контекстінде жеке меншік мүлік құқығы мен әйелдер құқығы қарастырылады. Оларға 5 бабында әр адам нәсіліне, тері түсіне, ұлттық немесе этникалық шығу тегіне қарамастан заң алдында басқалармен тең құқықты екенін және олардың «жеке өзі немесе басқалармен бірлесе отырып мүлікке ие болу» және «мұрагерлікке ие болу» құқығы бар екенін атап көрсететін нәсілдік кемсітудің барлық түрін жою жөніндегі БҰҰ Конвенциясын,²⁹⁷ және әйелдердің де ерлер сияқты, атап айтсақ, «мүлікке ие болу, сатып алу, басқару, пайдалану және қожалық ету»²⁹⁸ құқығы бар екені мойындайтын әйелдерге қарсы кемсітудің барлық түрін жою жөніндегі БҰҰ Конвенциясын жатқызуға болады.

Әскерге шақырылған адамдар құқығына келер болсақ, Министрлер комитетінің әскери қызметкерлер құқығына қатысты қатысушы мемлекеттерге берген CM/Rec(2010)4 ұсынысында былай деп атап өтеді: «Қарулы күштер қатарына қосылғаннан кейін әскери қызметкерлерден, соның ішінде шақыру бойынша әскери борышын өтеп жүргендерден алып алған мүлікті әскери қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін қайтарып беру керек».²⁹⁹ Әскери қызметкерлерге арналған адам құқығы жөніндегі өзінің 2006 жылғы қарарында Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясы әскери қызметкерлердің бірнеше құқығын ғана қарастырса, соның бірі – мүлік құқығын құрметтеу құқығы.³⁰⁰

293 АҚЖБД, 17(1) бабы: «Әр адамның мүлікті жеке өзі немесе басқалармен бірлесе отырып иелену құқығы бар»; және 17(2) бап: «Ешкімді оның рұқсатынсыз мүлкінен айыруға болмайды».

294 АХҚАХ, 14 бап: «Мүлік құқығына кепілдік беріледі. Оны көпшілік қажет еткен жағдайда немесе қоғамның жалпы мүддесі үшін заң ережелеріне сәйкес қана шектеуге болады».

295 АҚАК, 21(1) бабы: «Әр адамның мүлкін пайдаланып, оған ие болу құқығы бар. Қоғам мүддесін ескере отырып, заң мүлікті қолданып, ие болуды реттеп отырады»; 21(2) бап: «қоғамға пайдасы мен әлеуметтік мүдде тұрғысынан қарастыра отырып, әділ өтемақы төлеу жағдайынан басқа кезде, сондай-ақ, заңда көрсетілген тәртіптен басқа жағдайда еш адамды мүлкінен айыруға болмайды»; және 21(3) бабы: «Өсімқорлыққа немесе бір адамның екінші адамды қанау әрекетінің кез келген түріне заң тыйым салады».

296 Адам құқығы және міндеттері жөніндегі Америка декларациясы (1948 ж. 2 мамырында қабылданды). https://www.oas.org/dil/access_to_information_human_right_American_Declaration_of_the_Rights_and_Duties_of_Man.pdf; 23 бап: «Әр адамның өмір сүрудің тиісті деңгейі талабына жауап беретін және жеке өмір абыройы мен баспанасын сақтауға көмектесетін жекеменшік мүлік иелену құқығы бар».

297 Нәсілдік кемсітудің барлық түрін жою жөніндегі Халықаралық конвенция (1965 ж. 21 желтоқсанында қабылданып, 1969 ж. 4 қаңтарында күшіне енді). <https://www.ohchr.org/en/professionalinterest/pages/cedr.aspx>, 5 бап.

298 Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық түрін жою жөніндегі конвенция (1979 ж. 18 желтоқсанында қабылданып, 1981 ж. 3 қыркүйегінде күшіне енді). <https://www.ohchr.org/en/profession-alinterest/pages/cedaw.aspx>, 16(h) бап.

299 Еуропа Кеңесі. Министрлер комитеті. 2010. Министрлер комитетінің әскери қызметкерлер құқығына қатысты қатысушы мемлекеттерге берген ұсыныстары CM/Rec(2010)4 – Түсіндірме меморандум.

ЕҚЫҰ ЕҚЫК (Бұрынғы Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесі, қазіргі ЕҚЫҰ) аясында жасалған Адами өлшем жөніндегі Конференцияның Копенгаген кеңесі құжатында да жекеменшік мүлікті қорғауға көңіл бөледі. Бұл құжатқа сай қатысушы мемлекеттер «әр адамның өз мүлкін жеке өзі немесе басқалармен бірлесе отырып пайдалану құқығын» қамтамасыз етуге міндетті.³⁰¹

Адам құқығы жөніндегі жоғарыда сөз болған құқықтық құжаттарда мүлік құқығын адам меншігіндегі немесе иелігіндегі немесе заңға сәйкес сатып алынған мүлікпен байланыстыра түсіндіреді. Сонымен қатар, Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты «иелік ету нысанын» әдетте тек материалдық мүлік ретінде ғана емес, сондай-ақ, экономикалық мүдде, экономикалық құн жөніндегі келісімшарт құқығы, мемлекетке шығындарды өтеп беру талабы және қоғамдық құқыққа қатысты арыз-шағымдар деп те түсіндіреді.³⁰²

2. Мүлік құқығын шектеу немесе оны іске асыруға кедергі келтіру

Мүлік құқығын жеке тұлғаларға арналған адам құқығы деп анықтағанымен, ол абсолютті емес. Тиісті халықаралық-құқықтық құжаттарға сай, мемлекеттердің бұл құқықты шектеу мүмкіндігі бар. Осыған байланысты, оны адам құқықтарының ішіндегі ең икемдісі деуге болады. Бұл құқыққа қойылатын шектеулер әдетте заңға сәйкес әлеуметтік мүдде төңірегінде, айталық, салық төлеу, басқа да алымдар немесе айыппұлдарға қатысты орын алады. Мысалы, Конвенцияда («A1P1» деген атпен белгілі Конвенция хаттамасының 1 бабы), АХҚАХ пен АҚАК-та «қоғам мүддесі»,³⁰³ «қоғамдық қажеттілік»,³⁰⁴ «қоғамдық пайда немесе әлеуметтік мүдде»,³⁰⁵ «қоғамның басқа да жалпы мүддесі»³⁰⁶

300 Ұсыныс 1742 (2006), Әскери қызметкерлер құқығы. Еуропа Кеңесі Парламент ассамблеясы. <http://assembly.coe.int/nw/xml/XRef/Xref-XML2HTML-en.asp?fileid=17424&lang=en> 10.1.8 п.

301 ЕҚЫК Адами өлшем жөніндегі конференцияның Копенгаген кеңесі құжаты. 29.06.1990. <https://www.osce.org/odihr/elections/14304?download=true>, 9.6 п.

302 Gudmundur Alfredsson and Asbjørn Eide. 1999. The Universal Declaration of Human Rights: A common Standard of Achievement. Martinus Nijhoff Publishers, p. 367.

303 Адам құқығы мен негізгі бостандықтарды қорғау жөніндегі конвенция хаттамасы (1952 ж. 20 науырызында қол қоюға жіберіліп, 1954 ж. 18 мамырында күшіне енді). https://www.echr.coe.int/Documents/Convention_ENG.pdf, 1 бап.

304 АХҚАХ, 14 бап.

305 АҚАК, 21 бап.

306 Сонда

немесе «салық төлеу, алым немесе басқа да айыппұл түрлерін төлеуді қадағалау»³⁰⁷ мақсатында бұл құқықты шектеуге болады делінген. Конвенция туралы айтар болсақ, А1Р1 сәйкес қорғалған кез келген құқықты іске асыруға кедергі келтіру бірнеше талап аясында ғана іске асырылады. Бұл талаптарға заңға сай болу және көзделген заңды мақсатқа сәйкес келу талабын жатқызуға болады. Сонымен қатар, «иелік нысанына» қатысты түрлі топ өкілдеріне (сондай-ақ, түрлі әскери шені бар топ өкілдеріне – *«Энгел (Engel) Нидерландыға қарсы»* ісі) түрлі құқықтар берілген жағдайда 14 бапта қарастырылған теңдік құқығын сақтау үшін оған да түсіндірме бере кеткен жөн.

Бұл нормалар әскери борышын өтеуге шақырылған адамдарға қатысты қолданылады, алайда, әскери нысандарда қандай да бір затқа иелік ету құқығына шектеу қойылуы мүмкін.

Жеке және отбасы өмірін құрметтеу және хат алысу құқығы

1. Құқық сипаттамасы

Жеке өмір құқығына сай, адамдардың үкіметтің және бұқаралық ақпарат құралдарының араласуынсыз өз бетінше өмір сүру құқығы бар. Бұл – жеке адамға қатысты ақпарат (ресми құжаттар, суреттер, хаттар, күнделіктер және медициналық жазбалар) сенімді жерде сақталуы қажет және нақты бір жағдайлардан басқа кезде оны басқаларға таратуға болмайды дегенді білдіреді.³⁰⁸ Соттар «жеке өмір» ұғымын түрліше түсіндіреді, оған адамның жыныстық ориентациясын, өмір сүру қалпын, сыртқы келбеті мен киімін анықтау құқығын және денесін кімге көрсететінін бақылап, ол адаммен физикалық байланысқа түсу құқығы жатады. Бұдан шығар қорытынды, мысалы, мемлекеттік органдарға адамды көп адам жиналған аурухана палаталарында жалаңаш қалдыруға немесе оның рұқсатынсыз қан үлгісін алуға рұқсат берілмейді.³⁰⁹

307 Адам теңдігі және құқығы жөніндегі комиссия. Жеке және отбасы өміріңізді құрметтеу (қол қоюға 1952 ж. 20 науырызында жіберіліп, 1954 ж. 18 мамырында күшіне енді), 1 бап. https://www.echr.coe.int/Documents/Convention_ENG.pdf

308 Адам теңдігі және құқығы жөніндегі комиссия. Жеке және отбасы өміріңізді құрметтеу. <https://www.equalityhumanrights.com/en/human-rights-act/article-8-respect-your-private-and-family-life>.

309 Мысалға қараңыз: Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Йаллох Германияға қарсы» ісі (54810/00). 11/07/2006. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-76307>. Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «М. А. К. (М. А. К.) және Р. К. (Р. К.) Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (45901/05 және 40146/06), 23.06.2010. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-97880>.

Жеке өмір ұғымы, сондай-ақ, жеке бас бірегейлігін дамыту мен достық және басқа да қатынастарды ретке келтіру құқығын да қамтиды. Бұған экономикалық, әлеуметтік және мәдени шараларға қатысып, бос уақытын өткізу құқығы да жатады. Кей кезде мемлекеттік органдар адамдар қоғам өміріне қатысу сияқты жеке өмір құқығын іске асыра алуы үшін оларға көмек көрсету мақсатында өздеріне позитивті міндеттер жүктейді.³¹⁰ Сонымен қатар, жеке өмір құқығы (Конвенцияға сәйкес) жеке басының қауіпсіздігі құқығын да қамтиды. Құқықтың бұл аспектісі өз бақылауында жүрген адамдарға (айталық, әскерге шақырылған адамдарға) қатысты мемлекеттердің өзіне позитивті міндет жүктеуіне түрткі болады. Осыған байланысты, **Демир (Demir) Түркияға қарсы** ісінде Сот пропорционалдылық мәселесін ескере отырып, «әскерге шақырылғандарға тиісті медициналық көмек көрсетіп, олардың денсаулығы мен әлауқатын назардан тыс қалдырмастай ерекше шаралар қабылдауды» ұсынды.

Отбасы өмірі құқығы да адамдардың мемлекеттік органдардың араласуынсыз отбасын құру құқығын береді. Бұл құқыққа отбасымен бірге өмір сүру, ал, бұл мүмкін болмаған жағдайда тұрақты қарым-қатынаста болу құқығы жатады. «Отбасы өмірі» үйленбеген жұптар қарым-қатынасын, асырап алған бала мен оны асырап алушы арасындағы және баланы тәрбиелеп отырған ата-ана мен тәрбиеленуші арасындағы қарым-қатынасты қамтиды.³¹¹

Еуропа конвенциясының 8 бабында әр адам жеке және отбасы өмірі, баспана және хат жазысу құқығына ие және оны сыйлауын талап ете алады, олардың бұл құқықтарды іске асыруына мемлекет араласа алмайды деп көрсетіледі. Оны тәртіпсіздік пен қылмыстың алдын алып, адам денсаулығы мен абыройын, сондай-ақ, басқалардың құқығы мен бостандығын қорғау мақсатында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп, елдің экономикалық әлауқаты мүддесі үшін демократиялық қоғам үшін қажет болған және ол заңда қарастырылған жағдайда ғана шектеуге болады.

АҚЖБД 12 бабында былай жазылған: «Еш адамның жеке және отбасы өміріне заңсыз араласуға, оның баспанасына, хаттарының құпиялылығына немесе оның абыройы мен беделіне қол сұғуға болмайды. Өзін мұндай араласу немесе қол сұғудан қорғау үшін әр адамның заңға жүгіну құқығы бар». Әскерге шақырылған адамдарға келсек, бұл құқықтарды іске асыруға әскери тәртіп, субординация және әскери қызмет ерекшелігі әсер етеді.

310 Адам теңдігі және құқығы жөніндегі комиссия. 8 бап. Жеке және отбасы өміріңізді құрметтеу. <https://www.equalityhumanrights.com/en/human-rights-act/article-8-respect-your-private-and-family-life>.

311 Сонда

2. Жеке және отбасы өмірі құқығын шектеу немесе оларды іске асыруға кедергі келтіру

Әскери борышын өтеуге шақырылған адамдар мәртебесі ол міндетін өтеп жүрген кезде ресми түрде өзгереді де, әскерге шақырылған адамдардың рөлі мен міндетін анықтайтын ұлттық заңдарға бағынатын болады. Әдетте, әскерге шақырылған адам әскери нысанда болған кезде және өз міндетін өтеу барысында оның жеке және отбасы өмірі заң жүзінде шектелуі мүмкін. Әр елдің заңдарына байланысты, әскерге шақырылған адамдар әскери ғимаратты тастап кете алмайды, отбасы мүшелеріне телефон соға алмайды немесе бекітілген уақыттан басқа кезде отбасы мүшелері олармен кездесе алмайды. Дегенмен, әскери қызметке шақырылған адам қызмет орнын тастап кетуге немесе жоғарғы командованиеге телефон соғуға кез келген уақытта рұқсат ала алады. Әскерге шақырылған адамдардың міндетті борышын өтеп жүрген уақытта үйленуіне немесе балалы болуына заң жүзінде тыйым салуға бола ма деген мәселе төңірегінде талас көп. Қандай да бір заңды шектеуді немесе оны нақты жағдайда қолдануды жоғарыда көрсетілген жалпы қағидаларға сәйкес жеке-жеке қарастырған жөн.

Мемлекеттік органдарға жеке және отбасы өмірін құрметтеу, баспана және хат алмасу құқығын іске асыруға кедергі келтіруге рұқсат берілетін кездер болады. Алайда, мұндай шектеудің қаншалықты заңды екені бұл шара заңға қаншалықты сай келеді, оның ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, экономика мен денсаулықты, абыройды қорғауға және тәртіпсіздіктер мен қылмыстың алдын алып, басқалардың құқығы мен бостандығын қорғауға қаншалықты қажеті бар екенін бұл мемлекеттің дәлелдеп бере алуымен байланысты. Жоғарыда атап өткеніміздей, қандай да бір іс ақылға қонарлықтай және тиісті мәселені шеше аларлықтай болған жағдайда оны «пропорционалды» деуге болады. Мемлекеттерде мұндай шектеулерге қатысты өз бетінше шешім шығару мүмкіндігі бар.

8 бапқа сәйкес әскери қызметкерлер құқықтарынан бас тартпайды.³¹² Айталық, Сот әскери қызметкерлердің жеке өмірін тексерудің, атап айтсақ, әскери қызметкерлер мен үшінші тарап арасында сауалнама жүргізудің, осының нәтижесінде олардың жыныстық ориентациясына байланысты ғана оларды әкімшілік тәртіпке сай әскерден

312 Karen Reid. 2015. A Practitioner's Guide to the European Convention on Human Rights (5th Edition, Sweet and Maxwell), p. 366.

313 Сонда.

314 Мысалға қараңыз, Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Смит (Smith) және Грейди (Grady) Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (33985/96 және 33986/96), 27.12.1999. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58408>; Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Лустиг-Прин (Lustig-Prean) және Беккет (Beckett) Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (31417/96 және 32377/96), 27.12.1999. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58407>.

қуудың заңсыз екенін бірнеше мәрте атап өтті.³¹³ Мұндай әрекетті 8 бапта көрсетілген құқықты іске асыруға негізсіз кедергі келтіру деп бағалауға болады.³¹⁴ *П. Т. (Р. Т.) Молдова Республикасына қарсы*³¹⁵ ісінде 8 бапқа сай шағым түсірген арызданушы өзінің қандай аурумен ауырғаны туралы ақпаратты қамтитын, оны әскери қызметтен босатқаны туралы анықтаманы түрлі мемлекеттік органдарға тапсыруға мәжбүр екені туралы жазады. Сот үшінші тарапқа берілетін анықтамаға медициналық деректерді тіркеу арызданушының 8 бап бойынша құқығын іске асыруына кедергі келтіру деп есептелетінін атап өтті. Сот құқығын іске асыруға қарсы бағытталған бұл кедергінің еш заңдық негізі жоқ, ол сондай-ақ, пропорционалдылыққа қатысты маңызды сұрақтарға жол ашады деп есептейді. Демек, 8 бап бұзылған.

8 бап аясында қарастырылатын адаммен қарым-қатынас жасау мәселесіне қатысты да айырмашылықтың болуы бірқатар сұрақтарға негіз болады. Айталық, *Глор (Glor) Швейцарияға қарсы* ісінде арызданушыны медициналық көрсеткіштерге (оның әскерге баруға дайын екеніне қарамастан) байланысты міндетті әскери қызметін өтеуге жарамсыз деп табады, сөйтіп, оны ұлттық заңнамаға сәйкес «әскерден босату салығын төлеуге» міндеттейді. Сот «жеке өмір» ұғымының көп мағыналылығын ескере отырып, денсаулық жағдайына байланысты салық салу 8 бап әрекет аясына жататынын ескертті. Ол «әскерден босату салығын» енгізу арқылы мүмкіндігі шектеулі тұлғалармен басқаша қатынасу әскери борышын өтей алатындар мен өтей алмайтындар арасында «теңдік» орнатудың заңды тәсілі екенін, осылайша, ақшалай салық салу атқарылуы керек міндеттер мен күш-жігерді алмастыратынын мойындайды. Сондай-ақ, ол салық деңгейін, арызданушының әскерге барғысы келетінін, Швейцария заңнамасында оның жағдайындағы адамдарға арналған қызмет түрі туралы норманың жоқ екенін ескере отырып, мемлекеттің қоғам мүддесі мен арызданушы құқықтары арасында әділ теңдік орната алмағанын анықтады. Демек, 8 бап пен 14 баптардың бұзылу дерегі анықталды.

Тағы бір мысал қарастырып көрелік. *Константин Маркин Ресейге қарсы* ісінде Сот мемлекет шешімі 14 бапты (8 баппен қатар) бұзғанын анықтады. Бұл шешім бойынша, декретке шығу демалысы тек әйел әскери қызметкерлерге ғана беріледі де, еркек әскери қызметкерлердің мұндай құқығы шектеледі.³¹⁶ Сот «қарулы күштердің ерекшелігін назардан тыс қалдырмауға» тырысқанымен, «адамның жеке өмірінің интимдік жағына» қатысты шектеу қою үшін «бұлтартпас себеп» болуы керектігін атап өтеді; бұл жағдайда «нақты мысал арқылы дәлелдеуге» болатын «қарулы күштердің әскери қабілетіне нақты қауіп төнуі» керек.³¹⁷

315 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «П. Т. (Р. Т.) Молдова Республикасына қарсы» ісі (1122/12), 26.08.2020. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-202520>.

316 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Константин Маркин Ресейге қарсы» ісі (30078/06), 22.03.2012. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-109868>.

317 Сонда, 137 п.

Ол өзіне ұсынған дәлелге негіз боларлықтай еш дерек таппады, демек, мемлекеттің дәстүрлі гендерлік рөлге немесе бала тәрбиесіндегі әйелдің ерекше рөлі туралы стереотипке ғана сүйенуі жеткіліксіз. Сондай-ақ, еркек әскери қызметкерлерге кемсітуден аулақ деуге боларлық негізге сүйене отырып, декреттік демалыс беру қарулы күштердің әскери қабілетіне кері әсерін тигізетіні жайлы еш дәлел жоқ.³¹⁸

Үйлену және отбасын құру құқығы

1. Құқық сипаттамасы

Үйлену құқығы мен от басын құру құқығына осы құқықтарды реттейтін ұлттық заңнамаға сәйкес кепілдік беріледі. Бұл құқық негізгі құқықтар туралы Хартияның 9 бабында қарастырылады. Еуропа конвенциясының 12 бабында былай делінген: «Үйлену жасына жеткен ерлер мен әйелдер ұлттық заңнамаға сәйкес үйленіп, от басын құра алады».³¹⁹

АҚЖБД 16 бабында былай делінген: «1. Кәмелеттік жасқа толған ерлер мен әйелдер нәсілі, ұлты немесе дініне қатысты еш шектеусіз үйленіп, отбасын құра алады. Олар үйленер кезде, үйленгеннен кейін және ажырасқаннан кейін тең құқығыққа ие бола алады. 2. Үйлену – үйленіп жатқан екі жақтың толық, өз бетінше келісуі негізінде іске асады. 3. Отбасы қоғамның табиғи және негізгі ұйымы және ол қоғам мен мемлекет тарапынан қорғалу құқығына ие». АСҚХП 23(2) бабында былай деп көрсетілген: «Үйлену жасына жеткен ерлер мен әйелдердің үйленіп, от басын құру құқығы бар».

2. Үйлену және от басын құру құқығын шектеу

Үйлену құқығы үйлену туралы ұлттық заңнамаға, соның ішінде белгілі бір категорияға жататын тұлғалардың (мысалы, жақын туыстар) үйленуіне тыйым салатын заңдарға сәйкес реттеледі. Мемлекет үйлену құқығын шектей алғанымен, мұндай шектеулер құқықтың негізгі принциптеріне қайшы келмеуі керек және орынсыз іске аспауы керек. АҚЖБД 12 бабында көрсетілген құқықтар жеке және отбасы өмірін, баспана мен хат алмасуды қорғау құқығына кепілдік беретін Конвенцияның 8 бабымен тығыз байланысты. Отбасы мен отбасы қатынастарына қатысты құқықтарды қорғау контекстінде 8 бапқа қарағанда 12 бап аз қолданылады.

318 Сонда, 142–144 пп

319 АҚЕК, 12 бап

Әскерге шақырылушылардың экономикалық және әлеуметтік құқықтары

Әскерге шақырылған адамдарға қатысты қолданылатын экономикалық және әлеуметтік құқықтарды негізінен екі халықаралық келісім реттейді. Олар: Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық пакт³²⁰ және Еуропа әлеуметтік хартиясы (1961 жыл). Соңғысы 1996 жылы қайта қаралды. Хартияның жаңа редакциясы алдыңғы нұсқаны біртіндеп алмастырып келеді. Ол алғашқы нұсқада кепілдік берілген барлық құқықтармен қатар, басқа да қосымша құқықтарды (мысалы, баспана құқығы) қамтиды. 20(1.а) бапқа сәйкес, қайта қаралған Хартияға қатысушы тараптар 1 бөлімде «барлық мүмкін тәсілдердің көмегімен олар қол жеткізуге тырысатын мақсаттардың көрініс табуы» ретінде сипатталатын құқықтар мен принциптерді қарастыруға және өздерін 2 бөлімде берілген баптар жиынтығына (уақыт өте келе оларды толықтыра алады) бағынышты деп есептеуге міндетті. Бұл байланыс жайлы әр тарап Еуропа Кеңесі бас хатышысына мәлімдеп отыруы керек. Бұл – Хартияда қайта қаралған түрлі тарапқа олардың қай бапты міндетті күші бар деп есептейтініне қарай түрлі уақытта түрлі міндет жүктеуі мүмкін дегенді білдіреді.

Экономикалық және әлеуметтік құқықтар мемлекеттер үшін позитивті міндеттер жүктейді, өйткені олар Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық пакт мойындайтын құқықтарды іске асыру үшін барлық мүмкін боларлық тәсілдерді қолдануы керек. «Пакт нормаларын ішкі құқықтық тәртіп аясында тиісті деңгейде мойындау, жапа шеккен кез келген адамға немесе топқа олардың бұзылған құқығын қалпына келтіру үшін тиісті құқықтық қорғау тәсілдерін ұсыну, сондай-ақ, үкімет есеп беріп отыруы үшін тиісті шараларды таныстыру қажет».³²¹ Пакт ережелерін орындау міндеттері міндетті түрде орындауды қажет ететін бірнеше принципке жол ашады.

320 Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық пакт (1966 ж. 16 желтоқсанында қол қойылып, 1976 ж. 3 қаңтарында күшіне енді).

321 Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі БҰҰ Комитеті: «Жалпы тәртіптегі ескерту 9: Пактінің мемлекет ішінде қолданылуы», E/C.12/1998/24, 1998 ж. 3 желтоқсан [https:// www.refworld.org/docid/47a7079d6.html](https://www.refworld.org/docid/47a7079d6.html). 2 п.

Бұған міндеттерді атқаруға қажет тәсілдерді таңдап алу, сот тәртібіне сай тұлғаларды қорғау мүмкіндігін қамтамасыз ету, сондай-ақ, басқа құқықтарды іске асыруда бұл елде аса тиімді деп танылған тәсілдерді назардан тыс қалдырмау қажеттігі жатады. Басқа құқықтармен салыстырғанда, қолданылып отырған тәсілдер өзгеше болса, оның орынды себебі болуы керек.³²²

Лайықты баспанаға және тұрғын үйге қол жеткізу құқығы

1. Құқық және құқықтық құжаттар сипаттамасы

Тиісті деңгейде баспанасының болуын Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық пактінің 11 бабы қорғайды. Сол сияқты, Қайта қаралған Еуропа әлеуметтік хартиясының 31(1) бабы қатысушы мемлекеттерден «тиісті талапқа сай келетін баспанаға қол жеткізуге көмектесуін» талап етеді. Өзінің түсіндірме меморандумында Министрлер комитеті әскери қызметкерлердің тиісті деңгейде баспанасының болуы концептісін жан-жақты түсіндіріп береді. Ол – баспанада тиісті деңгейде жарықтың болуын, ауаның алмасып отыруын (тиісті деңгейде жылудың болуы), баспананың таза болуын, онда тұруға бар жағдайдың жасалуын, қажетті мебельдің болуын және үйдің аумағы мұнда тұратын адамдар үшін жеткілікті болуын білдіреді. Сонымен қатар, баспананы тиісті деңгейде күтіп ұстап, әскери қызметкер жатақханада тұрған жағдайдың өзінде бұл жер оның жеке кеңістігі деп есептелуі керек. Гигиена мен денсаулық мәселесін ескере отырып, дәретхананы жатын орыннан басқа жақта салу және ол жерді үнемі тазалап отыру қажет. Ерлер мен әйелдер бөлек орналастырылады. Тиісті баспанамен қамтамасыз ете алмаған жағдайда мемлекеттік органдар қарастырылып отырған жағдайды ескере отырып, мүмкіндігінше стандартқа сай жағдаймен қамтамасыз ету шараларын қабылдауы қажет. Казармадан тыс жерде немесе далада өтетін оқу-жаттығу жұмыстары кезінде санитарлық-гигиеналық стандарттар төмен болу мүмкін болғанымен, соған қарамастан, мемлекеттік органдар бұл жағдайда да санитарлық-гигиеналық деңгейді барынша қамтамасыз етуі керек.³²³

322 Сонда, 7 п.

323 Еуропа Кеңесі. Министрлер комитеті. 2010. Министрлер комитетінің әскери қызметкерлер құқығына қатысты қатысушы мемлекеттерге берген ұсыныстары CM/Rec(2010)4 және түсіндірме меморандум, 57 б.

2. Лайықты баспанасы немесе тұрғылықты мекенжайы болу құқығын шектеу

Азаматтық және саяси құқықтардан айырмашылығы, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық пактіге сай лайықты баспана мен тиісті тұрғылықты мекенжайы болу құқығы шектелмейді. Керісінше, түрлі шаралардың көмегімен бұл құқықты біртіндеп, мейілінше ең жоғарғы деңгейде іске асыру қажет. Демек, әскери қызметке шақырылған адам әскери борышын өтеу барысында оны баспанамен қамту мүмкіндігін қарастыру қажеттігіне қарамастан, бұл құқықты толықтай іске асыру мүмкіндігі әскери дайындықтың және/немесе операцияның нақты ерекшелігіне байланысты.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Қайта қаралған Еуропа әлеуметтік хартиясының 31 бабында құқық немесе нәтижеден гөрі процесске (нақты мақсатқа сай шаралар қабылдау) көбірек көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, Хартияда қарастырылған «тиісті деңгейде іске асырылып жатқан» құқықтар заңға сәйкес және демократиялық қоғамның нақты мақсаттары үшін шектелуі мүмкін: III Бөлім, G бабы.

Ар-намысы мен денсаулығын қорғау, жыныстық бопсалаудан азат болу және еңбек қауіпсіздігі құқығы

1. Құқық және құқықтық құжаттар сипаттамасы

Жұмыс орнында ар-намысын қорғау, денсаулығын қорғау, жыныстық бопсалаудан азат болу және еңбек қауіпсіздігі құқығы туралы Еуропа әлеуметтік хартиясының 2 (әділ еңбек жағдайы құқығы), 3 (қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайы құқығы) және 11 (денсаулығын сақтау құқығы) баптарында, сондай-ақ, Қайта қаралған хартияның жыныстық бопсалаудан азат болу құқығын қамтитын 26 бабында (жұмыс орнында ар-намысын қорғау құқығы) айтылады. Жұмыс орнында ар-намысын қорғау құқығына келер болсақ, 26 бапта былай делінген: «барлық жұмысшының жұмыс орнында ар-намысын қорғау құқығын тиісті деңгейде іске асыру мақсатында Тараптар жұмыс берушілер ұйымдары мен жұмысшылармен кеңесе отырып, 1) жұмыс орнындағы жыныстық бопсалау мәселесі бойынша немесе олардың алдын алу жұмыстарымен байланысты түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, ақпаратпен қамтамасыз етуге және барлық жұмысшыны осындай іс-әрекеттен қорғау үшін қажетті шараларды қабылдауға ат салысуы; 2) жұмыс орнында немесе жұмысына байланысты кей жұмысшыларға қарсы қайта-қайта мазақ қылу, дұшпандық және

ар-намысына тиетін әрекетке бару сияқты жағдайлар мен олардың алдын алуға және мұндай іс-әрекеттен жұмысшыларды қорғауға қажетті шараларды іске асыруға қолдау білдіруі қажет. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық пактінің 7 бабында сыйақы алу құқығы жайлы айтылады. Бұл құқық барлық жұмысшыны өмір сүрудің лайықты деңгейімен қамтамасыз ету құқығын, қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайы құқығын, демалу, көңіл көтеру және жұмыс уақытын ақылға қонарлықтай деңгейде азайту құқығын қамтиды. Сонымен қатар, Пактінің 12 бабы дене және психикалық саулықтың мейілінше жоғары деңгейіне қол жеткізу құқығын да қарастырады. Халықаралық еңбек ұйымының бірнеше конвенциясы да жұмыс уақыты, жұмыс мерзімі, күнделікті демалыс³²⁴ және еңбек қауіпсіздігі және гигиенасы³²⁵ сияқты бірнеше құқықты мойындайды.

2010 жылы Еуропа кеңесі Министрлер комитеті бұл құқықтарды қарулы күштерде іске асыру жөнінде нақты ұсыныстар берді.³²⁶ Жыныстық бопсалауға келсек, ол «барлық қатысушы мемлекет кез келген жыныстық сипаттағы немесе басқа да жынысы негізінде орын алатын, адамның жұмыстағы ар-намысына нұқсан келтіретін кез келген, соның ішінде басшылық және әріптестер әрекетіне тыйым салу шараларын қабылдауы керектігін» атап өтеді. «Қарулы күштерде жыныстық бопсалауға немесе күш қолдануға төзімділік танытуға болмайды, ал, мұндай әрекетке барған тұлғаларға қатысты шара қолданудың тиімді жүйесі қарастырылғаны жөн.

-
- 324 Өндіріс орындарында күнделікті демалыс уақытын пайдалану жөніндегі конвенция (№14) (1921 ж. 17 қарашасында қабылданып, 1923 ж. 19 маусымында күшіне енді); Сауда орындары мен мекемелерде демалыс уақытын пайдалану жөніндегі конвенция (№106) (1957 ж. 26 маусымында қабылданып, 1959 ж. 4 наурызында күшіне енді); Сауда орындары мен мекемелерде күнделікті демалыс уақытын пайдалануға арналған ұсыныс (R103) (1957 ж. 26 маусымында қабылданды); Толық емес жұмыс күні жөніндегі конвенция (№175) (1994 ж. 24 маусымында қабылданып, 1998 ж. 28 ақпанында күшіне енді); Толық емес жұмыс күніне арналған ұсыныс (R182) (1994 ж. 24 маусымында қабылданды); Жұмыс күнін қысқартуға арналған ұсыныс (R116) (1962 ж. 26 маусымында қабылданды).
- 325 Еңбек және өндіріс қауіпсіздігі және гигиенасы (№155) (1981 ж. 22 маусымда қабылданып, 1983 ж. 11 тамызында күшіне енді); Еңбек және өндіріс қауіпсіздігі және гигиенасына арналған ұсыныс (R164) (1981 ж. 22 маусымында қабылданды); Еңбек қауіпсіздігі және гигиенасы жөніндегі конвенцияның 2002 ж. Хаттамасы (№155) (2002 ж. 20 маусымында қабылданып, 2005 ж. 9 ақпанында күшіне енді); Өндірісте денсаулықты сақтау қызметі туралы конвенция (№161) (1985 ж. 25 маусымында қабылданып, 1988 ж. 17 ақпанында күшіне енді); Өндірісте денсаулық сақтау қызметіне арналған ұсыныс (R171) (1985 ж. 26 маусымында қабылданды); Жұмыс орындарында жұмысшылардың денсаулығын сақтау туралы ұсыныс (R97) (1953 ж. 25 маусымында қабылданды); Жұмысшыларға арналған санитарлық-тұрмыстық бөлмелерге арналған ұсыныс (R102) (1956 ж. 26 маусымында қабылданды); Кәсіби аурулар тізімі, өндіріс орнындағы кәсіби ауруларды және жазатайым оқиғаларды тіркеу және олар туралы хабарлауға қатысты ұсыныстар (R194) (2002 ж. 20 маусымында қабылданды).
- 326 Еуропа кеңесі: Министрлер комитеті. 2010. Министрлер комитетінің әскери қызметкерлер құқығына қатысты қатысушы мемлекеттерге берген ұсыныстары CM/Rec(2010)4 және түсіндірме меморандум, 59 б.
- 327 Сонда.
- 328 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Лялякин (Lyalyakin) Ресейге қарсы» ісі (31305/09), 14.09.2015. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-152726>.

Қатысушы мемлекеттер сондай-ақ, жұмыс орнында жыныстық бопсалаудың орын алғаны жайлы хабардар болуы, ақпарат алуы және оның алдын алуы қажет».³²⁷ Бұл жағдай сот тәжірибесінде бұрын-соңды болмағанына қарамастан, «*Лялякин (Lyalyakin) Ресейге қарсы*»³²⁸ ісінде Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты 3 баптың (азаптау, адамшылыққа жатпайтын және адамның ар-намысын аяққа таптайтын іс-әрекетке тыйым салу) бұзылғанын анықтады. Бұл істе әскерге шақырылған адамды еш себепсіз шешінуге мәжбүрлегенімен, Сот жыныстық зорлау қаупін растайтын дәлел таппады.

Сонымен қатар, әскерге шақырылған адамдардың демалу құқығы да болуы керек. Министрлер комитеті ұсынысында әскери қызметкерлер жұмысының ерекшелігі мен осыған байланысты туындайтын қауіпсіздік және денсаулық сақтау мәселесі азаматтық контексте жол берілмейтін нақты шектеулерге себеп болуы мүмкін екеніне қарамастан, мұндай шектеулер мүмкіндігінше қысқа болуы және олар адамды құқығынан абсолютті түрде айырарлықтай болмауы керек деп атап көрсетіледі.³²⁹ Сондай-ақ, кей кездері, айталық, дала оқу-жаттығу жұмыстары немесе операциялар кезінде әскери қызметкерлердің жеткілікті түрде демалмау жағдайы болып тұратынына қарамастан, мұндай жағдайды болдырмауға барынша тырысу керек.³³⁰

Денсаулық пен еңбек қауіпсіздігін қорғауға келер болсақ, ұсыныстарда «әскери қызметкерлер олардың денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін зиянды экологиялық іс-әрекетке орынсыз тартылмауы керек» делінген. «Дала оқу-жаттығу операциялары кезінде ауру қаупінің алдын толықтай алу үнемі дерлік мүмкін бола бермейді». Алайда, «мемлекет оларды қорғау үшін тиісті шараларды қабылдауы керек».³³¹ «Сонымен қатар, мемлекеттер ауаның ластануы, ядролық қауіп-қатер, нақты қатерлер, асбест қаупі сияқты оқыс жағдайлардан қорғау мен алдын алу және тамақ өнімдері қауіпсіздігі саласына қатысты ережелерді бекітіп, тиісті шараларды қабылауы керек».³³² Сондай-ақ, оқыс жағдайларды мүлдем болдырмау үшін әскери техниканы қажетті деңгейде дайындап, оны пайдалану процессін бақылау керек. Бұл ұсыныстар Конвенцияның 2, 3 және 8 баптарында көрсетілген мемлекеттердің позитивті міндеттерімен белгілі бір деңгейде сәйкес келетінін атап өткен жөн (Ол туралы жоғарыда айтылды).

Сондай-ақ, Министрлер комитетінің CM/REC(2010)4 ұсыныстарының 3(1) бабына сәйкес, мемлекеттік органдар талапқа сай келуі үшін гигиена және еңбекті қорғау саласына қатысты принциптер мен ережелерді үнемі қарастырып отыруы керек.³³³

329 Еуропа кеңесі: Министрлер комитеті. 2010. Министрлер комитетінің әскери қызметкерлер құқығына қатысты қатысушы мемлекеттерге берген ұсыныстары CM/Rec(2010)4 және түсіндірме меморандум, 60 б.

330 Сонда.

331 Сонда.

332 Сонда.

333 Сонда.

334 Сонда, 61 б.

Әскери қызметкерлердің аурудың алдын алу және емдеу деп түсінілетін медициналық көмекке жүгіну құқығы және медициналық көмекке сүйене отырып, психикалық және тән денсаулығын қорғау құқығы бар.³³⁴ Бұл да Конвенцияның 8 бабында көрсетілген Мемлекеттердің позитивті міндеттерінің кейбірімен сәйкес келеді. Айталық, *«Плачи (Placi) Италияға қарсы»* ісінде Сот былай деп көрсетеді: «Әдетте әскерге шақырылатын адамдардың денсаулығы мен дене бітімі стандартын қарулы күштердің рөлі әр елде әр түрлі екенін ескере отырып, мемлекет қана анықтай алады. Сонымен қатар, әскерге шақырылған адамдар әскери қызметтің нақты ерекшеліктеріне байланысты тапсырмаларды орындауға және әскери қызметкерлерге жүктелетін ерекше тапсырмалар мен міндеттерді атқаруға физикалық және моралдық тұрғыдан дайын болуы керек. Оған қоса, әскери қызметін өтеу дені сау жас адам үшін аса ауыр тапсырма емес екендігіне қарамастан, ол денсаулығының нашарлығына байланысты төзімділігі немесе физикалық күш-жігері жетпейтін адам үшін біраз ауыртпашылық туғызуы мүмкін. Демек, әскери қызметтің практикалық талаптарын ескере отырып, әскерге шақырылатын адамдардың әскери борышын өтеу кезінде денсаулығы мен әл-ауқатына қауіп төніп, олардың ар-намысы аяққа тапталмауы үшін Мемлекеттер олардың денсаулығын бақылаудың тиімді жүйесін іске қосуы керек. Мемлекеттік органдар, атап айтсақ, әскери комиссариаттар мен әскери-медициналық комиссия әскери борышын өтеуге жарамсыз тұлғаларды тіркемеу және армияға жібермеу үшін өз міндеттерін дұрыс атқарғаны жөн».³³⁵

2. Ар-намысын, денсаулығын және еңбек қауіпсіздігін қорғау құқығын шектеу

Көбінде мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық құқықты қорғауға қатысты міндеттері біртіндеп іске асырылады. Мысалы, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық пактінің 2(1) бабында көрсетілген құқықтар туралы да солай деуге болады. Бұл бапта қатысушы мемлекеттер «қолындағы ресурстарды барынша қолдана отырып, осы Пактіде көрсетілген құқықтарды біртіндеп, толығымен іске асыруы» қажет деп көрсетілген. Мұндайда, айталық, қауіпсіздік пен гигиена (7 бап (b)) талабына сай келетін жұмыс орны болу құқығын пайдалануға қойылатын негізгі шектеулер мемлекеттің қолдағы ресурстары мен бұл құқықты іске асыру мүмкіндігін шектеумен тығыз байланысты.

335 Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Плачи (Placi) Италияға қарсы» ісі (48754/11), 21.04.2014. http://hudoc.echr.coe.int/fre?i=001-140028_50_p.

Алайда, бұны әлеуметтік-экономикалық құқықты іске асыру мүмкіндігі бар мемлекеттер оны өз бетінше шектей алады деп түсінбеу керек. Мысалы, Пактінің 4 бабында қатысушы мемлекеттер «осы Пактіге сәйкес Мемлекеттер ұсынған құқықтарды іске асыру барысында Мемлекеттер қандай да бір құқықты тек заңға сәйкес қана шектей алатыны, ал мұндай шектеу құқық сипатына сай келуі және демократиялық қоғамда жалпы әл-ауқатты алға жылжыту мақсатын көздеуі керек» екенін мойындайтыны жайлы айтылады.

Осылайша, «[Қайта қаралған) Еуропа әлеуметтік хартиясының] I бөлімінде айтылған принциптерді II бапқа сай тиімді қолданып, іске асырған жағдайда осы бөлімдерде көрсетілген қандай да бір шектеуге жол берілмейді. Шектеу тек заңда көрсетілген және басқалардың құқығы мен бостандығын, қоғамдық мүддені, ұлттық қауіпсіздікті, халық денсаулығы мен абыройын сақтау үшін демократиялық қоғамға қажет болған жағдайда ғана орын алады».³³⁶

Мемлекеттер нақты бір нәтижеге жету міндетін өздеріне жүктеген жағдайда құқықтарды шектеу салдарын анық байқауға болады. Мысалға мемлекеттерден «күнделікті және апталық жұмыс уақытының ұзақтығын қажетті деңгейде реттеп отыруды» талап ететін Қайта қаралған Еуропа әлеуметтік хартиясының 2 бабын, мемлекеттерден еңбек қауіпсіздігі және гигиенасы туралы ережелерді қабылдап, түрлі шаралардың көмегімен оларды сақтауын талап ететін 3 бапты (қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайына қол жеткізу құқығы) айтуға болады. Бұл құқықтардың іске асырылуын заң үстемдігі мен демократиялық қоғамға қажет жағдайда ғана шектеуге болады.

Мемлекетке нәтижеден гөрі іс-әрекет міндеті көбірек жүктелген жағдайда олардың қолданылуы елеусіз болса да, осындай принциптер қолданылады. Мысал ретінде мемлекеттерден мүмкіндігінше денсаулықтың нашарлау себебін жоюға жол ашатын, «тиісті шараларды қабылдауын» талап ететін Қайта қаралған Еуропа әлеуметтік хартиясының 11 бабын және мемлекеттерге жыныстық бопсалау, бірнеше рет қайталанған дұшпандық және намысты аяққа таптарлықтай әрекеттердің алдын алып, жұмыс орнында абыройын қорғау құқығын іске асыруға қатысты түсіндіру, ақпараттық жұмысын жүргізуді міндеттейтін 26 бапты айтуға болады. Тағы да бұл құқықтарды тиісті деңгейде іске асыруға кедергі келтіру (мысалы, денсаулықтың нашарлау себебін жоюға бағытталған шараларды алып тастау арқылы) заңға сай, қажет және пропорционалды болуы керек.

336 (Қайта қаралған) Еуропа әлеуметтік хартиясы (ETS No. 163) (қол қоюға 1996 ж. 3 мамырында жіберіліп, 1999 ж. 1 шілдесінде күшіне енді), G. бап

Лайықты және жеткілікті тамақтану құқығы

1. Құқық және құқықтық құжаттар сипаттамасы

Лайықты және жеткілікті тамақтану құқығы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пактінің 11 бабында қарастырылады. 11 бапта барлық қатысушы мемлекеттер әркімнің лайықты өмір сүру деңгейін, атап айтсақ, жеткілікті тамақтану құқығын мойындайды дей келе, оларды осы құқықтарды іске асыру үшін қажетті шараларды қабылдауға міндеттейді. Жеткілікті тамақ ішу мүмкіндігі сондай-ақ, 12 бап ережелерінде де қамтылған. Онда әр адамның тән және психикалық денсаулығының жоғары деңгейде болу құқығы туралы айтылады. Бұл құқық туралы, сонымен қатар Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 25(1) бабында да айтылады. Министрлер кеңесі осы құқыққа қатысты әскери басқару органдарының әскери қызметкерлерді тамақтандыру кезінде олардың жеке қажетін, дінге қатысты тыйымдарды, денсаулығы мен жүктілігіне қатысты дәрігер кеңесін, сондай-ақ, жеке көзқарасын (мысалы, вегетариандық) ескеруі керектігін атап өтеді.³³⁷ Дала оқу-жаттығу немесе операциялар кезінде адамдардың тамақтану ерекшелігін ескеру оңай болмағанымен, оны мүмкіндігінше ескеруге тырысқан жөн.³³⁸ Сонымен қатар, бұл құқықтарды қорғау үшін таза сумен үнемі қанымдап отыру керек.³³⁹

2. Лайықты және жеткілікті тамақ ішу құқығын шектеу

Тағы да, мемлекеттер бұл құқықтарды біртіндеп іске асыру үшін қажетті шараларды қабылдауы керек. Қорыта келе, мемлекеттің әскерге шақырылған адамдардың лайықты және жеткілікті тамақтау құқығын іске асыруына қажетті ресурсының болмауы ол халықаралық міндеттерді бұзып отыр дегенді білдірмейді.

337 Еуропа кеңесі: Министрлер комитеті. 2010. Министрлер комитетінің әскери қызметкерлер құқығына қатысты қатысушы мемлекеттерге берген ұсыныстары CM/Rec(2010)4 және түсіндірме меморандум, 62 б.

338 Сонда.

339 Сонда.

Ұсыныстар

Бұл зерттеуде әскери борышын өтеуге шақырылған тұлғалардың құқығына қатысты халықаралық-құқықтық құжаттар мен нормаларға талдау жасалды. Осы талдауға сүйене отырып, екі маңызды қорытынды шығаруға болады:

Бірінші, *әскери борышын өтеуге шақырылған адам құқығына байланысты қандай да бір декларативтік құжат* болмаған жағдайда мемлекеттер әскерге шақырылған адамдарды қалай анықтап, қорғау керектігін өздері шеше алады. Басқаша айтсақ, олар адам құқықтары мен басқару принциптерін ұлттық тәжірибе мен юриспруденцияға сай шектей алады.

Екінші, әскерге шақырылған адамдардың құқығына қатысты *ұлттық және халықаралық юриспруденция аясында алдыңғы қатарлы тәжірибелерді қамтитын қандай да бір құжат* болмаған жағдайда, оларды қорғаудың ортақ стандарттары мен тәсілдері де болмайды. Бұл әскерге шақырылған адамдардың құқығы мен оларды қорғаудың тиімді тәсілдерін түсінуде мемлекет ішінде де, мемлекеттер арасында да қайшылыққа алып келеді.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, DCAF төменде берілген мәселені қарастырып шығуға кеңес береді:

- ❖ *«Таңдау еркіндігі» ұғымын дұрыс түсіну:* мемлекеттік органдар мен соттарға «таңдау еркіндігі» беріледі, бұл олардың құқықтық нормаларды қалай түсіндіріп, қолдану керектігін өздері шешу құқығына ие екенін білдіреді. Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты «таңдау еркіндігіне» қатысты критерийді анықтап бергеніне қарамастан, әскерге шақырылған тұлғаларға қатысты қандай да бір нақты сот тәжірибесінің болмауы «еркіндік» шегінің бұл контекстінде түсініксіз екенін білдіреді.
- ❖ *«Заңды мақсат» шегін анықтау:* халықаралық сот тәжірибесі мемлекеттік органдарға ұлттық қауіпсіздік концепциясын түсіндіру мен қолдануда толық еркіндік береді. Бұл концепцияға қатысты ортақ және стандартқа сай тәсілдің болмауы ұлттық деңгейде қарама-қайшы және жүйесіз шешімдер қабылдауға алып келуі мүмкін.

Осының нәтижесінде әскери қызметке шақырылған адамдардың құқық көлемі, мұндай құқықтарды қорғау механизмі әр елде әр түрлі. Мемлекеттер әскерге шақырылған адамдарға қатысты нақты «заңды мақсат» көлемі жөнінде анықтама мен ұлттық қауіпсіздік концепциясын ұлттық заңнамаға немесе әдістемелік принциптерге енгізуі керек.

- ❖ **Әскери қызмет контекстінде «мәжбүрлі еңбек» ұғымын анықтау:** Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясының 4 бабында әскери қызметке шақырылған адамдар мәжбүрлі немесе міндетті еңбектен (толықтай) босатылады делінген – «заңға сәйкес міндетті әскери қызметті талап ететін және тек әскери сипаттағы жұмыс үшін қолданылатын кез келген жұмыс немесе қызмет». Алайда, осы анықтамаға сәйкес, келісімсіз және заңды негізсіз немесе әскери қызметке тікелей қатысы жоқ тапсырмаларды орындату үшін (ұлттық заңнамада әскери емес іс-әрекет қарастырылмаса) шақыру бойынша әскери борышын өтеу мерзімін ұзарту 4 бапты бұзған болып есептеледі. Демек, әскерге шақырылған тұлғалар орындауы қажет тапсырмаларды нақты көрсету үшін «міндетті әскери қызмет» көлемі мен мазмұнын, сондай-ақ, әскерге шақырылған адамдарды мәжбүрлі еңбекке тартуға болатын ерекше жағдайларды анықтау қажет.
- ❖ **Әскерге шақырылған адамдарды «жеке азамат» ретінде анықтау критеріін бекіту:** Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясының 10 бабы мемлекеттер заңды түрде ой-пікірін білдіру құқығына кедергі келтіріп, шектей алатын заңды негіздердің толық тізімін ұсынады. Бұл негіздердің әскери қызметке шақырылған адамдарға да қатысы бар. Шақыру бойынша әскери борышын өтеп жүрген әскери қызметкерлердің құқықтары ой-пікірін білдіру бостандығын іске асырып жатқан жеке адам құқығы ретінде қорғалуы қажет болғанымен, қызмет сипатына қарай оны іске асыру оңай емес. Сондықтан, әскерге шақырылған адамдарды қай кезде жеке тұлға, яғни қай кезде оларды кезекте немесе «формада» емес деп есептеуге болатынын нақты анықтау қажет, демек, олардың ой-пікірін білдіру бостандығын шектеу деңгейі өзгеше болмақ.
- ❖ **Әскерге шақырылған адамдардың жиын өткізіп, бас қосу құқығын қорғау:** әскери қызметтің сипатын ескере отырып, мемлекеттер заң жүзінде әскерге шақырылған адамдардың жиын өткізіп, бас қосу құқығын шектей алады. Алайда, мемлекеттің бұл құқыққа қаншалықты шек қоя алатыны кей жағдайда түсініксіз. Сондықтан, мұндай шектеулер заңнамада нақты көрсетілуі үшін мемлекеттер әскерге шақырылған адамдардың мүддесін білдіретін және құқықтарын қорғайтын ұйымдарды құру жөнінде нақты нұсқаулық жасауы керек.
- ❖ **Әскерге шақырылған адамдардың азаптау және басқа да қатыгез іс-әрекет түрлеріне қатысты шағымдарын тексерудің сандартқа сай тәртібі:** бұл зерттеу әскери қызметке шақырылған адамдарды азаптауға, оларға қарсы адамшылыққа жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттерді қолдануға тыйым

салу үшін ары қарай да біраз күш-жігер жұмсау керек екенін көрсетіп отыр. Осыған байланысты, әскерге шыақырылған адамдарды азаптау ісін тергеуге қатысты жалпы түсінік пен стандартқа сай процедураларға деген қажеттілік сақталып қалады (мысалы, жеделдік, тәуелсіздік, мұқият тексеру, орынсыз кешіктірмеу, сәйкессіздік, назардан тыс қалдыру).

- ❖ **Сенімдерін өзгерту контекстінде дін бостандығы құқығын анықтау:** әскери борышын өтеп жүрген уақытта сенімін өзгерткен әскери қызметкер дінін немесе сенімін насихаттау құқығына қол жеткізе ала ма деген мәселені анықтау үшін әлі де талқылаулар қажет. Нақты жағдайларды немесе мұндай өзгерістің шынымен де орын алғанын және шынайылығын бағалау тәртібін, сондай-ақ, әскери қызметтің орнына тағайындалған балама қызмет мүмкіндігін де қосымша зерттеу керек.
- ❖ **Әскери тәртіпке сай бас бостандығынан айыруы мүмкін жағдайларды анықтау:** мемлекеттер бас бостандығынан айыру жағдайы заңға сай екенін көрсету үшін әскери тәртіп аясында әскерге шақырылғандарды бас бостандығынан айыру жағдайын анықтау мүмкіндігін қарастыруы керек.
- ❖ **Әскерге шақырылғандардың жекеменшік мүлік құқығын іске асыру шегін анықтау:** әскерге шақырылған адамдардың жекеменшік мүлік құқығы абсолютті емес. Олай болса, бұл құқықты қолдануға қатысты мемлекеттер өз бетінше шешім қабылдай алады. Осыған байланысты, осы тақырыпты ары қарай зерттеу үшін әскерге шақырылған адамдардың осы құқығын шектеу мәселесін жан-жақты талдап, «қоғамдық мүдде» көзқарасы тұрғысынан және пропорционалдылық тұрғысынан қандай шектеулер қоюға болатынын анықтау керек.
- ❖ **Әскерге шақырылған тұлғалардың экономикалық және әлеуметтік құқығы мәселесін жан-жақты зерттеу:** әскерге шақырылған адамдардың экономикалық және әлеуметтік құқығын зерттеу, мойындау және ескеру керек, сондай-ақ, бұл құқыққа алдыңғы қатарлы тәжірибеде де ерекше көңіл бөлген жөн.
- ❖ **Елдегі төтенше жағдай контекстінде әскерге шақырылған адамдардың құқығын нақтылау:** әскерге шақырылған адамдардың құқығын қосымша шектеудің нақты құқықтық негізі болуы үшін және әскери қызметкерлердің орындауын қажет ететін қосымша тапсырмалар заңда көрсетілуі үшін елде орын алған төтенше жағдайлар кезінде әскерге шақырылған адамдар қандай құқыққа ие екенін көпшілікпен бірге талдай бастау керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Кұқықтық құжаттар

Адам және халықтар құқығы жөніндегі Африка хартиясы (1981 ж. 27 маусымда қабылданып, 1986 ж. 21 қазанда күшіне енді). <https://treaties.un.org/doc/Publication/UNTS/Volume%201520/volume-1520-I-26363-English.pdf>.

Адам құқығы жөніндегі Америка конвенциясы (1969 ж. 22 қарашада қабылданып, 1978 ж. 18 шілдеде күшіне енді). <https://treaties.un.org/doc/publication/unts/volume%201144/volume-1144-i-17955-english.pdf>

Адам құқығы және міндеттері жөніндегі Америка декларациясы (1948 ж. 2 мамырда қабылданды). https://www.oas.org/dil/access_to_information_human_right_American_Declaration_of_the_Rights_and_Duties_of_Man.pdf

Азаптауға және қатыгез, адамшылыққа жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын әрекет немесе жазаға қарсы конвенция (1984 ж. 10 желтоқсанда қабылданып, 1987 ж. 26 маусымда күшіне енді). <https://treaties.un.org/doc/Publication/UNTS/Volume%201465/volume-1465-I-24841-English.pdf>

Өндірісте денсаулықты қорғау қызметі туралы конвенция (№161) (1985 ж. 25 маусымда қабылданып, 1988 ж. 17 ақпанда күшіне енді). https://www.ilo.org/dyn/normlex/en/f?p=NORMLEXPUB:12100:0::NO::P12100_ILO_CODE:C161

Еңбек және өндірістік орта қауіпсіздігі және гигиенасы туралы конвенция (№155) (1981 ж. 22 маусымда қабылданып, 1983 ж. 11 тамызда күшіне енді). https://www.ilo.org/dyn/normlex/en/f?p=NORMLEXPUB:12100:0::NO::P12100_ILO_CODE:C155

Толық емес жұмыс күні туралы конвенция (№175) (1994 ж. 24 маусымда қабылданып, 1998 ж. 28 ақпанда күшіне енді). https://www.ilo.org/dyn/normlex/en/f?p=NORMLEXPUB:12100:0::NO::P12100_ILO_CODE:C175

Өндіріс орындарында апталық демалысқа шығу құқығын іске асыру туралы конвенция (№14) (1921 ж. 17 қарашада қабылданып, 1923 ж. 19 маусымда күшіне енді). https://www.ilo.org/dyn/normlex/en/f?p=NORMLEXPUB:12100:0::NO::P12100_ILO_CODE:C014

Сауда орындары мен мекемелерде апталық демалысқа шығу туралы конвенция (№106) (1957 ж. 26 маусымда қабылданып, 1959 ж. 4 наурызда күшіне енді). https://www.ilo.org/dyn/normlex/en/f?p=NORMLEXPUB:12100:0::NO::P12100_ILO_CODE:C106

Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық түрін жою туралы конвенция (1979 ж. 18 желтоқсанда қабылданып, 1981 ж. 3 қыркүйекте күшіне енді). <https://www.ohchr.org/en/professionalinterest/pages/cedaw.aspx>

Еуропа әлеуметтік хартиясы (Қайта қаралған нұсқа) (ETS No. 163) (қол қоюға 1996 ж. 3 мамырда жіберіліп, 1999 ж. 1 шілдеде күшіне енді). <https://rm.coe.int/168007cf93>

Мәжбүрлі еңбек туралы конвенция (1930 ж. 28 маусымда қабылданып, 1932 ж. 1 мамырда күшіне енді). https://www.ilo.org/dyn/normlex/en/f?p=1000:12100:0::NO::P12100_ILO_CODE:C029

Нәсілдік кемсітудің барлық түрін жою туралы Халықаралық конвенция (1965 ж. 21 желтоқсанда қабылданып, 1969 ж. 4 қаңтарда күшіне енді). <https://www.ohchr.org/en/professionalinterest/pages/cerd.aspx>

Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Халықаралық пакт (1966 ж. 16 желтоқсанда қабылданып, 1976 ж. 23 наурызда күшіне енді). https://treaties.un.org/doc/Treaties/1976/03/19760323%2006-17%20AM/Ch_IV_04.pdf

Еңбек қауіпсіздігі және гигиенасы жөніндегі Конвенцияның 2002 жылғы Хаттамасы (№155) (2002 ж. 20 маусымда қабылданып, 2005 ж. 9 ақпанда күшіне енді). https://www.ilo.org/dyn/normlex/en/f?p=NORMLEXPUB:12100:0::NO::P12100_ILO_CODE:P155

1930 ж. Мәжбүрлі еңбек жөніндегі Конвенцияның 2014 жылғы Хаттамасы (2014 ж. 11 маусымда қабылданып, 2016 ж. 9 қарашада күшіне енді). https://www.ilo.org/dyn/normlex/en/f?p=NORMLEXPUB:12100:0::NO::P12100_ILO_CODE:P029

Адам құқығы мен негізгі бостандықтарды қорғау жөніндегі Конвенцияның Конвенция мен оның Бірінші хаттамасында берілген құқықтар мен бостандықтардан басқасын қамтамасыз ету туралы №4 хаттамасы (1963 ж. 16 қыркүйекте қол қоюға жіберіліп, 1968 ж. 2 мамырда күшіне енді). https://www.echr.coe.int/Documents/Library_Collection_P4postP11_ETS046E_ENG.pdf

Адам құқығы және негізгі бостандықтарды қорғау туралы конвенция Хаттамасы (1952 ж. 20 наурызда қол қоюға жіберіліп, 1954 ж. 18 мамырда күшіне енді). https://www.echr.coe.int/Documents/Convention_ENG.pdf

Негізгі құқықтар туралы Еуропа Кеңесі хартиясы (2000 ж. 7 желтоқсанда таныстырылып, 2009 ж. 1 желтоқсанда күшіне енді). <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/HR/TXT/?uri=celex:12012P/TXT>

Адам құқығы және негізгі бостандықтарды қорғау туралы конвенция (1950 ж. 4 қарашада қол қойылып, 1953 ж. 3 қыркүйекте күшіне енді). https://www.echr.coe.int/documents/convention_eng.pdf

Адам құқықтары жөніндегі жалпыға бірдей Декларация (Бас Ассамблея 1948 ж. 10 желтоқсанда қабылдады). https://www.ohchr.org/EN/UDHR/Documents/UDHR_Translations/eng.pdf

БҰҰ Бас Ассамблеясы. Барлық адамды азаптаудан, басқа да қатыгез, адамшылыққа жатпайтын немесе ар-намысын қорлайтын әрекет немесе жаза түрінен қорғау туралы декларацияны қамтитын Қарар 3452 (XXX) 09/12/1975. <https://www.ohchr.org/en/professionalinterest/pages/declarationtorture.aspx>

Сот тәжірибесі

Геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау туралы конвенцияны қолдану («Хорватия Сербияға қарсы»), Халықаралық сот шешімі (Құқықтық баға, 2015 ж. 3 ақпан). <https://www.icj-cij.org/public/files/case-related/118/118-20150203-JUD-01-00-EN.pdf>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Абдулла Илмаз (Abdullah Yılmaz) Түркияға қарсы» ісі (21899/02), 17.09.2008. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-87046>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Энвер Айдемир (Enver Aydemir) Түркияға қарсы» ісі (26012/11), 07.09.2016. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-163456>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Фети Демирташ (Feti Demirtaş) Түркияға қарсы» ісі (5260/07), 17.04.2012. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-108617>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Килинч (Kilinç) және басқалары Түркияға қарсы» ісі (40145/98), 07.09.2005. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-69269>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Мушфиг Маммадов (Mushfig Mammadov) және басқалары Әзербайжанға қарсы» ісі (14604/08), 17.01.2020. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-197066>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Пулатли (Pulatlı) Түркияға қарсы» ісі (38665/07), 26.07.2011. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-104638>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Савда (Savda) Түркияға қарсы» ісі (42730/05), 12.09.2012. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-111414>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ябансу (Yabansu) және басқалары Түркияға қарсы» ісі (43903/09), 12.02.2014. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-128041>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Адян (Adyan) және басқалары Арменияға қарсы» ісі (75604/11), 12.01.2018. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-177429>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Бартик (Bartik) Ресейге қарсы» ісі (55565/00), 21.03.2007. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-78792>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Баятян (Bayatyan) Арменияға қарсы» ісі (23459/03), 07.07.2011. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-105611>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Буамар (Boamar) Бельгияға қарсы» ісі (9106/80), 29.02.1988. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-57445>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ченгиз (Cengiz) және басқалары Түркияға қарсы» ісі (48226/10 және 14027/11), 01.03.2016. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-159188>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Чембер (Chember) Ресейге қарсы» ісі (7188/03), 01.12.2008. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-87354>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Китос (Chitos) Грецияға қарсы» ісі (51637/12), 19.10.2015. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-155209>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Купер (Cooper) Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (48843/99), 16.12.2003. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-61549>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Энгел (Engel) және басқалары Нидерландыға қарсы» ісі (5100/71; 5101/71; 5102/71; 5354/72; 5370/72), 08.06.1976. <http://hudoc.echr.coe.int/tur?i=001-57479>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Эрдел (Erdel) Германияға қарсы» ісі (30067/04), 13.02.2007. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-79618>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Георгиадис (Georgiadis) Грецияға қарсы» ісі (21522/93), 29.05.1997. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58037>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Григориадес (Grigoriades) Грецияға қарсы» ісі (121/1996/740/939), 25.11.1997. <http://hudoc.echr.coe.int/app/conversion/pdf/?library=ECHR&id=001-58116&filename=001-58116.pdf>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Хаджианастассиу (Hadjianastassiou) Грецияға қарсы» ісі (12945/87), 16.12.1992. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-57779>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Хаттон (Hatton) және басқалары Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (36022/97), 08.07.2003. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-61188>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ирландия Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (5310/71), 18.01.1978.: <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-57506>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Йаллох (Jalloh) Германияға қарсы» ісі (54810/00), 11.07.2006. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-76307>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Джеймс (James) және басқалары Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (8793/79), 21.02.1986. <http://hudoc.echr.coe.int/eng/?i=001-57507>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Йокшас (Jokšas) Литваға қарсы» ісі (25330/07), 12.11.2013. <http://hudoc.echr.coe.int/fre?i=001-128039>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Калаш (Kalaş) Түркияға қарсы» ісі (20704/92), 01.07.1997. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58042>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Константин Маркин Ресейге қарсы» ісі (30078/06), 22.03.2012. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-109868>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты «Крузлен (Kruslin) Францияға қарсы» ісі (11801/85), 24.04.1990. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-57626>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Лустиг-Прин (Lustig-Prean) және Беккет (Beckett) Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (31417/96 и 32377/96), 27.12.1999. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58407>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Лялякин (Lyalyakin) Ресейге қарсы» ісі (31305/09), 14.09.2015. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-152726>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «М. А. К. (M. A. K.) және Р. К. (R. K.) Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (45901/05 және 40146/06), 23.06.2010. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-97880>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Малик Бабаев (Malik Babayev) Әзербайжанға қарсы» ісі (30500/11), 01.09.2017. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-173776>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Макканн (McCann) және басқалары Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (18984/91), 27.09.1995. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-57943>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Мосендз (Mosendz) Украинаға қарсы» ісі (52013/08), 17.04.2013. <http://hudoc.echr.coe.int/fre?i=001-115887>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Мурадян (Muradyan) Арменияға қарсы» ісі (11275/07), 24.02.2017. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-168852>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ньюс Верлагс ГмбХ енд Ко. КГ (News Verlags GmbH & Co.KG) Австрияға қарсы» ісі (31457/96), 11.04.2000. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58587>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Обзервер» (Observer) және «Гардиан» (Guardian) Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (13585/88), 26.11.1991. <http://hudoc.echr.coe.int/tur?i=001-57705>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Осман (Osman) Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (87/1997/871/1083), 28.10.1998. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58257>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Папавасилакис (Papavasilakis) Грецияға қарсы» ісі (66899/14), 15.09.2016. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-166850>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2016. Құқықтық резюме – «Папавасилакис (Papavasilakis) Грецияға қарсы» ісі (66899/14). <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=002-11317>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Переведенцевтер (Perevedentsevy) Ресейге қарсы» ісі (39583/05), 13.10.2014. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-142516>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Плачи (Placi) Италияға қарсы» ісі (48754/11), 21.04.2014. <http://hudoc.echr.coe.int/fre?i=001-140028>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «П. Т. (P. T.) Молдова Республикасына қарсы» ісі (1122/12), 26.08.2020. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-202520>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ранинен (Raninen) Финляндияға қарсы» ісі (152/1996/771/972 -өтініш №20972/92), 16.12.1997. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58123>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ранцев (Rantsev) Кипр мен Ресейге қарсы» ісі (25965/04), 07.01.2010. https://www.unodc.org/res/cld/case-law/2010/case_of_rantsev_v_russia_application_no_2596504.html/Rantsev_vs_Cyprus_and_Russia.pdf.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Реквеньи Венгрияға қарсы» ісі, 20.05.1999. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58262>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Сейдич (Sejdić) және Финчи (Finci) Босния мен Герцеговинаға қарсы» ісі (27996/06 және 34836/06), 22.12.2009. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-96491>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Сергей Шевченко Украинаға қарсы» ісі (32478/02), 04.07.2006. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-73040>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Смит (Smith) және Грейди (Grady) Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (33985/96 и 33986/96), 27.12.1999. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-58408>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Солтысяк (Soltysyak) Ресейге қарсы» ісі (4663/05), 20.06.2011. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-103354>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Стяжкова (Styazhkova) Ресейге қарсы» ісі (14791/04), 14.01.2020. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-200311>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Тарсасаг а Жабадсагйогокерт (Társaság a Szabadságjogokért) Венгрияға қарсы» ісі (37374/05), 14.07.2009. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-92171>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Таймс Ньюспейпа Лтд (Times Newspapers Ltd)» (№1 және 2) Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (3002/03 және 23676/03), 10.06.2009. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-91706>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Тюм Хабер Сен (Tüm Haber Sen) және Цинар (Çinar) Түркияға қарсы» ісі (28602/95), 21.05.2006. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-72521>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ван дер Мусселе (Van der Mussele) Бельгияға қарсы» ісі (8919/80), 23.11.1983. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-57591>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Австрия демократиялық сарбаздары қауымдастығы (Vereinigung demokratischer Soldaten Österreichs) және Губи (Gubi) Австрияға қарсы» ісі (15153/89), 19.12.1994, <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-57908>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Уингроув (Wingrove) Біріккен Корольдікке қарсы» ісі (17419/90), 25.11.1996. <http://hudoc.echr.coe.int/webservices/content/pdf/001-58080>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Янков (Yankov) Болгарияға қарсы» ісі (39084/97), 11.03.2004. <http://hudoc.echr.coe.int/fre?i=001-61539>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Адам құқығын қорғау жөніндегі жастар бастамасы Сербияға қарсы» (48135/06), 25.09.2013. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-120955>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Залян (Zalyan) және басқалары Арменияға қарсы» ісі (36894/04 және 3521/07), 17.06.2016. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-161408>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Владимир Руяк (Vladimir Rujak) Хорватияға қарсы» ісіне қатысты бірінші шешім (57942/10), 02.10.2012. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-114145>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Ренате Сашманн (Renate Saszmann) Австрияға қарсы» ісі (23697/94), 27.02.1997. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-3488>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. «Седат ЗЕН (Sedat ŞEN) және басқалары Түркияға қарсы» (45824/99), 08.07.2003. <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=001-23320>.

Бұрынғы Югославияға қатысты Халықаралық қылмыстық трибунал. «Прокурор Анто Фурунд'иджаға қарсы (Anto Furund`ija)», 10.12.1998. <https://www.icty.org/x/cases/furundzija/tjug/en/fur-tj981210e.pdf>.

Сот тергеуін жүргізу немесе қылмыскерді ұстап беру міндетіне қатысты мәселелер («Бельгия Сенегалға қарсы»), Халықаралық сот шешімі (Құқықтық баға, 20 шілде 2012 ж.). <https://www.icj-cij.org/public/files/case-related/144/144-20120720-JUD-01-00-EN.pdf>.

Басқа дереккөздер

Aaron A. Ostrovsky. 2005. What's so Funny about Peace, Love, and Understanding? How the Margin of Appreciation Doctrine Preserves Core Human Rights within Cultural Diversity and Legitimises International Human Rights Tribunals, *Hanse Law Review*, Vol. 1.

Aisling Reidy. 2002. The prohibition of torture: A guide to the implementation of Article 3 of the European Convention on Human Rights. Доступно по: <https://rm.coe.int/168007ff4c>.

Anna-Lena Svensson-McCarthy. 1998. The International Law of Human Rights and States of Exception with special reference to the travaux préparatoires and case-law of the international monitoring organs. Brill.

Charlie Savage. U.S. Seems Unlikely to Accept that Rights Treaty Applies to Its Actions Abroad, The New York Times, 6 March 2014. Доступно по: <https://www.nytimes.com/2014/03/07/world/us-seems-unlikely-to-accept-that-rights-treaty-applies-to-its-actions-abroad.html>.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі комиссия. Бас қосу және жиын өткізу бостандығы. <https://www.csce.gov/issue/freedom-association-and-assembly>.

Consultant.ru. 2020. 37 бап. Әскери қызмет міндетін атқару. [онлайн] http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_18260/c133ea4f8b0bae92750182a8748f87e45c560878/

Еуропа Кеңесі – Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты тәжірибесіне шолу 2015 (Wolf Legal Publishers, 2016). https://www.echr.coe.int/Documents/Short_Survey_2015_ENG.pdf.

Еуропа кеңесі: БАҚ және ақпараттық қоғам жөніндегі Басқарушы комитет. 2014. 1197 Кеңес – 5 БАҚ «Интернет қолданушыларына қатысты министрлер комитетінің қатысушы мемлекеттерге берген ұсынысы CM/Rec(2014)6 – түсіндірме меморандум». https://search.coe.int/cm/Pages/result_details.aspx?ObjectID=09000016805c6f85#P118_25200.

Еуропа кеңесі. Ұсыныс 1742 (2006), Әскери қызметкерлердің адам құқығы. Парламенттік ассамблея, 10.1.8 п. <http://assembly.coe.int/nw/xml/XRef/Xref-XML2HTML-en.asp?fileid=17424&lang=en>.

Еуропа кеңесі. Бас қосу және жиын өткізу бостандығы. <https://www.coe.int/en/web/echr-toolkit/la-liberte-de-reunion-et-dassociation>.

Еуропа кеңесі: Министрлер комитеті. 2010. Министрлер комитетінің әскери қызметкерлер құқығына қатысты қатысушы мемлекеттерге берген ұсынысы CM/Rec(2010)4 және түсіндірме меморандум. <https://policehumanrightsresources.org/content/uploads/2016/06/CoE-Guidelines-on-Human-Rights-of-members-of-the-armed-forces.pdf?x96812>.

Еуропа кеңесі. 2013. Ұлттық қауіпсіздік және Еуропа сот тәжірибесі. https://www.echr.coe.int/Documents/Research_report_national_security_ENG.pdf.

Корольдік прокуратура қызметі. 2019. Адам құқығы және қылмыстық қудалау: Жалпы қағидалары (Құқықтық нұсқаулық). <https://www.cps.gov.uk/legal-guidance/human-rights-and-criminal-prosecutions-general-principles>.

ЕҚЫК Копенгаген кездесуі құжаты. 1990 ж. <https://www.osce.org/odhr/elections/14304?download=true&DCAF>, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ. 2008. Адам құқығы мен әскери қызметкерлердің негізгі бостандықтарына арналған анықтама. ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқығы жөніндегі Бюрода жарық көрді. <https://www.dcaf.ch/sites/default/files/publications/documents/HandbookHumanRightsArmedForces-080409.pdf>.

№213 Келісім туралы нақты ақпарат, Адам құқығы және негізгі бостандықтарды қорғау жөніндегі конвенцияға өзгеріс енгізу туралы №15 Хаттама. <https://www.coe.int/en/web/conventions/full-list/-/conventions/treaty/213>.

ЕҚЫК Адами өлшем жөніндегі конференцияның Копенгаген кеңесі құжаты. 29.06.1990. <https://www.osce.org/odhr/elections/14304?download=true>, 9.6 п.

Dominika Bychawska-Siniarska. 2017. Protecting the right to freedom of expression under the European Convention on Human Rights: A handbook for legal practitioners. Council of Europe. <https://rm.coe.int/handbook-freedom-of-expression-eng/1680732814>.

Адам теңдігі және құқығы жөніндегі комиссия. Жеке және отбасы өміріңізді қорғау. <https://www.equalityhumanrights.com/en/human-rights-act/article-8-respect-your-private-and-family-life>.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2020. Ақпараттық бюллетень – Діни немесе басқа да сенімдерге байланысты әскери қызметтен бас тарту. https://www.echr.coe.int/Documents/FS_Conscientious_objection_ENG.pdf.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2020. Ақпараттық бюллетень – Жаңа технологиялар. https://www.echr.coe.int/Documents/FS_New_technologies_ENG.pdf.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2020. Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясының 11 бабын қолдануға арналған нұсқаулық: Жиын өткізу және бас қосу құқығы https://www.echr.coe.int/Documents/Guide_Art_11_ENG.pdf.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2020. Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясының 14 бабы мен Конвенцияның №12 Хаттамасының 1 бабын қолдануға арналған нұсқаулық. https://www.echr.coe.int/Documents/Guide_Art_14_Art_1_Protocol_12_ENG.pdf.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2018. Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясының 18 бабын қолдануға арналған нұсқаулық https://www.echr.coe.int/Documents/Guide_Art_18_ENG.pdf.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2020. Адам құқығы жөніндегі Еуропа конвенциясының 5 бабын қолдануға арналған нұсқаулық: – Бостандық және жеке бас қауіпсіздігі құқығы https://www.echr.coe.int/Documents/Guide_Art_5_ENG.pdf.

Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты. 2016. «Энвер Айдемир (Enver Aydemir) Түркияға қарсы» ісі бойынша құқықтық резюме (26012/11). <http://hudoc.echr.coe.int/eng?i=002-11230>.

Фридом Хаус (Freedom House). Пікірін білдіру бостандығы <https://freedomhouse.org/issues/freedom-expression>

Gudmundur Alfredsson and Asbjørn Eide. (1999). The Universal Declaration of Human Rights: A common Standard of Achievement. *Martinus Nijhoff Publishers*.

Guillaume Le Blond. 2008. Military Discipline. Доступно по: <http://hdl.handle.net/2027/spo.did2222.0000.967>.

Адам құқығы жөніндегі комитеттің 102 сессиясы, 2011 ж. 11–29 шілде. Жалпы тәртіптегі ескертулер №34. <https://www2.ohchr.org/english/bodies/hrc/docs/gc34.pdf>

ХҚК, Халықаралық қылмысқа қатысты мемлекеттерге артылатын жауапкершілік туралы баптар жобасы түсіндірмелермен бірге, 2001 ж. https://legal.un.org/ilc/texts/instruments/english/commentaries/9_6_2001.pdf.

Арнайы баяндамашының азаптау және басқа да қатыгез, адамшылыққа жатпайтын және ар-намысты қорлайтын әрекет немесе жаза түрі туралы аралық баяндамасы (A/70/303), 2015 ж..

Азаматтық және саяси құқықтар туралы Пакт жөніндегі Халықаралық комитет. Он алтыншы сессия (1982): Жалпы тәртіптегі ескертулер №6: 6 бап (Өмір сүру құқығы).

Халықаралық татуласу келісімдері. Мерзімі көрсетілмеген. Адам құқығы жөніндегі Кеңесінің 35/14 қарарына сай БҰҰ Адам құқығы жөніндегі Жоғарғы комиссары басқармасы танысу үшін ұсынған Жастар құқығы туралы материалдар. https://www.ohchr.org/_layouts/15/WopiFrame.aspx?sourcedoc=/Documents/Issues/Youth/IFOR.doc&action=default&DefaultItemOpen=1.

Халықаралық әділ сот төрелігі жөніндегі ресурс орталығы. Өмір сүру құқығы. Шолу. <https://ijrcenter.org/thematic-research-guides/right-to-life/>

Jean-François Akandji-Kombe. 2007. Positive obligations under the European Convention on Human Rights: A guide to the implementation of the European Convention on Human Rights. <https://rm.coe.int/168007ff4d>.

Jean-François Renucci. 2005. Introduction to the European Convention on Human Rights – The rights guaranteed and the protection mechanism (Council of Europe Publishing). [https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-01\(2005\).pdf](https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-01(2005).pdf)

Jennifer Mittelstadt. 2011. “The Army is a Service, Not a Job”: Unionization, Employment, and the Meaning of Military Service in the Late-Twentieth Century United States. In *International Labor and Working-Class History*. Cambridge University Press.

John Stuart Mill. 1863. On Liberty. Boston: *Ticknor and Fields*.

Karen Reid. 2015. A Practitioner’s Guide to the European Convention on Human Rights (5th Edition, Sweet and Maxwell).

АҚЖКБ, АСҚХП жалпы тәртіптегі ескертулер №20: 7 бап (Азаптауға немесе қатыгез, адамшылыққа жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын әрекет немесе жазаға тыйым салу) 1992 ж. 10 наурызында Адам құқығы жөніндегі Комитеттің 44 сессиясында қабылданды.

ЕҚЫҰ. 1994. Қауіпсіздіктің әскери-саяси аспектісіне қатысты мінез-құлық кодексі. 1994 ж. 3 желтоқсан. <https://www.osce.org/fsc/41355?download=true>.

ЕҚЫҰ. Қарулы күштердегі сөз бостандығы және пікір білдіру бостандығы Варшавадағы ДИАҚБ мен ӘҚКЕҰ талқылауларының негізгі тақырыбы ретінде, 17 қыркүйек, 2018 ж. <https://www.osce.org/odihr/395732>

Phillip Leach. 2017. Taking a Case to the European Court of Human Rights" (4th edition, Oxford).

Rod Nordland, 5 November 2011. General Fired Over Karzai Remarks. New York Times. <https://www.nytimes.com/2011/11/06/world/asia/us-general-fired-over-remarks-about-karzai.html>

Sarah Cleveland. 2014. The United States and the Torture Convention, Part I: Extraterritoriality, Just Security. <https://www.justsecurity.org/17435/united-states-torture-convention-part-i-extraterritoriality/>.

Stefan Kirchner & Vanessa Maria Frese. 2014. The Freedom of Expression of Members of the Armed Forces Under the European Convention on Human Rights in Jokšas v. Lithuania. Baltic Journal of Law & Politics 7:1.

Steven Greer. 1997. The exceptions to Articles 8 to 11 of the European Convention on Human Rights (Council of Europe Publishing). [https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-15\(1997\).pdf](https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-15(1997).pdf).

Steven Greer. 2000. The Margin of Appreciation: Interpretation and Discretion under the European Convention on Human Rights (Council of Europe Publishing). [https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-17\(2000\).pdf](https://www.echr.coe.int/LibraryDocs/DG2/HRFILES/DG2-EN-HRFILES-17(2000).pdf).

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі БҰҰ Комитеті, «Жалпы тәртіптегі ескертулер №9: Пактінің ішкі қолданысы », E/C.12/1998/24, 1998 ж. 3 желтоқсан. <https://www.refworld.org/docid/47a7079d6.html>.

William A. Schabas. 2015. The European Convention on Human Rights: A Commentary. Oxford University Press.

Хроленко А., 2020. "Икс" дней до приказа: почему армии Узбекистана не страшен коронавирус. [online] Sputnik Узбекистан. <https://uz.sputniknews.ru/columnists/20200406/13865628/lks-dney-do-prikaza-pochemu-armii-Uzbekistana-ne-strashen-koronavirus.html>

DCAF Қауіпсіздік
секторын басқару
жөніндегі Женева
орталығы

20 ЖЫЛ

DCAF Geneva Headquarters

P.O.Box 1360

CH-1211 Geneva 1

Switzerland

✉ info@dcaf.ch

☎ +41 (0) 22 730 9400

www.dcaf.ch

🐦 @DCAF_Geneva